Н. О. ОРАЛБАЕВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

Н. ОРАЛБАЕВА

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ

Қазақ ССР-інің «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ · 1988

Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімнің сөзжасам жүйесі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 104 б.

Кітапта тілдің жалпы сөзжасам жүйесінен қысқаша мәлімет беріліп, сан есімнің сөзжасам жүйесі сипатталады, оның басқа сөз таптарының сөзжасамынан ерекшеліктері көрсетіледі. Сан есім сөзжасамының негізгі тәсілдері көрсетіліп, олардың сөзжасам жүйесінен алатын орны, атқаратын қызметі айтылған. Сан есімнің әр лексико-семантикалық тобының жасалуы көрсетілген. Күрделі сандардың жасалу модельдері беріліп, олардың әрқайсысы арқылы қанша күрделі сандардың жасалғаны берілген.

Кітап филология факультеттерінің студенттері мен оқушыларға, аспиранттар мен ғылыми қызметкерлерге арналады.

Жауапты редакторы

Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі

М. БАЛАКАЕВ

О $\frac{4602000000-056}{407(05)-88}$ 132.88

ISBN 5—628—00132—5

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тілі бай тілдердің біріне жатады. Оның лексикасы сан алуан жүйелі сөздер мен оның мағыналарынан тұрады. Қазақ тілінің байлығын Абай, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин сияқты қазақ әдебиетінің классик жазушыларының әлемге әйгілі шығармалары паш етеді. Ал Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты шығарған он томдық түсіндірме сөздік — ана тіліміздің байлығының нақтылы көрсеткіші. Әр томы алпыс-жетпіс баспа табақтан тұратын, алпыс жеті мың реестр сөзді қамтыған он томдық түсіндірме сөздіктің өзінде қазақ тілінің сөз байлығын толық қамтымағанын ескерсек, тіліміздің бай лексикасын бағдарлауға әбден болады.

Ана тіліміздің мұншама бай сөздік құрамы бірден қалыптаса қалған жоқ. Тілдің бай лексикасы үнемі толығып, дамып отырады. Басқаша айтқанда, тілдің сөздік құрамының толығып отыруы — үнемі болып отыратын процесс. Тілдің лексикасының үздіксіз даму процесі экстралингвистикалық факторларға тығыз байланысты. Қоғамның дамуы, адам санасының өсуіне байланысты өмірде жаңа заттар мен ұғымдар пайда болады да, оларды атау қажеттігі туады. Осы қажеттікті өтеу үшін жаңа сөздер жасалады, кейде жаңа сөздер басқа тілдерден де алынады. Оған Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ тіліне орыс тілінен енген сөздер тобын дәлелге келтіруге болады. Алайда басқа тілден сөз қабылдау тілдің дамуы мен баюында белгілі орын алғанымен, тіліміздің сөздік құрамының баюында негізгі қызметті қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атқарады, өйткені қазақ тілінің қа-

лыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол арқылы тілде жаңа сөздер жасалады да, тіліміздің сөздік қорын үнемі байытып отырады.

Тілдің сөздік қорын байытып, оның икемділігін арттыратын, қандай күрделі ой болса да, оны нақтылы, дәл жеткізуге мүмкіншілігі мол құдыретті тіл болып қалыптасудың бір тетігі тілдің сөзжасам жүйесіне байланысты. Осының өзі сөзжасамның тілде атқаратын қызметі мен оның маңызын анық байқатады.

Сан есім сөзжасамында бірсыпыра талас мәселелер бар. Мысалға күрделі сан атаулары сөзжасам заңдылықтары бойынша жасалған туынды сөздер тобына жата ма деген сұраққа қазақ тіл білімінен жауап табу қиын. Ал күрделі сан атауларының нақтылы құрамы, тілдегі саны және олар жасалған модельдер туралы ешбір мағлұмат жоқ. Сонымен бірге сан есімнің семантикалық топтарының жасалу жолы көрсетілгенімен, олардың тілдің сөзжасам жүйесіне қатысы да нақтылы шешілмеген деуге болады.

Сан есім сөзжасамына қатысты көп даулы мәселелер тілдің жалпы сөзжасам жүйесіне байланысты қаралғанда ғана, дұрыс шешім табады. Сондықтан сан есім сөзжасамына тоқталмас бұрын, тілдің сөзжасам жүйесінің кейбір жалпы мәселелерінен мағлұмат беруді жөн көрдік.

СӨЗЖАСАМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Сан есімнің сөзжасамы тіліміздің сөзжасам жүйесінің жеке бір мәселесіне жатады. Сондықтан сан есім сөзжасамының тілдің жалпы сөзжасам жүйесімен ортақ мәселелері, заңдылықтары болатыны сөзсіз. Осы жағдай ескеріліп, алдымен тілдің жалпы сөзжасамы туралы қысқаша мәлімет беріп, содан кейін сан есім сөзжасамына көшуді дұрыс көрдік.

Сөзжасам өз алдына зерттеу объектісі бар тіл білімінің жеке саласы. Сөзжасам объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік элементтер, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөзжасам үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы сияқты күрделі мәселелер жатады. Бір сөзбен айтқанда, сөзжасам тілдің сөзжасам жүйесін зерттейді.

Қазақ тілінің қазіргі кезде әбден қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар, ол әрине, ұзақ уақыттағы дамудың нәтижесі. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің негізі көне түркі тілінен (ең көне жазба ескерткіштер тілі) басталып, содан бері дамып, толығып, күрделеніп, сұрыпталып, екшеле келіп, қазіргі жүйелі дәрежеге жеткен.

Қай тілде де сөзжасам ертеден келе жатқан тілдік құбылысқа жататыны белгілі. Түркі тілдерінің ең көне жазба ескерткіштерінің тілі бұл мәселеге толық куә бола алады. Көне жазба ескерткіштер тілінде негізгі түбір сөздермен қатар туынды сөздер болғаны белгілі. Олар: туынды түбір, күрделі сөз, бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы түрінде кездеседі. Басқаша айтқанда, көне жазба ескерткіштер тілінде жаңа сөз жұрнақтар арқылы

(тір-іг, біл-іг, ур-уш, пел-ме, өт-унч), сөздердің тіркесуі арқылы жасалды (*күн-түз, Темірқапыг, Қара-құм, Алтеріс, арқыш-тіркіш, секіз он, йеті йүз*), сол сияқты бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуы да сөзжасам жүйесіне жатады: (*қат,* 1) *қабат, қатар,* 2) *жеміс,* 3) *жануардың аты,* 4) *қату,* 5) *араластыру*). Келтірілген мысалдар көне түркі тілінде сөзжасамның синтетикалық, аналитикалық, семантикалық тәсілдері болғанын анық көрсетіп тұр.

Г. Айдаров жазба ескерткіштер тілінде сөзжасам тәсілдерінің түрлілігін, оның тілдің даму тарихында біртіндеп қалыптасқанын айтады[1]. Сонымен бірге ол көне жазба ескерткіштер тілінде сөзжасамның қазіргі тірі формаларының бәрі дерлік барын және өлі формалардың да кездесетінін айтады.

Бұдан тілдің сөзжасам жүйесі көне құбылыстарға жататыны анық байқалады. Өйткені сөз жасаушы элементтер, сөз жасаудың тәсілдері, модельдері күнде құбылатын, күнде жаңаратын құбылыстар емес. Алайда сөзжасам жүйесі тілдің даму процесінен де тыс қала алмайды. Сондықтан сөзжасам жүйесінде де өзгеріс болады, бірақ ол өте баяу болады және ол көбіне тілде бар модельдердің белгілі бір кезеңде активтенуі, не пассивтенуі, мағынасының кеңеюі, кейбір типтердің қолданудан шығуы сияқты өзгерістер ретінде болады. Мысалға көне жазба ескерткіштер тіліндегі туынды сөздер санымен қазіргі тілдегі туынды сөздер саны бір емес, қазіргі тіл туынды сөздерге өте бай. Тілдің туынды сөздермен толығуының экстралингвистикалық факторларға қатысын былай қойғанда, оның сөзжасам жүйесіне де тікелей қатысы бар.

Көне жазба ескерткіштер тілінде сөзжасамның синтетикалық тәсілі болды, бірақ әр сөз табының сөз тудырушы жұрнақтары санаулы ғана еді. Ал қазір де синтетикалық тәсіл сөзжасамда үлкен қызмет атқарады, тіл сөз тудырушы жұрнаққа өте бай, сөзжасам жүйесі жұрнақтар арқылы толыққан, бірақ сөзжасамдық жұрнақтардың тілге қосылғанын өте көне жазба ескерткіштер тілі мен қазіргі тілді салыстыру арқылы көру жеңіл, осы екі арада талай ғасырлар өткенін еске алсақ, мұндай дамудың өте баяулығын байқауға болады. Сөйтіп, тілдің сөзжасам жүйесінің сөзжасамдық жаңа элемент-

[1] *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. Алма-Ата, 1971. С. 157.

термен, әсіресе, жаңа қосымшалармен толығып отыруы жиі болып тұратын құбылыска жатпайды. Соңғы 40—50 жылдың ішінде қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне қосылған жұрнақтар өте мардымсыз. Жаңа жұрнақтар арқылы сөзжасам элементтерінің соңғы кезеңдерде көбеюіне — *хана* сияқты жұрнақтарды келтіруге болады. Ал ол арқылы тілде талай сөздер жасалды: *емхана, кітапхана, баспахана, жатақхана, наубайхана* т. б. орыс тілінен енген сөздердің құрамында біраз жұрнақтар енді, мысалға фамилияға қатысты жұрнақтар қазақ тілінде өбден орнықты.

Сөзжасамдық жұрнақтардың толығуы жұрнақтардың бір-бірімен тұлға, мағына жағынан кірігуі арқылы да болып отырады, оған тілдегі күрделі жұрнақтарды келтіруге болады. Мысалы: **-дас<-да+с, -лан<-ла+н, -ғанша<-ған+ша-, -малы<-ма+лы, -ушы<-у+шы, -дықтан<-дық+тан** т. б.

Тілдің сөзжасам жүйесінің күрделенуі баюы, толығуы көбіне сөзжасамдық жұрнақтардың мағыналық құрамының кеңеюі арқылы болады.

Қосымшалардың мағына жағынан дамуы өте ерте басталған. Мысалы **-ғы, -қы** қосымшасы ең көне жазба ескерткіш — орхон жазбаларында да әрі заттық мағына, әрі сындық мағына берген. Ал **-ыг, -іг** жұрнағы көне жазба ескерткіштердің өзінде көп мағыналы қосымша болған. Мысалы, *біліг* сөзінде дерексіз заттық ұғым жасаса, *учук* дегенде жанды заттың атын жасаған, яғни ол құс деген сөз. Сондай-ақ *бітіг* дегенде жазу, жазба деген ұғым беріп, жоғарыдағы келтірілген мағыналардан да басқа ұғым туғызып тұрғаны көрініп тұр.

Бұдан шығатын қорытынды Орхон жазбалары кезеңінде қосымшалардың семантикалық жағынан даму процесі болған. Бұл процесс тілдің даму тарихында үздіксіз жүріп отырған, сондықтан оны тіл дамуына тән негізгі заңдылықтардың бірі ретінде қараған дұрыс. Осы заңдылықтың нәтижесінде тілде көп мағыналы қосымшалардың саны көбейген. Қазіргі тіліміз көп мағыналы қосымшаларға өте бай. Мысалға **-дық/-дік, -тық/-тік, -лық/лік** жұрнағы қазақ тілінде екі сөз табына жатады. Олар — зат есім және сын есім. Осы жұрнақтың екі сөз табына бірдей қатысты болуы оның сөзге заттық мағына беріп, зат есімдер жасауына және заттың сындық белгісін білдіріп, сын есім сөздер жасауына тікелей байланысты.

Одан қосымшаның мүлдем екі басқа мағына беретін омоним қосымша екенін көруге болады. Рас **-лық** қосымшасының мұндай дәрежеге жетуі көне дәуірге қатысты. Ал олар қазір екі қосымша болғанымен, төркіні бір екені — ғылымда дәлелденген мәселе. Бірақ бұл қосымшаның мағынасы мұнымен бітпейді. Зат есімнің өзінде ғана ол — бірнеше түрлі мағына беретін көп мағыналы қосымша. Мысалы: *ауыздық, мұрындық* сияқты сөздерде **-дық** жұрнағы үй малына қолданылатын құралдың атын, *орындық, қазандық* дегендерде үй заттарының атын жасаған. *Қымыздық, өсімдік* дегендерде өсімдіктерге қатысты атаулар, *егіндік, шабындық* шаруашылыққа қатысты атаулар, *жазықтық, терістік, оңтүстік* дегендерде географиялық атаулар, *белдік, желдік, түндік* дегендерде киіз үй жабдықтарының атаулары, *тұздық* дегенде тағам аты, *жемтік* жемге тасталған заттың аты, *көптік, жіктік, тәуелдік, септік* дегендерде терминдер, *оқулық, сөздік* дегенде кітаппен байланысты заттың аты, *көрімдік, қалыңдық* дегендерде салтпен байланысты атаулар, *шындық, жастық, шаттық, достық, озбырлық* дегенде дерексіз заттық ұғым атаулары жасалған. Келтірілген аз мысалдардың өзінен бір зат есімнің өзінде бұл жұрнақтың түрлі-түрлі атаулар жасап, талай мағына беретіні көрінді. Мұнда зат есімнің келтірілген жұрнағының мағыналары толық қамтылмағанын да ескерте кету керек. Бұл осы жұрнақтың мағына көлемінің молдығын, көп мағына беру қабілетін анық көрсетіп тұр.

Жазба ескерткіштерде **-лық** жұрнағы заттық және сындық мағына ғана берген. Оның қалған мағыналарының бәрі — кейін қосылған мағыналар.

Сол сияқты **-ыс, -іс, -с** жұрнағын алайық. Бұл жұрнақ та қазір екі сөз табына (етістік және зат есімге) қатысты. Етістікте бұл жұрнақ ортақ етіс жасап, қимылдың бірнеше субъектіге қатыстығын білдіреді. Зат есімде етістіктен зат есім жасап, одан заттық мағына туғызады. Сөйтіп, екі сөз табында бұл жұрнақ басқа-басқа мағыналар береді, ол қазір омоним қосымша дәрежесінде. Тарихи тұрғыдан алғанда, олардың алғашқы бір қосымша екені белгілі. Ортақ етістің жұрнағы өз мағынасының үстіне заттық мағына білдіретін болып, тағы бір мағына қосып алған. Сөйтіп, оның мағынасы кеңіген, екі сөз табының көрсеткіші дәрежесіне жеткен. Егер де оның мағынасында өзгеріс болмаса, бұрынғы мағынаның үстіне

тағы бір мағына қосылып, оның семантикалық жүгі артпаса, ол тілде екі қосымша болып танылмас еді. Сөйтіп, бұл арада **-ыс** морфемасының мағынасының кеңеюі арқылы зат есімнің **-ыс** жұрнағы қалыптасып, тілге ол жаңа қосымша ретінде қосылған. Мұның барлығы синтетикалық тәсілдің күрделеніп отырғанын көрсетеді.

Бірсыпыра жұрнақтардың қолданудан шығып қалғаны да белгілі. Оларға орхон-енисей жазбаларындағы **-меч** жұрнағы жатады. Мысалға енисей жазба ескерткіштеріндегі **-ег** түбірінен **-меч** жұрнағы арқылы жасалған *егмеч* (тәте) сөзін келтіруге болады[2].

Тілдегі сөз жасаудың көне тәсіліне жататын аналитикалық тәсіл де совет дәуірінде ғылымның, техниканың өсуіне байланысты талай терминдердің жасалуына негіз болып, қызметі артты, актив тәсілге айналды. Мысалы: *сірке суы, сірке қышқылы, радиохабар, радиоқабылдағыш, таңдай безі, көркемөнер, радиотехника, сутегі, тамыр жүйесі, үш бұрыш, агрономия, азот қышқылы, халықаралық, социалистік жарыс, оқшау сөздер, зат есім, сын есім* т. б. осылар сияқты сөздер жасалып, тілімізді байытты.

Семантикалық тәсіл де тілдің сөзжасам жүйесінде көне замандардан бар. Бірақ бұл тәсілдің де қызметінің өте активтенген кезеңі бары анық. Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы қырық-елу жылдарда тілде бұл тәсілдің атқарған қызметі ерекше. Сөздің дыбыстық құрамын, тұлғасын өзгертпей, оның бұрынғы мағынасының үстіне тағы да жаңа мағына қосу, сол арқылы бір сөзге бірнеше сөздің қызметін атқарту тілде кең өріс алды. Мысалы: *құн, буын, одақ, таңба, тұлға көрме, негіз, түбір, шығыс, дыбыс, тарау, үндеу, әңгіме* т. б. сөздердің де ғылымның түрлі саласында термин сөз қызметіндегі мәні мен мазмұны олардың тілдегі жай сөз ретіндегі мағынасынан өзгеше. Мұндай сөздер тілімізде қазір мол.

Тілдің сөзжасам жүйесі біршама тұрақты болғанымен, ол қатып қалған құбылыс емес. Қазақ тілінде Октябрь революциясынан кейін аналитикалық тәсілдің көлемі ұлғайды, оған сөздерді қысқарту тәсілі қосылды. Октябрь революциясынан кейін тілімізде күрделі атаулар көбейді, байыды, оны айтуда, жазуда ықшамдап қысқарту қажеттігі туды. Бұл үшін орыс тілінің сөздерді қысқарту тә-

---

[2] *Есенқұлов А.* Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. Алматы, 1976. 108-б.

жірибесін пайдалануға тура келді. Орыс тілінде кең қолданылып жүрген сөздерді қысқарту тәсілі және оның жолдары қазақ тіліне де кірді. Мысалға *ауыгсовет, аупартком, обком, колхоз, совхоз, КПСС, МТС, РТС, партком, местком, партбюро, сберкасса* т. б. осылар сияқты қысқарған сөздер тілде молынан қолданылатын болды. Тілімізде жиі қолданылатын бұл тәсіл арқылы алғаш қазақтың байырғы сөздері де қысқартылып жүрді, бірақ көбіне орыс тілінен қысқарған қалпында тілге ену күшті. Қазақ тілінде сөз қысқарту тәсілі Октябрь революциясына дейін мүлдем болмаған деген пікірден аулақпыз. Бұл тәсіл тілде бұрын да болған. Ол адам аттарында қолданылып, оған сый-құрмет, үлкейту, кішірейту, еркелету мәнін қосатын. Ол қазіргі тілде де өте жиі кездеседі. Мысалы: *Жәке, Мәке, Сәке, Сызаң, Сәбе, Айнаш, Жанат, Қантай, Жантай* тағы басқа осы сияқты қолдануларды алайық.

Мұндағы қысқартудың бір ерекшелігі кісі аты тек қана қысқартылып қоймайды, оған **-ке, -еке, -аң, -а, -е, -ш, -тай** сияқты белгілі морфемалар қосылады. Сөйтіп, мұнда да сөздердің белгілі тобы қысқаратыны, қысқаратын сөздің алғашқы буыны сақталатыны және оларға белгілі морфемалардың қосылатыны сияқты белгілі заңдылық бар. Сөйтіп, күрделі атауларды қысқартудың белгілі тәртібі тіліміздің заңдылықтарының бірі ретінде енді. Сөздерді қысқартып қолдану жаңарды, жаңа мазмұн алды. Сондықтан бұл сөзжасам жүйесіндегі елеулі жаңалық деуге болады.

Бірақ мұндай жаңалықтар көп кездесе бермейді. Жоғарыда айтылғандардан сөзжасам жүйесін сипаттайтын ірі құбылыстарға сөзжасам тәсілдері жататыны анықталды. Бірақ сөзжасамның әр тәсілі белгілі тілдік элементтерге негізделетінін естен шығаруға болмайды. Олай болса, тілдің сөзжасам жүйесіне сөзжасам элементтері де жатады. Тілде сөз жасауға қатысатын нақтылы элементтер бар. Сөз жасау процесі тілде бар элементтердің негізінде ғана болады.

1. Тілдік элементтерге сүйенбей, жоқтан ешбір сөз жасалмайды. Ол жөніндегі ғалымдар пікірі бойынша да және түрлі тілдердің сөз жасау тәжірибесінде де жоқтан сөз жасау кездеспейді. Сол сияқты түркі тілдерінің, қазақ тілінің сөз жасау тарихы жаңа сөз тілде бар элементтердің негізінде ғана жасалатынын дәлелдейді.

2. Қазақ тілінде сөз жасауға қатысатын элементтерге түбір және қосымша жатады. Түбір тілде түрлі аспектіде қаралып жүргенімен, дәл сөз жасаушы негізгі элементтердің бірі ретінде толық зерттелді деуге келмейді. Ал түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол — сөзжасамдағы негізгі тұлға.

Түбірдің сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгілі қызметі бар. Алдымен түбірлердің сөз жасаушы негізгі элементтің бірі ретінде танылуы оның жаңа сөздің мағынасын белгілеуде атқаратын қызметіне байланысты. Сөзжасам процесіндегі түбірдің негізгі тұлға болып саналатын себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. Сөздің мағынасының негізінде туынды сөздің жаңа мағынасы жасалады. Мысалы: *бала+лы, бала+лық, бала+ң, бала+жан, бала+пан* т. б. Келтірілген бес туынды сөздің бәрінің мағынасында жақындық бар, себебі олардың бәрінің мағынасының жасалуына *бала* деген бір сөз негіз болып тұр. Міне, ол осы бес туынды сөздің мағынасына арқау болғандықтан, оларда мағына ұқсастығы, жақындығы бар, олардың мағына байланысы көрініп тұр. Сөйтіп, түбір сөздің мағынасы мен ол арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда үнемі сақталатын заңдылық. Оның сөзжасамдағы ролі өте күшті. Сөзжасамға түбір сөз ретінде қатысатын сөздердің бәрі лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, оларға тілде дербес сөз түрінде қолданылып жүрген сөздер жатады.

Өте сирек жағдайда туынды түбір құрамында тілде жеке қолданылмайтын негіз сөздер де кездеседі. Мұндайда негіз сөздің лексикалық мағынасы анық байқалмайды. Бірақ бұл тілдің қазіргі кезеңіне, дәуіріне, сатысына байланысты. Мысалы: *ұял, ұят, оян, жұбан, жұбат, шалқала, шалқасынан, шалқалай, момын, момақан* сияқты туынды түбірлерге негіз болып тұрған *ұя, оя, жұба, мом* элементтерінің қазір лексикалық мағынасы анық көрінбейді. Олар қазір тілде жеке лексикалық единица ретінде қолданылмайды, сөздік қорда ол сөздер сақталмай, қолданудан шығып қалған. Сондықтан олардың лексикалық мағынасы байқалмайды, бірақ осы туынды түбірлер жасалған кезде олардың лексикалық мағынасы болған. Лек-

сикалық мағынасы болмаса, одан туынды түбір жасалмас еді.

Жаңа сөз жасауға тілдегі түбірлердің барлық түрі қатысады. Оларды атағанда, мынадай: негізгі түбір, туынды түбір, біріккен сөз, қос сөз, қысқарған сөз. Сөзжасамға негіз сөз қызметінде қатысатын бұл түбірлердің көбі (негізгі түбірден басқасы) — сөзжасам процесінің нәтижесінде туған туынды сөздер. Сондықтан туынды сөздер де сөзжасам саласының объектілерінің бірі. Туынды сөздер арнайы тоқталуды қажет етеді. Бұл арада туынды сөз жасауға осы түбірлердің негіз сөз қызметінде қолданылуы сөз болып отыр. Аталған түбірлердің сөз жасауға қатысы бірдей дәрежеде емес. Сондықтан тілдің сөзжасам жүйесіндегі түбір сөздердің атқаратын қызметінде де ерекшелік бар.

Мәселен, негізгі, туынды түбірлер — сөзжасам процесіне ең актив қатысатын түбірлер: *бас-тық, көз-де, ақ-та, жи-ып, бас-қар-ма, егін-ші, жинал-ыс, басқару-шы* т. б. Ал біріккен сөз, қос сөздер мен қысқарған сөздер жаңа сөз жасауға пассив қатысады: *бүгін-гі, биыл-ғы, колхозшы, совхоз-шы, бес-алтысыз, алпыс-жетпіссіз, екібастұздық, белбеу-лі* т. б.

Сөзжасам процесіне тілдің сөздік құрамындағы сөз атаулының қатысы бірдей дәрежеде емес. Тілімізде байырғы сөздермен қатар басқа тілден енген сөздер де өте көп. Осы екі топтағы сөздердің сөзжасамға қатысын салыстырғанда, оларда да айырма бар. Байырғы сөздердің сөзжасам процесіне қатысы актив түрде болса, басқа тілден енген сөздер одан әлдеқайда пассив түрде қатысады. Бірақ осы екі топ сөздердің өз ішінде де сөзжасамға қатысында бірсыпыра айырма бар. Мысалға байырғы сөздерге жататын *кісі, бас* деген сөздерді алсақ, олардың туынды сөз жасаудағы нәтижесі әр түрлі. *Кісі* деген сөз он алты-он жеті туынды сөздің құрамында кездессе, *бас* деген сөз жетпістен астам туынды сөздің құрамында кездеседі. Мұнда тек синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөз ғана есепке алынды.

Сөз таптарының да сөзжасамға қатысу қабілеті әр түрлі. Зат есім, сын есім, етістіктер сөзжасам процесіне басқа сөз таптарынан әлдеқайда актив түрде қатысады. Бұл сөз таптары өз ішінде ғана емес, басқа сөз таптарының да жасалуына негіз болып, олар бірінен-біріне ауы-

сын жатады. Түбір сөздер сөзжасамдық тәсілдердің барлық түріне де қатысады.

Тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздер басқаша тұрғыда да қызмет атқарады, оны жаңа сөздің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуынан көруге болады. Аналитикалық тәсіл бойынша жаңа сөз ең кемі екі түбір сөзден жасалады, яғни бұл тәсілдің сөзжасамдық элементтері — түбір сөздер. Мысалы: *үш бұрыш, қызыл ала, он жеті, алып кел, келіп кет* т. б. Оған семантикалық тәсілде де сөзжасамдық элемент тек қана түбір сөз екенін (түбір, буын, күн т. б.) қоссақ, тілдің сөзжасам жүйесінде түбір сөздердің қандай орын алатыны анық көрінеді. Тек сөзжасам жүйесінің өзінде түбір сөздердің атқаратын қызметі орасан зор.

3. Тіліміздің сөзжасам жүйесінің тағы бір негізгі элементіне қосымша, атап айтқанда, сөз тудырушы жұрнақтар жатады. Сөз тудырушы жұрнақтардың тілді жаңа сөзбен байытуда атқаратын қызметі өте зор. Ол сөзжасам жүйесіндегі синтетикалық тәсілдің шешуші элементіне жатады. Тілімізде сөз тудырушы жұрнақтар өте көп.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың әрқайсысының өзіндік мағынасы бар. Ол мағына түбір сөзге жалғанғанда ғана көрінеді, жұрнақ жеке тұрып мағына бермейді, сондықтан жеке қолданылмайды, түбір сөздің құрамында ғана қызмет атқарады. Мысалы: *малшы, өлеңші, дәрігер, өнерпаз, майла, қазақша* т. б. Синтетикалық тәсіл жұрнақтың осы ерекшелігіне негізделеді.

Сөзжасам жүйесінің жұрнақтары өзі жалғанған түбір сөздің лексикалық мағынасының негізінде одан басқа лексикалық мағына, басқа сөз жасайды. Жоғарыда келтірілген мысалдағы *мал* мен *малшы, өлең* мен *өлеңші, дәрі* мен *дәрігер, өнер* мен *өнерпаз, май* мен *майла, қазақ* пен *қазақша* лексикалық мағынасы арқылы ажыратылатыны белгілі, бірақ осындағы әр пар сөздердің мағына байланыстылығы да анық көрініп тұр. Сонда олардағы лексикалық мағына өзгешелігі жұрнақ арқылы туып, лексикалық единица жасалса, олардың мағына байланыстылығына түбір сөз негіз болған. Бұл — сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың негізгі ерекшелігі.

Сөзжасам жүйесіндегі жұрнақтардың ішінде сөзге үстеме мағына беріп, сөзді мағына жағынан түрлендіретін жұрнақтар да бар. Мысалы, *үйшік, кітапша, сарғыш,* т. б. Мұндай жұрнақтар ғылымда талас та туғызып жүргені

рас, өйткені мұнда сөз мағынасы мүлдем өзгеріп кетпейді. Бірақ осындағы *үй* мен *үйшік, кітап* пен *кітапша, сары* мен *сарғыш* деген сөздердің әрқайсысы тілде өзінше лексикалық единица ретінде қолданылады, сондай қызмет атқарады, солай танылады да. Олардың әрқайсысы тілдегі дайын тұрған қалпында сөйлемге енеді. Сондықтан оларды да сөзжасам жүйесінің элементтері ретінде қараған дұрыс. Басқа тілдердің тәжірибесінде ол осы тұрғыда қаралып жүргенін де ескеру қажет. Орыс тілінде оларды сөзжасам жүйесіне жатқызған[3].

Тілдегі сөзжасам жұрнақтарының өзіндік бір ерекшелігі — олар әр сөз табына телулі болады. Әр сөз табының өз жұрнақтары бар. Зат есім жұрнақтары, сын есім жұрнақтары, етістік жұрнақтары, үстеу жұрнақтары т. б. Сонымен бірге жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақ болып келуі де кездеседі. Бұл көбіне жұрнақтардың мағыналық жағынан дамуымен байланысты болады. Жұрнақтардың мағынасы кеңіп, бір мағынаның үстіне екінші мағынаны қосып алуы тілде өте жиі кездеседі, тілімізде көп мағыналы жұрнақтар өте көп. Осы процестің нәтижесінде бір сөз табының жұрнағы екінші сөз табының мағынасын қосып алады да, бұрынғы мағынасын сақтай отырып, екі сөз табында да қызмет атқарады. Сөйтіп, бұл жұрнақтардың бірнеше сөз табына ортақтық қасиетін қалыптастыратын жолдың бірі болып саналады. Жұрнақтардың тілде атқаратын қызметі бірдей емес. Олар өте өнімді болып, сөз талғамай белгілі топтағы сөздерге жалғана береді. Мысалы: *малшы, егінші, жазушы, колхозшы, үгітші, әнші, өлеңші, етікші, суретші, қасапшы, биші* т. б. Ал бірсыпыра жұрнақтар сөз талғап, белгілі сөздердің құрамында ғана кездеседі, сөз жасау жағынан өнімсіз болып келеді. Мысалға тілде *көйлекшең, байпакшаң, бешпентшең, мәсішең* сияқты сөздердегі **-шаң, -шең** жұрнағы *көйлек, байпақ, бешпент, мәсі* киген деген ұғымды білдіреді. Осы жұрнақ басқа киім аттарына жалғанбайды, *көйлекшең, бешпентшең* деуге болғанымен, сол сияқты киім аты *шапан, тон* сөздерінен *шапаншаң, тоншаң* сияқты туынды түбір жасалмаған. Сол сияқты *байпақшаң, мәсішең* болғанымен, *етікшең, кебісшең* деген жоқтың қасы.

Кейде тілдегі синоним жұрнақтардың мағына жақын-

---

[3] **Русская грамматика. М., 1982. Ч. 1. С. 200—218.**

дығына қарамастан, олардың бірінің орнына екіншісі қолданыла бермейтіні белгілі. Мысалы: *орақ, елек, қайрақ, күрек* сөздері **-ақ, -к, -қ** жұрнақтары арқылы жасалған құрал атаулары. Ал дәл осындай мына құралдардың атаулары *өшіргіш, сүзгіш, қырғыш* **-ғыш, -гіш** жұрнақтары арқылы жасалған. Туынды түбірдің қай үлгі арқылы жасалуы тілдің ішкі заңдылығы арқылы шешілгені байқалады. Бірақ жұрнақтардың қызметінің өнімді, өнімсіз, актив, пассив болуы қатып қалған нәрсе емес. Олардың қызметі бірде активтеніп, бірде пассивтеніп отыруы тілде кездесіп отырады. Мысалға жұрнақтардың қызметін келтіруге болады. Жұрнақтардың қызметі де үнемі бір қалыпта қалмаған. Орхон жазба ескерткіштерінде өнімді **-іг** жұрнағы кейіннен өнімсіз жұрнаққа айналды. **-шы** жұрнағы — тілдегі өте өнімді актив жұрнақтардың бірі. Солай бола тұрса да, оның XIX ғасырдың бірінші жартысында сөз жасамдық қызметі сәл пассив болғаны байқалады. Бұл кезде ол адамның әдеті, қабілеті сияқты (өтірікші, өсекші, қамқоршы, ақылшы, әңгімеші, ертегіші, қайыршы) мағынада көбірек кездесе[4], XX ғасырдың басында мамандық мағынасын білдіре бастайды, яғни оның мағынасы да кеңейді. Мысалы: *тарихшы, диханшы, саушы, жұмысшы, соқашы, қырықтықшы, қайықшы, балықшы, бұрғышы, емші, үйші, темірші* т. б. 1930 жылдардан бастап **-шы** жұрнағының қызметі бұрынғыдан да активтенді. Ол басқа сөздермен қатар терминдердің жасалуына актив қатысады. Мысалы: *айыптаушы, тергеуші, қорғаушы, шабуылшы, қақпашы, тарихшы, тілші, жазушы, бақылаушы, жазалаушы, аудармашы,* т. б.

1920—1930 жылдар арасында **-шыл, -паз, -ма, -лық, -ды, -ыс** жұрнақтарының қызметі артты[5]. Мұндағы **-ды** жұрнағы көне ескерткіштер тілінде өнімсіз жұрнақтарға жатқан. Ал совет дәуірінде **-лық** жұрнағы өте активтеніп, оның қызметі орасан артты. Сондықтан тілімізде *қалалық, кәсіптік, сенбілік, авторлық, мерекелік, европалық, албырттық, білімділік, бағалылық, жержүзілік, қажеттілік, әлеуметтік, құнарлылық, студенттік, социалистік, өлкелік, дәрігерлік, оқытушылық* т. б. осы сияқты бір типтес сөздер тым көбейіп кетті. Бір сөйлемде мұндай сөздердің бірнешеуі қолданылуы да кездесетін кездері бай-

---

[4] *Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы, 1968. 55-б.

[5] Сонда.

қалды. Аталған жағдай кейінгі кезеңде **-лық** жұрнағының қызметін аздап тежеуге әкелді.

Аталған жұрнақтар — жалпы алғанда, өнімді жұрнақтар. Соған қарап, тек өнімді жұрнақтар ғана актив болады деген ұғым тумау керек. Оған дәлел ретінде **-ман, -мен, -шең** жұрнағын келтіруге болады. Бұл жұрнақтар тілдің даму тарихында онша актив қызметі арқылы бұрын көзге түспеген. Соңғы кезде **-ман, -мен, -шең** жұрнағының қызметі біраз активтенді. Ол арқылы *оқырман, көрермен, тыңдарман, өміршең* сияқты т. б. сөздер жасалды. Мұндай ерекшелік **-нама, -гер** жұрнағының қызметіне де қатысты. Мысалы: *есімнама, тарихнама, қабылнама, кейіпкер, талапкер, жүлдегер, бапкер, жауапкер, иегер* т. б.

Тілдің сөзжасам тәжірибесіндегі **-лық** жұрнағының сөзжасамдық қызметін аздап тежеу **-ман, -нама, -гер** жұрнақтарының қызметін активтендіру сияқты процестегі әдебиет қайраткерлері, ғалымдар т. б. азаматтардың саналы түрдегі ықпалын еске алсақ, тілдің сөзжасам процесі өзінен-өзі қалай болса, солай өте бермейтіні де байқалады, оған адамдар ықпал етіп, белгілі бағыт беруі де мүмкін екені тәжірибеден байқалды. Тілімізде **-лық** жұрнағы арқылы жасалған сөздердің қауырт өсуі, осы типтегі сөздердің тілге лек-легімен кіріп, олардың тым көбеюі тіл білімі ғалымдарының, әдебиет қайраткерлерінің т. б. бұл процесті аздап тежеу жөнінде шара қолдануына әкелді. Бір типтегі сөздердің тілде орынсыз көбеюінің өзіндік қолайсыздығы бар, сондықтан тілдің сөзжасам процесінде байқалған мұндай жағдайларды белгілі дәрежеде ретке келтіріп отыруға әбден болады. Қорыта келгенде, тілдің сөзжасамдық модельдері мен типтерінің активтену мен пассивтенуі адам ырқынан тыс нәрсе емес, оны адамдар керегінше бағыттап та отыра алады.

Қорыта келгенде, тілдің сөзжасам жүйесі көне заманнан бері қарай дамып күрделеніп, қазір әбден қалыптасқан. Тілдің сөзжасам жүйесі бірден өзгеріп кетпейтін құбылыс болғандықтан, оны біршама тұрақты деп санағанмен, ондағы болып отырған үздіксіз даму, сандық өзгеріс ретіндегі жылжымалық оның әр саласының қызметі әр дәуірде құбылып тұратыны жоғарыда анық байқалды.

Алайда тілдің сөзжасам жүйесінде өте тұрақты қатаң сақталатын, тілдің даму тарихы бойында өзгеріссіз келе жатқан заңдылықтар да бар. Мысалы, қосымшаның тү-

бірге жалғануы — түбір сөздің бұрын, қосымшаның одан кейін жалғануы тілде көне замандардан бері келе жатқан, әбден қалыптасқан заңдылық. Осы заңдылықты сөзжасам жүйесіндегі өте тұрақты құбылыс санауға әбден болады, өйткені жұрнақтың сөздегі бұл орнын өзгертуге болмайды, жұрнақ түбір сөздің алдынан қолданылмайды.

Басқа тілдерден енген, кейбір түбірден бұрын тұратын қосымшалар тілде қалыптасқан негізгі заңдылықты толқыта алмады. Олар аз сөздердің аясында ғана қалды: *би-саясат, бей-шара, на-құрыс, бей-уақыт, бей-күнә, бей-қам, бей-маза, бей-таныс, бей-берекет, бей-мәлім* т. б.

Рас, бұл заңдылық тек сөзжасам жүйесіне ғана қатысты емес, сонымен ғана шектеліп қоймайды, оның аясы өте кең, тілдің грамматикалық жүйесіне толық тарайды. Бірақ бұл жағдаят оның сөзжасам жүйесінің де заңдылығына жататынын жоққа шығара алмайды.

Сөз тудырушы жұрнақтың туынды сөз құрамында түбір сөздің соңында тұруы қазақ тілінің сөзжасам жүйесіндегі басқа да тәсілдерге қатысты. Бұны аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздерден де көруге болады. Мәселен, *қызмет ет, жәрдем ет, көмек ет, әлек ет, себеп ет, звонит ет, мақсат ет, еңбек ет* сияқты құранды етістіктердің құрамындағы *ет* көмекші етістігін алайық. *Ет* көмекші етістігі арқылы жоғарыдағы құранды етістіктердің жасалғаны белгілі. Осының бәрінде ол есім сөзге қимыл мағынасын қосып, есімнен етістік жасайтын жұрнақтың қызметін атқарып тұр. Оны анық көрсету үшін, оларды жұрнақ арқылы жасалған сөзбен салыстыруға болады: *жәрдем ет* — жәрдемдес, *көмек ет* — көмектес, *әлек ет* — әлектендір, *себеп ет* — себептес, *звонить ет* — звонда, *еңбек ет* — еңбектен т. б.

Мұндай аналитикалық сөздердің жасалуына негіз болған тірек компонент екінші орында тұр. Оны басқа күрделі сөздерден де көруге болады: *көріп кет, жүріп кет, алып кет, беріп кет, айтып кет, соғып кет, жөндеп кет, жазып кет* т. б. Осындағы *кет* етістігі — күрделі етістік жасаушы тірек компонент. Ол басқа етістіктердің соңына тіркесіп, олардан күрделі етістік жасап тұр. Бұл күрделі қимыл тілде бір ұғым болып түсіндіріледі, күрделі етістіктің құрамындағы әр компонент білдіретін қимыл жекелік мәннен айрылған. Сондықтан олардың әрқайсысы жеке ұғымды білдірмейді. Тірек ком-

понентті аналитикалық тәсіл арқылы сөз жасаудағы негізгі тұлға ретінде қарасақ, оның да күрделі сөз құрамында көбіне екінші орында тұруы бұл заңдылықтың тілде кең тарағанын, жалпылық ерекшелігінің молдығын көрсетеді. Әрі өте тұрақты, әрі тілге өте кең таралған бұл заңдылық — түркі тілдерінің тек сөзжасам жүйесінің ғана емес, жалпы грамматикалық құрылысының ерекшеліктерінің бірі.

Міне, сөзжасам жүйесінің заңдылықтары дегенде осындай сөз жасау үшін тілде әбден қалыптасқан құбылыстарды айтамыз. Жаңа сөз жасау осындай сөзжасам жүйесінің қалыптасқан заңдылықтары арқылы ғана жүзеге асады. Әркім өз ойына келгенінше, қалай болса солай сөз жасай алмайды. Заңдылық ретінде әбден қалыптаспаған құбылыстар тілдің сөзжасам жүйесіне жатпайды, оның сипатын білдіретін белгі ретінде саналмайды.

Қазақ тілінің сөзжасамы жеке сала болғанымен, сөзжасамдық құбылыс әр сөз табымен байланысты, өйткені сөзжасамдық элементтер барлық сөз табына ортақ болмай, жеке сөз табына қатысты. Сөзжасамдық элементтер белгілі сөз таптарының мағынасын береді, сондықтан олар сол сөз табына қатысты ғана сөз жасайды. Осымен байланысты сөзжасамдық элементтердің белгілі сөз табына қатысы айқындалады да, олар белгілі сөз табының көрсеткіші саналады.

Сөзжасамның бұрынырақта әр сөз табының ішінде қаралып келгені де осымен байланысты. Қазір сөзжасам жеке қаралып жүргенімен, оның сөз табына қатысын жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ тіліндегі барлық сөз табының сөзжасамдық мүмкіндігі бірдей емес. Зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарының сөзжасамдық қабілеті өте күшті. Олар сөзжасамдық элементтерге де өте бай, тілдің сөзжасамдық тәсілдерінің бәрі де бұл сөз таптарына қатысты. Сан есім, үстеу сияқты сөз таптарының жоғарыда аталған сөз таптарынан сөзжасамдық мүмкіндігі сәл төмен. Есімдік, одағай, еліктеуіш сөздер сияқты сөз таптары сөзжасам жағынан тым елеусіз, сөзжасамдық қабілеті жоқтың қасы. Ал шылау сияқты сөз табының сөзжасамдық элементтері де жоқ.

Сонымен бірге әр сөз табының сөзжасамдық өзінше ерекшелігі де болады. Бұл тұрғыда еліктеуіш сөздер мен сан есімді атауға тура келеді. Мысалға еліктеуіш сөздер-

де қосымша бірлі-жарым болып, қосақтау тәсілі негізгі орын алады. Сан есімде қосымшалар аз, негізінен аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Бұл ғана емес, сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуында да өзіндік ерекшелік бар, ол осы жұмыстан көрінеді.

Тіліміздегі сөз таптарының көбі өзінің құрамын сөзжасам процестері арқылы толықтырып, байытып отырады, олар үшін сөзжасам процесі — үздіксіз болып отыратын құбылыс. Бірақ сөзжасамдық процестің үздіксіз болып отыруы барлық сөз табына қатысты емес. Сөз таптарының сөзжасам жүйесіндегі осы ерекшелігіне қарап, үнемі дамудағы сөз таптары және белгілі деңгейдегі сөз таптары деп бөлуге де болады. Бірінші топқа зат есім, сын есім, етістік, үстеу жатады. Екінші топқа есімдік, сан есім, одағай, еліктеу сөздер, шылаулар жатады.

САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ЖҮЙЕСІ ТУРАЛЫ

Сан атаулары — өте көне заманнан келе жатқан сөздер, оларды барлық көне жазба ескерткіштерден кездестіруге болады. Сан есімдердің көнелігіне байланысты тілдегі барлық сан атауларының қалай жасалғаны анық көріне бермейді. Ал марксизм-ленинизм қағидасы бойынша жалпы сандық ұғымның қалыптасуы ақиқат өмірмен байланыстырылды. «Понятие числа и фигуры взяты не откуда-нибудь, а только из действительного мира. Десять пальцев, на которых люди учились считать, т. е. производить первую арифметическую операцию, представляют собой все, что угодно, только не продукт свободного творчества разума. Чтобы считать, надо иметь не только предметы, подлежащие счету, но обладать уже способностью отвлекаться при рассматривании этих предметов от всех прочих их свойств кроме числа, а эта способность есть результат долгого, опирающегося на опыт, исторического развития»[6], — дейді Ф. Энгельс. В. В. Виноградов осы қағидаға негізделе отырып, — орыс тіліндегі сан атаулары зат есім мен сын есімнен бөлініп шыққан[7], — дейді. Түркологтарда да осы пікір кездеседі, Н. А. Баскаков: «Сан есімдер — есімдерден бөлініп шыққан сөз табы, олар сын есім, үстеу сияқты белгі мағынасын білдіреді»[8], — деген.

---

[6] *К. Маркс* и *Ф. Энгельс.* Соч. Т. 20. С. 38.
[7] *Виноградов В. В.* Русский язык. М.; Л., 1947.
[8] *Баскаков Н. А.* Каракалпакский язык. М., 1952. С. 225.

Қазақ тілінде сан есімді зерттеген Ә. Хасенов осы пікірді қуаттай отырып: «Түрік тілдеріндегі негізгі сөздік қорға жататын сан атаулары өмір шындығынан, конкретті заттан алынған, яғни зат есімдерден шыққан. Әрине, бұл жалпы сандық ұғымдардың дамуы математика ғылымының дамуымен байланысты, адамзат қажеттігінен туды деген пікірге ешбір қайшы келмейді, қайта оны толықтыра, растай түседі. Екіншіден, белгілі бір құбылыстың өткен тарихын қазіргісімен салыстыра, оның қазіргі формаларын зерттей отырып ашуға, тануға болады дейтін марксистік қағиданы басшылыққа алсақ, қазіргі тілдік фактілер, мәселен жоғарыда келтірілген сандық семантикалы есімдер мен сөз тіркестері, түрік тілдеріндегі негізгі сан атаулары зат есімдерден бөлініп шықты деген жорамалымызды жоққа шығармайды, қайта растайды»[9], — дейді. Бұл келтірілген пікір — жалпы тілде сан есімнің пайда болуы жөніндегі жорамал. Бірақ ол сан атауларының нақтылы қалай жасалуы жөніндегі мағлұмат емес.

Сан есімдер де — өзіндік сөзжасамдық жүйесі бар сөз табы және сан есімнің сөзжасамдық жүйесі өте ертеде қалыптасқан. Сан есімнің сөзжасам жүйесінің өзіндік сөзжасам элементтері, модельдері, типтері бар. Сан есім сөзжасамында тілде қалыптасқан сөзжасамдық тәсілдердің біразы қолданылады, бірақ бәрі емес. Мысалға сан есімде семантикалық тәсіл қолданылмайды, синтетикалық тәсіл өте өнімсіз, ал сөзжасамның аналитикалық тәсілі сан есім сөзжасамында негізгі қызмет атқарады.

Сан есім сөзжасамдық элементтерінің қызметі белгілі заңдылықтарға негізделген. Сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы белгілі қосымшалармен ғана байланысты. Сан есім — қосымшаға өте кедей сөз табы. Сан есімнің сөзжасам қосымшаларының қолданылуының тілде өзіндік заңдылығы қалыптасқан. Мыс: сан есім жұрнақтары басқа сөз табына жалғанбай, тек сан есім сөздерге жалғанады да, одан сан есімнің түрлі семантикалық топтарын жасайды. Басқа сөз таптарының қосымшалары өз аясында тұйықталмайтын болса, сан есімде оның сөзжасамдық қосымшалары өз аясынан шықпайды. Сан есім қосымшалары жаңа сан атауларын жасай алмайды, тек сандық атауларды түрлендіріп, оған мағына үстейді. Мысалы: *Екінші, үшінші* күндері ағаш отырғызушылар-

---

[9] *Хасенов Ә.* Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алматы, 1957. 20-б.

дың тобы көбейе түсті. Иә, айтты — айтпады, өткен жылы *төртінші* бөлімше колхоз бойынша мемлекетке астық сату жоспарын *бірінші* болып орындады (Қ. Боранбаев). Осындағы *екінші, үшінші, төртінші, бірінші* деген сан есімдердің құрамындағы **-нші, -інші** жұрнағы реттік сан есімдер жасайды, яғни сан есімнің бір семантикалық тобының жұрнағы. Мұнда осы сөздерге негіз болып тұрған сан атауларынан басқа сандық ұғым, атау жасалмаған. Негіз сөздің сандық ұғымының үстіне реттік мағына қосылған.

Мұндай сан есім қосымшалары көп емес, оларға реттік, жинақтық сан есімдердің қосымшалары жатады. Сан есімнің түрлі семантикалық топтары жасалу үшін, басқа сөз таптарының қосымшалары да пайдаланылады. Бұл құбылыс та тіл заңдылығынан негізгі орын алмағанымен, тілде бар жағдай. Тілдік элементтердің өз қызметінен басқа да түрлі қызмет атқаруы кездесіп отырады. Сан есімнің семантикалық топтарының жасалуында бұл біраз орын алады. Мысалы: Жасы сол кезде *қырықтарды* алқымдаған, сақалды, мұртты кісі еді (С. Мұқанов). Жасы *отыздардағы,* қыр мұрынның астына шоқталап мұрт қойған сіріңке қара жігіт (Ж. Жұмаканов). Мұнда *қырықтар, отыздар* деген болжалдық сандар сан есімге көптік жалғау жалғану арқылы жасалған. Сан есімнің болжалдық семантикалық тобының жасалуына зат есімнің көптік жалғауы қатысып тұр.

Сонымен бірге сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы тілдің жалпы заңдылықтарымен ұштасып жатады. Айталық сан есім қосымшаларының сөзде алатын орны тек сан есім қосымшаларына ғана қатысты заңдылық емес, ол — жалпы қосымшаларға ортақ заңдылық. Бұл сияқты тілдің жалпы заңдылықтарынан сан есім қосымшалары тыс қала алмайды.

Сөзжасамдық элементтер тек қосымшалар ғана емес екені жоғарыда айтылған. Сан есім сөзжасамының тұтқасы қосымшаларда емес, түбір сөзде, сандық атауларда. Сан атауларына тіліміз өте бай. Қандай болмасын сандық ұғымды дәлме-дәл білдіруге тіл байлығымыз, сандық атауларымыз жеткілікті. Осы байлық негізінен бір сандық атау мен екінші сандық атаудың бір-біріне тіркесуі арқылы жасалған, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, сан есімде сөзжасамдық негізгі элементтер — сан атауларының өзі, өйт-

кені сан есімде сан атауларын туғызу, жасау тек қана бір сандық атау мен екінші сандық атаудың тіркесі арқылы ғана жасалған. Олай болса, сан есімде жаңа сандық ұғым негізінен күрделі сан есімдер, күрделі сан атаулары арқылы ғана аталған. Сондықтан да сан есім сөзжасамының негізгі кілті сандық атау сөздерде, олардың тіркесінде деп санаймыз.

Сандық атаулардың негізгі жасалу жолы аналитикалық тәсілмен байланысты болғандықтан, бұл тәсіл арқылы сан есімдердің жасалуының өзіндік жолы, тіркесу реті, модельдері бар. Сан атауларын бір-бірімен тіркестіретін морфемалар, жалғастырушы қосымшалар тілде жоқ, сан есімнің жасалуы таза аналитикалық тәсілге жатады. Сондықтан сан есім сөзжасамының аналитикалық түрінде сөзжасамға қатынасатын компоненттердің орын тәртібінің маңызы өте зор. Мысалы: *он бір, он бес, отыз алты, елу сегіз, тоқсан тоғыз* т. б. Осы сандық ұғымды білдіру үшін компоненттердің осы орны сақталу керек. Олардың орнын өзгертуге болмайды. Мысалға жоғарыдағы сандардың компоненттерінің орнын өзгертіп *бір он, бес он, алты отыз, сегіз елу, тоғыз тоқсан* түрінде алсақ, жоғарыдағы мағына сақталған жоқ, мүлдем басқа мағына туды. Бұдан сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалымында компоненттердің орын тәртібі өте тұрақты, оның ерекше мәні бар.

Сан есім кез келген сандардың бір-бірімен тіркесуі арқылы жасалмайды. Мұнда қалыптасқан белгілі заңдылық бар. Ол заңдылық бойынша тілімізде сан атауларының қайсысының қалай тіркесуі қалыптасқан. Оны күрделі сандардың тіркесу модельдерінен көруге болады, ал сан есім сөзжасамдық модельдерге өте бай. Айталық *ондық* пен *бірлік* аралас сандардың жасалу моделі мен *жүздіктердің* моделін салыстырып қарайық. *Ондық* пен *бірлік* аралас сандар *он* және *бірлік* компоненттен тұратын ондық+бірлік түріндегі модель арқылы жасалады да, мағына компоненттердің мағынасының қосындысынан туады: *отыз бес, қырық жеті, елу алты, сексен жеті* т. б. Ал жүздік атаулар *бірлік×жүздік* моделімен жасалады да мағына компоненттердің мағынасының көбейтіндісінен туады. Мысалы: *екі жүз, бес жүз, алты жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз* т. б. Әр түрлі сандық атаулардың түрлі-түрлі нақтылы модельдері бар. Ол модельдердің әрқайсысының белгілі құрамы бар, оған қатысатын ком-

поненттер — тек сан есім сөздер ғана. Әр модель бір топ сандардың атауларын жасайды, яғни мұнда нақтылы сан атаулары жасалады. Ол модельдерге кейінірек арнайы тоқталамыз, өйткені сан есімнің сөзжасам модельдері ғылымда сөз болған емес.

Сан есім сөзжасамдық модельдері күрделі сан атауларының жасалуын көрсетеді, ал сан есім семантикалық топтары да аналитикалық тәсіл арқылы жасалады, бірақ мұнда компоненттердің тек қана сан есім болуы міндетті емес, өйткені оған басқа сөз табы, яғни шылаулар да қатыса береді. Мысалы: Оның құны көп болса, *он-он бес* сом (С. Мұқанов). Айналасы *отыз шақты* ғана үйлік төрелер бірі мен бірі айнала құда (С. Мұқанов). Осы мысалда сан есімнің болжалдық тобына жататын екі мысал бар. Оның біріншісі *он* және *он бес* сандарының қосарлануы арқылы жасалған, компоненттерінің екеуі де сан есімнен, ал екіншісі есептік санға *шақты* деген шылаудың тіркесі арқылы жасалған. Бұдан тағы да сан есімнің семантикалық тобының жасалуына басқа сөз табының қатысы көрініп тұр.

Сан есім құрамында кездесетін көне қосымшалардың жағдайы басқашарақ. Олар: **-ыз/-із** (сегіз, тоғыз), **-ты/-ті** (алты, жеті). Бұл морфемалардың этимологиясы белгісіз. Қосымша сөзде жиі кездесетін элемент, бірақ ол басқа сандарда қайталанбайды. Ал сан есім сөздердің құрамында кездесетін басқа жымдасқан морфемалардың түп негізі белгілі сөзге барып тіреледі. Бұл заңды, өйткені сан есім сөзжасамының негізі — синтегикалық тәсіл емес, аналитикалық тәсіл. Оған дәлел ретінде құрамы күрделі морфемадан тұратын *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* атауларын келтіруге болады. Н. К. Дмитриев кейбір жеке сөздердің этимологиясына келсек, *алтмыш* (алпыс), *етмеш* сөздері алты, *ете* (жеті) сөздерінен **-мыш, -меш** жұрнақтары арқылы жасалған, ол алғаш *он* дегенді білдірген болу керек. Мұндай сан есім формалары көптеген түркі тілдеріне қатысты дейді. Ол *сексен, тоқсан* сөздерін *сегіз, тоғыз* сөздерімен байланыстырады да, олардың құрамындағы екінші компонентті *он* сөзінің өзгерген түрі деп санайды[10].

Қ. Мұсаев та осы пікірді қуаттап, кейбір сан атаулары этимологиясы тұрғысынан күрделі сан есімдерден шық-

---

[10] *Дмитриев Н. К.* Грамматика башкирского языка. Л., 1948. С. 90.

қан, мысалы: *алты-мыш, йет (и) -миш, сексен* (секиз он), тохсан (тоғуз -он)[11] дейді.

Қазақ тілінің мамандарынан Ә. Хасенов осы пікірді қуаттай отырып былай дейді: *«мыш-міш* формаларын айқындауда еске алынуға тиісті бір жағдай бар. Ол қазіргі чуваш тіліндегі реттік сан аффиксі **-меш**. Мәселен чуваштарда *бірінші, оныншы* сияқты формалар *перемеш, вунамеш* түрінде қолданылады. Бұл форма түрік тілдерінің басқа ешбіреуінде жоқ. **-мыш** аффиксі өте көне аффикс. . . Дегенмен **-мыш** «он» ұғымын білдірген деген пікірді түркологияда толық дәлелденген пікір деуге тарихи дерек жоқ»[12].

Алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан сандарының жасалуы туралы пікір өте ертеден келе жатқанымен[13], Ә. Хасеновтың бұл мәселе әлі «толық дәлелденген деуге тарихи дерек жоқ» деген сөзіне қосылуға болады, өйткені осы пікір айтылғаннан бері қанша уақыт өткенімен, оған әлі ұтымды, жаңа дерек қосылған жоқ. Бірақ жоғарыдағы пікірлердің бәрі ондық атауларының жасалуын бірлік+*ондық* моделіне апаратыны анық. Көне түркі тілінде *ондық* атауларының жасалуында осы модельдің қолданылғаны ақиқат шындық. С. Е. Малов орхон жазбаларында ондықтардың бірліктермен тіркесте *жиырма, отыз, елу, алпыс* сияқты атаулары қолданылса, бірліксіз таза *ондық* түрінде *екон, үшон, төртон, бесон, алтон* сияқты атаулары қолданылғанын айтқан. *Ондық* атауларының алғашқысы қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталса, соңғысы аздаған тілдерде ғана сақталған. Олар: *сары ұйғыр, тофалар, тува, алтай, якут, хакас* тілдері.

С. Е. Малов ондық атауларының *жиырма, отыз, алпыс, жетпіс* сияқты түрлері *екіон, үшон, алтыон, жетон* атауларына қарағанда көне деп санаған[14]. С. Е. Малов бұл пікірде алғашқылардың этимологиясының белгісіздігін, соңғылардың этимологиясының анықтығын негізге алған. Сөздердің морфемдік құрамының сақталмауы — оның көнелігіне көрсеткіш бола алатыны тіл білімінде танылған қағида. Сондықтан С. Е. Малов пікірімен келі-

---

[11] *Мусаев К.* Грамматика караимского языка: Фонетика и морфология. М., 1964. С. 200.

[12] *Хасенов Ә.* Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. Алматы, 1957. 23-б.

[13] *Малов С. Е.* К изучению турецких числительных //Академику Н. Я. Марру. М.; Л., 1935. С. 274.

[14] Сонда.

суге және оны төмендегіше толықтыруға да болатын сияқты.

Тіліміздегі сөзжасам жүйесінің заңдылығы бойынша жаңа сөз тілде бар модельмен жасалады. Олай болса ондықтардың соңғы атаулары да бұрын ондықтар жасалған модель бойынша жасалған. Бұдан соңғы атаулар жасалған бірлік+ондық моделі оның алдындағы *алпыс, жетпіс* сияқты сан атаулары жасалған модель деп танылу қажеттігі шығады. Егер бұл дұрыс болса, онда *алпыс, жетпіс* сияқты сандардың құрамындағы **-пыс, -мыс** компоненттерін түркологтардың он ұғымын берген сөз деген пікірі растала түседі.

Сонымен бірге ондықтарға екінші ат беру неге керек болды, деген сұраққа да жауап беру өте қажет. Ол жөнінде екі түрлі жорамал келтіруге болады. Біріншіден, ондықтар құрамындағы **-мыс** ондық ұғымындағы өте көне морфема болу керек. Ол — орхон жазбаларының кезінің өзінде көнерген форма, өйткені ол сол кездің өзінде жеке қолданылмаған, осы ұғымда сол кезде он сөзі қолданылғаны көне жазба ескерткіштерден белгілі. Сондықтан кейінгі *он* сөзі арқылы бұрынғы модель бойынша ондықтардың екінші аттары пайда болуы мүмкін жағдай. Екіншіден, *жиырма, отыз, елу* атаулары бірліктермен бірге ғана қолданылғанын да білеміз. Мысалы: *бір отыз* (жиырма бір), *екі отыз* (жиырма екі), *бес отыз* (жиырма бес). Сан атауының бұл түрінде бірліктің кай ондықтың бірлігі екенін көрсеткен. Осыдан бірліксіз жеке келген толық ондықты атау қажеттігі де туғаны анық. Міне, осы жағдайлар ондықтардың екінші атауларын туғызған деуге болады. Олар: *үшон, төртон, бесон* т. б.

Сөйтіп, аталған ондықтардың құрамындағы морфемдік күрделілік олардың қосымша арқылы емес, бірлік пен ондық ұғымды білдіретін сөздерден ондық атаулары жасалғанын көрсетеді. Қазір құрамы әбден жымдасқан бұл сөздердің аналитикалық тәсіл арқылы екі санның тіркесінен, олардың біріне-бірі көбейтілуі арқылы ондықтардың атын жасағаны көрінеді. Аталған тәсіл сан есім сөзжасамында өте ерте кең тараған. Негізі ерте қалаған аналитикалық тәсіл күні бүгінге дейін сан есім сөзжасамынан негізгі орын алады. Ешбір сөз табының сөзжасамынан ол сан есімдегідей орын алмайды. Бұл сан есім сөз табының даму тарихының барлық кезеңіне қатысты деуге әбден болады.

Қорыта келгенде, сан есім сөзжасам жүйесінен мынадай жағдайлар анық байқалады. Нақтылы сандық атаулардың жасалуына қатысатын элементтер — тек қана сан есімдер. Ал сан есімнің семантикалық топтарының жасалуына сан есімнің өз көрсеткіштерімен қатар басқа сөз таптарының кейбір көрсеткіштері де актив қатысады. Әрине, сан есім семантикалық топтарының жасалуына кез келген қосымша қатыса бермейді. Ондай қызметке араласатын қосымшалардың түрлері де, саны да белгілі, олар әр семантикалық топтың жасалуында айтылады, бұлардың негізгі қызметтерімен бірге сан есім семантикалық топтарын жасау қызметі де өте тұрақты, әбден қалыптасқан. Сондықтан оларды сан есім семантикалық топтарын жасайтын көрсеткіштер қатарында тануға әбден болады. Енді сан есім сөзжасамының өзіндік ерекшеліктеріне тоқтала кетейік. Жоғарыда сан есім сөзжасам жүйесіне берілген сипаттамалардан сан есім сөзжасамының басқа сөз таптарының сөзжасамымен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі молдығы байқалды. Бұларды жинақтай келгенде, төмендегі ерекшеліктерді атау қажет. Ол ерекшеліктердің бірі — сан есімнің сөз тудырушы, сандық ұғым жасаушы жұрнақтары жоқ. Сондықтан сан есім басқа сөз таптарын жұрнақ арқылы сан есімге айналдырып, өз құрамын толықтыра алмайды, басқа сөз табынан сан есімге айналдыратын аффикстер сан есімде жоқ. Ешбір сөз табы сан есім сөзжасамына негіз болмайды.

Тілде бір сөз табынан екінші сөз табы жасалып, бір сөз табы екінші сөз табында жаңа сөз жасауға негіз болып, сөз таптары тілді жаңа сөзбен байытуда үлкен қызмет атқаратыны белгілі. Мысалға етістіктен зат есімдер жасалу, керісінше, зат есімдерден етістік жасалу, сын есімнен зат есім не етістік жасалу сияқты құбылыстар тілдің сөзжасамындағы негізгі заңдылықтарға жатады. Тілдің сөзжасам жүйесіне кең тараған негізгі жолға жататын бұл құбылыс сан есім сөз жасамында кездеспейді.

Сан есім өзінің құрамын басқа сөз табы арқылы толықтырмайды. Сан есім сөзжасамының басқа сөз таптарының сөзжасамынан негізгі ерекшеліктерінің бірі де осы белгіге байланысты. Сан есім сөзжасамына тек сан атаулары ғана негіз болады, басқа сөз таптары сан атауларының жасалуына негіз бола алмайды. Басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы сан есім аясынан шықпайды.

Сан есімдер өзінің ішкі мүмкіндігі арқылы ғана байып, толығып, басқа сөз табының қатысын керек етпейді. Мұндай ерекшелік басқа сөз таптарында кездеспейді. Сондықтан оны сан есім сөзжасамына байланысты негізгі ерекшеліктердің бірі санауға әбден болады.

Бірақ бұған қарап, сан есімде ешбір қосымша жоқ деген пікір тумау керек, өйткені сан есімнің өзіне ғана тән аздаған қосымшалары бар. Олар жаңа сандық ұғым туғызбағанымен, санға үстеме мағына қосып, сан есімнің түрлі семантикалық топтарын жасайды. Сан есім қосымшалары тек сан есімдерге ғана жалғанады, басқа сөз таптарына жалғанбайды, яғни мұнда негіз сөз тек сан есім ғана болуға тиіс. Бұл жағдай сан есім сөзжасамының өзі ішінде тұйықталуын туғызған, басқаша айтқанда, сан есім сөзжасамы өз аясында қалады, бұл да сан есім сөзжасамының бір ерекшелігі.

Сан есім сөзжасамының осы ерекшелігі көне замандардан қалыптасқан. Оған сан есім сөздердің морфемдік құрамы да толық дәлел болады. Сан есім сөздердің морфемдік құрамындағы кей сөзде ғана қосымшаға ұқсас морфема бар, олар: **-пыс -піс** (алпыс, жетпіс), **-із/-ыз** (сегіз, тоғыз).

Сан есім сөзжасамында тағы бір ерекшелік өзіне назар аударады. Сан есім сөзжасамындағы негізгі модельдер мен тәсілдер қазір өз қызметін тұйықтаған, өте пассивтенген, олар тілді сан атауларымен қазір күнделікті толықтырып отырған модельдер мен тәсілдер емес. Анығырақ айтсақ, сан есім сөз жасамының модельдері мен тәсілдері бір кездерде өте актив қызмет атқарып, тілдегі сан атауларын жасаған. Тілімізге орыс тілінен *миллион, миллиард, триллион* сияқты сан атаулары енген кезде де олардың тіркесімен талай сан атауларын жасауда сан есім сөзжасамының тәсілдері мен модельдері қызмет атқарды. Бірақ сан есім сөзжасамының тәсілдері мен модельдері қазір жаңа сан атауларын жасап, тілге жаңа сан қосып, үздіксіз қызмет етіп отырған жоқ. Бұл арада олардың қызметін зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарының сөзжасам модельдері, тәсілдерімен салыстыруға келмейді. Сондықтан да сан есім құрамы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, тұрақты деуге болады. Аталған жағдайлар сан есім сөзжасамының өзіндік ерекшелігін танытады.

Зат есім сияқты сөз таптары өз құрамын басқа тілден

енген сөздер арқылы да толықтырып отырады. Бұл құбылыс та сан есімде жүйелі түрде болып тұрмайды. Бірақ сан есімде ол кездеседі, мүлдем жат емес. Ұлы Октябрь революциясынан кейін қазақ тілінің сан есім құрамына орыс тілінен аздаған ғана сөздер енді: *миллион, миллиард, триллион.* Бұлардың ішінде *миллион, миллиард* сандары тілде жиі кездеседі, көп қолданылады. Мысалы: Біз *қырық-елу* гектар ексек, әлденеше *миллион* сом кіріс енгізеді (Ғ. Мұстафин). Мал шаруашылығында өзгерістер байқалды: сүт өндірудің жылдық орташа мөлшері 7,4 *миллион* тонна, ет — 1,4 *миллион* тонна, жұмыртқа — 4,6 *миллиард* дана көбейді (СҚ.).

Тіліміздегі сан есімдердің басқа тілден енген сан атаулары арқылы толығуы өте өнімсіз және тілдің басқа тілден сан атауларын қабылдауы жүйелі түрде болып тұратын құбылыс емес. Бұл жолмен де сан есім толығып, байып отырмайды. Сан есім сөздер сырттай қарағанда, өте аз болып көрінеді, өйткені көпшілік бұл сөз табына бірлік, ондық атаулары мен *жүз, мың* сияқты сөздер ғана жатады деп ойлап қалады. Шындығында сан есімге жататын сөздер жиырма шақты дара сөздермен ғана шектеліп қоймайды, оның құрамы бұлардан әлдеқайда мол. Сандық ұғымдарды білдіретін сөздер басқа ешбір халықтың тілінен кем емес. Қазақ тіліндегі аналитикалық тәсіл арқылы елу сегіз модель бойынша миллионға дейін 999980 күрделі сан атаулары жасалған, сан есімді сөз табы дәрежесіне көтеретіндер де — осы күрделі сан атаулары. Бірақ олар санаттан тыс қалып, сөздіктерде көрінбей жүр. Сан есім атауларынан сөздікте небәрі жиырма шақты дара сандардың атаулары ғана беріледі.

САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМ ТӘСІЛДЕРІ

Сан есім сөзжасам жүйесінде екі тәсіл қызмет етеді. Олар: аналитикалық және синтетикалық тәсілдер. Аналитикалық тәсіл — сан есім сөзжасамының ең негізгі тәсілі. Аналитикалық тәсіл сан есімнің сөзжасамында негізгі тәсіл болып саналатын, себебі — сан есімнің нағыз сандық атауларының бәрі дерлік аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Сан есімдегі негізгі түбір сан атауларынан басқа есептік сандардың бәрі аналитикалық тәсілмен жасалған.

Негізгі түбір сан есімдерге көбіне бірлік, ондық атаулары және *жүз, мың* деген сандар жатады, бірақ олардың бәрі емес. Бірліктердің ішінен төрт санды бұл топқа қоспауға да болады. Олар туралы кейінірек айтылады. Ал ондық атауларының ішінде де тарихи тұрғыда қарағанда аналитикалық тәсілмен жасалған, қазір дара сандарға жататын *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* сандарының алғашқы құрамы бірлік пен ондықтың тіркесінен тұрады деген пікір түркологияға кең тараған, оны көпшілік түркологтар жақтайды. Сондықтан мұндағы **-пыс/-піс** морфемасы қазір қосымша деп тануға келгенімен, бұл сан атаулары алғаш аналитикалық тәсіл арқылы бірлік пен ондық атауының тіркесінен жасалған болып шығады. Ал ондық атауларының бірлік пен ондық атауының тіркесінен жасалуы — түркі тілдерінде бар құбылыс. Оған алтай, хакас, якут тілдеріндегі ондық атаулары дәлел бола алады. Ондық атауларының бірлік-ондық моделімен жасалуы — түркі тілдеріне кең тараған заңдылық. Жоғарыдағы ондық атауларының жасалуы осы модельге сай келеді.

Тіліміздегі сандық ұғымдар тек *бірлік, ондық, жүз, мың, миллион, миллиард* деген дара сандармен ғана шектеліп қоймайды, ең көп сандық ұғымдар — осы сандар араласып келген, күрделі сандық ұғымдар. Олардың саны қандай көп болса, түрлері, құрамдары сондай алуан түрлі. Сондықтан тілде күрделі сандық ұғымдарды білдіру үшін, аналитикалық тәсілдің тіркестіру түрі кең қолданылған. Бұл тәсіл бойынша бір сан атауымен екінші сан атауы тіркесіп, үшінші бір күрделі сандық ұғымды білдірген. Мысалы: *он бес, жүз алпыс, жүз қырық үш, екі мың алты жүз алпыс төрт* т. б. Мұндағы құрамы *он* және *бес* деген сандардан тұратын күрделі сандық ұғымды білдіру үшін *он* және *бес* саны тіркесіп, *он бес* деген күрделі есептік сан жасалған. Бұл ондық пен бірлік аралас сандардың тобынан алынды. Ал *жүз алпыс* деген есептік сан есім *жүздік* пен *алты ондықтан* тұратын күрделі сандық ұғымды білдіреді. *Жүз қырық үш* деген бұдан да гөрі күрделірек, мұнда жүздік, ондықтың үстіне бірлік қосылған. Осы сандық ұғымды білдіру үшін, *жүз* және *қырық үш* деген сандар тіркестірілген, мұнда сөзжасамға *қырық үш* саны дайын қалпында бір компонент ретінде кіріп отыр, сөйтіп олардан *жүз қырық үш* саны жасалған. Сол сияқты *екі мың алты жүз алпыс төрт* деген сан

да екі күрделі компоненттің тіркесі арқылы жасалған. Осы төрт түрлі мысалға қарап-ақ, күрделі сан атауларының құрамы да, түрлері де, күрделі сандарды жасауға қатысатын компоненттер де алуан түрлі екенін көруге болады, ол тәжірибеден де белгілі. Күрделі сан жасаушы жеке компонент қызметінде күрделі сандар өте жиі қолданылады. Олардың өзі де — аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер. Бір туынды сөзден екінші туынды сөз жасала беретіні сияқты бір күрделі саннан екінші, үшінші, одан да әрі қарай күрделі сандар жасала береді. Бұл күрделі сан атауларының мол жасалуына жол ашады. Кіші сан өзінен үлкен санның жасалуына үнемі қатысып отырады. Осы жағдай сан атауларын жасаушы компоненттердің молдығын туғызады.

Сөйтіп, аналитикалық тәсіл ондық атауларының жасалуынан басталып, тіліміздегі барлық қалған сан атауларының жасалуын қамтамасыз еткен. Әсіресе, күрделі сан атауларының жасалуы тек қана аналитикалық тәсілге байланысты. Мысалға *ондық* пен *бірлік* (он бес), *жүздік* пен *ондық* (жүз елу), *жүздік, ондық, бірлік* (жүз отыз бес), *мыңдық, жүздік, ондық, бірлік* (бір мың алты жүз тоқсан үш) түрінде араласа келген күрделі сандарға тіліміз өте бай.

Күрделі сан атаулары дара сан атауларынан бірнеше *жүздеген, мыңдаған* есе көп деуге болады. Есептік сандарды білдіретін негізгі түбір сан есімдердің саны жиырма шақты сөзден ғана тұрады. Олар бірліктер: *бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз;* ондықтар: *он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* және *жүздік* пен *мыңдық* атаулары: *жүз, мың*. Осы жиырма шақты сөздер тілде миллионға дейін 999980 күрделі сан атаулары жасалған, *миллиард, триллионға* дейінгі сирек қолданылатын күрделі сан атаулары тағы бар. Бұл — аз сөз емес. Мұндай көп сан атаулары есептік сандардың бірімен бірінің тіркесуі арқылы ғана, яғни аналитикалық тәсіл арқылы жасалған. Сөйтіп, сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл ең өнімді, негізгі тәсілге жатады.

Сан есім сөзжасамы аналитикалық тәсіл арқылы жасалғанда, екі я онан да көп сан атаулары бір-бірімен белгілі заңдылықтар, модельдер бойынша тіркесіп, құрамындағы компоненттердің жеке мағынасынан басқа сандық атаудың атын жасайды. Бірақ кез келген сан қалай

болса, солай тіркесе бермейді. Мысалы: *отыз екі, қырық алты, елу жеті, жүз тоқсан сегіз, бес мың алты жүз алпыс бес* т. б. Қандай сандардың тіркесуі күрделі сандық ұғымның мазмұнына байланысты. Мысалдан көрінгендегідей сан атауын жасауға тек қана сан есім сөздер қатысады, яғни сан атауын жасауға қатысатын элементтер — есептік сандар. Бір сан мен екінші санның тіркесінен, келесі бір санның аты жасалады. Мұндағы тіркесетін сандарды бірімен-бірін байланыстыратын ешқандай қосымша жоқ. Сан есім таза аналитикалық тәсіл арқылы жасалады. Сондықтан сан есім сөз жасамында компоненттердің орын тәртібінің ерекше маңызы бар. Қандай санның сөзжасамда қай орында тұруы қандай санның жасалуына байланысты. Ондық пен бірлік аралас сандар мен жүздіктердің атының жасалуына да бірлік қатысады, бірақ бірліктің орны екеуінде екі түрлі. Мысалы: *он бес, отыз төрт, қырық екі, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, сегіз жүз* т. б. Ондық пен бірлік аралас санда бірліктер екінші компонент болса, жүздіктерде бірлік бірінші компонент болып тұр. Бұл орындары соншалықты тұрақты, міндетті, оны өзгертуге мүлдем болмайды. Басқа сандардың да жасалуы осы сияқты, оларда да компоненттердің орын тәртібін өзгертуге болмайды. Сөйтіп, сан есім жасалуында компоненттердің орын тәртібі қатал сақталатын заңдылықтарға жатады.

Аналитикалық тәсіл арқылы сан есім жасалуындағы келесі заңдылық мағынаның жасалуына байланысты. Сан есім жасауға қатысатын нақтылы сандардан басқа бір мағынаның жасалуының тілде белгілі жолдары, заңдылықтары қалыптасқан. Ол заңдылықтар бойынша сан атауын жасаушы компоненттер, есептік сандар біріменбірі белгілі қарым-қатыста тұрады. Ол қарым-қатыстың нәтижесінде ғана басқа сандық атау туады. Олар төмендегідей екі түрлі заңдылыққа жинақталады:

1. Аналитикалық тәсіл арқылы жасалған сандық ұғым күрделі сандағы компоненттердің бір-біріне көбейтілуі арқылы жасалады: *екі жүз, бес мың, жеті жүз, екі мың, үш мың, сегіз мың, он бір мың, жүз мың, жүз елу мың, екі жүз он бес мың, үш жүз алпыс алты мың* т. б.[15] Компоненттердің көбейтілу тәсілі кез келген есептік сандардың тіркесіне қатысты емес. Ол белгілі компоненттен құралған күрделі сандарда ғана кездеседі. Анығырақ

[15] *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі: Морфология. Алматы, 1974. 203-б.

айтсақ, алдымен, жүздік сандар жасаушы компоненттер бір-бірімен көбейтіледі. Мысалы: *бір жүз, екі жүз, үш жүз* т. б. Мұндай күрделі сандарды жасауға қатысатын компоненттер белгілі ғана сан атаулары, олар: бірліктер мен жүз саны, яғни бұған он сөз ғана компонент бола алады. Олардың тоғызы бірліктер тек бірінші компонент болады, ал жүз деген сөз екінші компонент болады. Жүздік сан есімдердің жасалуында жүз саны тірек компонент болып, күрделі санда екінші орында тұрады. Мұнда бірінші компонент өзгеріп, тірек компонент өзгермейді: *төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз* т. б. Екіншіден, көбейтілу тәсілі мыңдық сандар атауының жасалуында қолданылады. Мысалы: *үш мың, он мың, жиырма жеті мың, бес жүз алпыс екі мың* т. б. Мұндай мыңдықтар атын жасауға қатысатын компоненттер өте көп, бірақ олардың ішінде тірек компонент бір ғана *мың* деген сөз, ол мыңдықтар жасауда соңғы компонент қана болады, ал оның алдынан келетін компонент алуан түрлі, оларға қатысатын сандар өте көп, сондықтан олар өзгеріп отырады да, тірек компонент қана өзгермейді. Мысалға, бірліктер, ондықтар, жүздіктер және осылар аралас сандар, олардың санын көрсету де қиын. Бұл заңдылық арқылы тілде есептік сандардың ішінен жүздік және мыңдықтардың аты жасалады.

2. Сандық ұғым күрделі сандардың компоненттерінің қосындысынан шығады[16]. Мысалы: *он+бір, жиырма+тоғыз, алпыс+сегіз, жүз+алпыс, жүз+сексен, жүз+он* т. б. Күрделі сан есім жасаушы компоненттердің сандық ұғымының қосындысынан жасалатын күрделі сан есімдер тілде өте көп және ондай күрделі сандарға қатысатын компоненттер де мол. Сондықтан бұл тәсіл есептік сан есімнің жасалуындағы өте өнімді тәсіл, өйткені ол компонент талғамайды, қолдану аясы кең, түрлі күрделі сан атауларының жасалуына қатыса береді. Мысалы: *қырық+бес, жүз+алпыс жеті, сегіз жүз+тоқсан тоғыз, алпыс екі мың+сегіз жүз сексен жеті т. б.*

Сөйтіп, есептік сандар түрлі сандардың жай ғана тіркесі емес, олардың бір-біріне не көбейтілуі, не қосындысы арқылы жаңа сандық мағына жасайтыны анықталды.

Аналитикалық тәсіл сан есімнің семантикалық топтарын жасауға да қатысады. Мысалы: *жүзге тарта, мың шамалы, жеті — сегіз* т. б. Бірақ онда аналитикалық тә-

[16] Сонда.

сіл онша өнімді емес, кейбір семантикалық топтарда ғана ол қызмет атқарады, бірақ оның мағына әсері де дәл есептік сандағыдай емес, өйткені онда нағыз сан атаулары жасалмайды, сандық ұғымға түрлі мағына ғана қосылады.

Сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуы өнімсіз, өйткені сан есімде сөзжасам қосымшалары өте аз дегенбіз. Бұл тұрғыда сан есім зат есім, сын есім, етістік сияқты сөз таптарымен мүлдем таласа алмайды, ол үстеу сияқты жұрнаққа кедей сөз табымен де тең түсе алмайды. Сан есім сөзжасамының бұл ерекшелігі өте ерте қалыптасқан. Алайда бірлі-жарым сандардың құрамында жекелеген қосымша кездесетінін айта кеткен жөн. Бірлік сандардың атауындағы **-ты/-ті, -ыз/-із** морфемаларының *алты, жеті, сегіз, тоғыз* сандарында қайталанып тұрғанына қарап, оларды осы сандарды жасаушы қосымша санау бар. Мұнымен бірге осы сандардың жасалуына негіз болып тұрған морфема, түбір *алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан* сандарының жасалуына да негіз болған. Тек бұл түбірлер қазіргі тілдерде жеке сөз ретінде қолданылмайды, бұл, әрине, **-ты/-ті, ыз/-із** қосымшаларының қандай мағыналы сөзден *алты, жеті, сегіз, тоғыз* сандарын жасағанын дәл айтуға мүмкіндік бермейді. Бірақ бұларды осы сан атауларын жасаған қосымша деп қарауға қайшы емес. Сондықтан сан есімдегі нақтылы сан атауын жасаушы қосымша дегенде тек осыларды ғана атауға болады.

Ал сан есім сөзжасамындағы синтетикалық тәсіл негізінен сан есім семантикалық топтарын жасайтын қосымшалармен байланысты. Сондықтан сан есімнің сөзжасам жұрнақтары мағына жағынан да басқа сөз таптарынан ерекшеленеді, өйткені олар мағына түрлендіруші қосымшаларға жатады. Сөзжасам теориясында түрленген мағына негіз сөзде (негіз сөз — туынды сөз жасауға негіз болған сөз) бар, негізді сөзде (негізді сөз — негіз сөзден жұрнақ арқылы жасалған туынды сөз) жоқ мағыналық компонент. Мұнда негіз сөз де, негізді сөз де бір сөз табына жатады[17]. Сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуында негіз сөз де, негізді сөз де тек сан есімге жатады. Сонымен бірге сан есім жұрнағы арқылы жасалған негізді сөздің мағынасында негіз сөзде жоқ үстеме мағы-

---

[17] Русская грамматика. М., 1982. Ч. 1. С. 265.

на болады. Мысалы: Олар *төртеу-ақ. Жетеудің* кемтігін жаба ала ма? (Ғ. Мұстафин). Келтірілген мысалдағы синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сан есімдер: *төртеу, жетеу.* Бұлардың жасалуына негіз болып тұрған сан есімдер: *төрт* және *жеті. Төртеу, жетеу* сандарының мағынасында негіз сөздердің (төрт, жеті) мағынасында жоқ жинақтық-заттық мағына бар. Бұл үстеме мағына негіз сөздегі *төрт, жеті* сандық ұғымының үстіне қосылған. Сонда негізді сөздің мағынасы негіз сөздің мағынасынан кеңігені көрініп тұр. Сөзжасам теориясы бойынша қашан да текті негіздің (производная основа) мағынасы негіздің (производящая основа) мағынасынан кең болуға тиісті. *Төртеу, жетеу* сөздерінің мағынасы осы теорияны растап, оған сай келіп тұр. Реттік саннан мысал келтіріп көрейік: *Екіншісі* — жан (Ғ. Мұстафин). Қызым *бірінші* класта оқиды (С. Мұқанов). Осы мысалдардағы *бірінші, екінші* деген реттік сандар *бір, екі* деген есептік саннан жасалған, негіз сөз де, негізді сөз де сан есімге, бір сөз табына жатады. Негіз сөздердің (бір, екі) мағынасына негізді сөздерде (бірінші, екінші) реттік мағына қосылған. Негізді сөздерде (бірінші, екінші) негіз сөздердің мағынасы және реттік мағына бар. Реттік мағына — негіз сөзге үстелген, қосылған мағына. Сөйтіп, негіз сөз бен негізді сөздің мағынасы тең емес болып шықты. Ол — заңды құбылыс. Туынды сан есімнің, яғни негізді сөздің мағынасы әр уақытта негіз сөздің мағынасынан кең болуға тиісті дегенбіз. Сол қағиданы бұл мысалдар да дәлелдеп тұр.

Келесі бір мәселе синтетикалық тәсіл арқылы жасалған сан есімдердің бәрінде сандық ұғым өзгеріп, екінші бір сандық ұғым жасала ма деген сұрақпен байланысты. *Төртеу, жетеу, бірінші* дегендердің бәрінде негізгі сандық ұғым өзгерген жоқ, оларға үстеме мағына ғана қосылды. Міне, бұл — сан есімнің синтетикалық тәсіл арқылы жасалуының өзіндік ерекшелігі. Сондықтан да біз сан есімнің синтетикалық сөзжасамы мағына түрлендіруші, құбылтушы топқа жатады деп санаймыз. Ал осыған орай сан есімнің синтетикалық сөзжасамы арқылы сан есімнің есептік сандардан басқа семантикалық топтары жасалады.

ЕСЕПТІК САНДАРДЫҢ СӨЗЖАСАМЫ

Есептік сандар нақтылы сандық ұғымды білдіреді, нақтылы сандық ұғымдарды атайды. Сан есім сөз табының негізін есептік сандар құрастырады. Олар сан есімнің басқа семантикалық топтарының жасалуына да негіз болады. Сондықтан сан есім құрамында есептік сандар ерекше орын алады, олардың атқаратын қызметі зор.

Тілдегі есептік сандар да құрамын толықтырып, байып отырған, ол басқа тілден сөз қабылдау жолымен байланысты емес. Қазақ тіліне орыс тілінен енген *миллион, миллиард* сөздерінен басқа сан атаулары кірмеген. Қалған есептік сандардың бәрі тілдің ішкі мүмкіндігі арқылы жасалған. Сан есім өз құрамын басқа сөз таптары арқылы байыта алмайтын болғандықтан, есептік сандар жаңа сандық ұғымдарды атауға өздері негіз болып, ішкі мүмкіндіктері арқылы жаңа сандық атаулар жасалып, толығып отырған.

Есептік сандар жасайтын қосымшалар жүйесі тілде қалыптаспаған сандық атаулар бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалған. Басқаша айтқанда, тілде есептік сан атауларының аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы қалыптасқан. Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алады дейтін болсақ, ол негізінен есептік санға қатысты.

Есептік сандар ішкі құрылысы жағынан сан алуан. Есептік сандарда көзге түсетін ерекшелік олардағы сандық қатарлар. Сандық қатарлар сандардың белгілі дәрежесіне байланысты. Мысалға *бірлік, ондық, жүздік, мыңдық, миллион, миллиардтар* сияқты сандық қатарларды көрсетуге болады. Әр сандық қатардың сандық аумағы барған сайын өсіп отырады.

Есептік сандардың әр қатарының аттары — тілде ертеден келе жатқан сандық атаулар. Олардың жасалу ізі бірлі-жарым жағдайда ғана диахрондық аспектіде байқалғаны болмаса, қазір олар негізгі түбір ретінде танылып жүр. Сондықтан есептік сандардың сөзжасамы олармен байланысты емес. Есептік сандардың сөзжасамы екі сандық қатардың арасындағы сандарға қатысты. Ал олар үнемі бір санмен екінші санның тіркесі арқылы жасалды. Осыдан келіп, есептік сандардың сөзжасамы күрделі сандар туғызады. Есептік санның сөзжасамында нақтылы сандардың аты жасалады. Нақтылы санның

аты жасалу — тек есептік сандарға ғана тән ерекшелік. Сан есімнің басқа семантикалық топтарында нақтылы сан атаулары жасалмайды. Сан есімнің семантикалық топтарында үстеме мағына ғана қосылады.

КҮРДЕЛІ САН ЕСІМДЕР

Сан есім сөзжасамында аналитикалық тәсіл негізгі орын алатындықтан, бұл сөз табы күрделі сан атауларына өте бай. Осы сөз табын негізінен күрделі сөздерден тұрады деуге боларлықтай, өйткені мұнда дара сан атаулары өте аз. Сондықтан аналитикалық тәсіл нәтижесінде жасалған күрделі сан атауларын арнайы сөз ету керек.

Тіліміздегі сан есім сөз табын құрайтын сөздердің жиырма шақтысы ғана дара сандар. Олар бірліктер мен сандық қатарлардың аты. Бірінші сандық қатар бірліктер болса, олар түгел дара сандардан тұрады, мұнда күрделі сан жоқ. Екінші сандық қатар — ондықтар, олар да тоғыз ондықтың атынан тұратын дара сандар. Мысалы: *он, жиырма, отыз, қырық, елу, алпыс, жетпіс, сексен, тоқсан.* Екінші қатар ылғи ондықтардың атынан тұрғанымен, бір ондықтан екінші ондыққа өте отырып, үшінші қатарға жету үшін, екінші мен үшінші қатар арасындағы сандарда екі сан араласады, олар: ондықтар мен бірліктер, яғни бұл күрделі сандар екі компоненттен тұрады. М.: *отыз бес, қырық сегіз, жетпіс тоғыз, сексен сегіз, тоқсан тоғыз* т. б.

Үшінші сандық қатардан бастап, әр сандық қатардың өз ішіндегі сандар да, бір сандық қатар мен келесі сандық қатардың арасындағы сандар да күрделі сандардан тұрады және олардың компоненттік құрамы да барған сайын өсе береді. Тек үшінші сандық қатарға жататын жүздіктер аты ғана екі компоненттен тұрады: *екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.* Бір жүздіктен екінші жүздікке, одан төртінші қатар мыңға дейінгі аралықтағы күрделі сандардың компоненттері үштен басталып, төртке дейін жетеді. Мысалы: *жүз алпыс бес, тоғыз жүз тоқсан тоғыз* т. б.

Сөйтіп, тіліміздегі сандық қатарлардың көбі күрделі сандардан тұратыны анықталды. Оның үстіне әр сандық қатарлардың арасындағы күрделі сандар да қосылады. Осының бәрі тілімізде күрделі сан атаулары көп екенін көрсетеді. Оқулықтарда бұл сөз табының сөздік құрамы

туралы ешбір нақтылы мағлұмат берілмейді, көбіне нақтылы көрсетіле алатыны жиырма-отыз шақты дара сандар ғана, ал миллионға дейінгі күрделі сандар 999980 екені анықталып отыр. Сан есім — сөзге бай сөз табының бірі, ол есімдік, шылау, үстеу, одағай сияқты сөз таптарынан әлдеқайда бай. Бірақ сандық ұғымды білдіретін сөздер негізінен күрделі атаулар болғандықтан, олардың дербес сөз ретінде танылмауы бұл сөз табының құрамын белгісіз қалдырып келеді. Осы олқылық жалғыз қазақ тіліне ғана қатысты деуге болмайды, мұндай жағдай көптеген тілдерге ортақ.

Екі я онан да көп сандардың бір-бірімен тіркесіп, құрамындағы сандардан басқа сандық ұғымды білдіретін түрі күрделі сан атаулары аталады. Мысалы: *алпыс бес, жүз тоқсан жеті, төрт жүз сексен сегіз, үш мың төрт жүз елу алты* т. б. Мысалда келтірілген төрт күрделі сан атауының біреуі — екі сөзден, екіншісі — үш сөзден, үшіншісі — төрт сөзден, төртіншісі — алты сөзден тұрады. Осы төрт күрделі атаудың құрамдары түрлі болғанымен, төртеуінің әрқайсысы да бір ғана күрделі сандық ұғымды білдіреді, яғни төртеуі — төрт түрлі санның аты. Күрделі сан атауының құрамы ең кемі екі сөзден тұрады, бұл — міндетті шарт, онан кем болуы мүмкін емес. Мысалы: *он бір, жетпіс екі, жүз бес, жүз отыз, мың бір* т. б.

Бірақ күрделі санның құрамы екіден әлдеқайда көп бола береді. Мысалға миллионға дейінгі күрделі сандардың ең көбі тоғыз сөзден тұрады: *тоғыз жүз сексен жеті мың алты жүз елу төрт, бір жүз он үш мың төрт жүз жиырма жеті* т. б. Мысалға келтірілген екі күрделі санның әрқайсысы тоғыз сөзден құралған. Миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан аспайды. Ал миллионнан асқанда ғана, одан жоғары болуы мүмкін. Ал миллионға дейінгі күрделі сандардың құрамы тоғыздан жоғары болуы мүмкін емес. Бұдан шығатын қорытынды — күрделі сан атауларының құрамы екі сөзден басталып, тоғыз сөзге дейін жетіп, миллионнан асып, триллионға дейін, одан да жоғары болуы мүмкін. Бірақ күрделі сандардың құрамы неғұрлым көбейген сайын күнделікті өмірде оның қолданылуы сирей береді. Күрделі сандардың мыңға дейінгі түрлері өмірде көп кездеседі, көбірек қолданылады, ал миллионға дейінгі күрделі сандар олардан әлдеқайда сирек қолданылады.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралса

да, олар тұтас бір сандық ұғымды білдіреді. Мысалға *он бір* деген мен *он екі* деген екі түрлі сандық ұғымды білдіреді. Бұлардың әрқайсысының мағынасы оның құрамындағы сандардың мағынасынан басқа-басқа. Он бір деген сан — *он* және *бір* деген сандардан мүлдем басқа сан және оның сандық ұғымы компоненттерінің сандық мәнінен үнемі жоғары болады. Сол сияқты *он екі* деген де жеке алған *он* және *екі* сандарының ешқайсысына тең емес және олардан сандық ұғымы жоғары. Олай болса бір сан мен екінші сан тіркескенде, үшінші бір олардан жоғары санның аты жасалады. Бұл күрделі сандардың жаңа мағына беруінің нағыз куәсы.

Тілдегі күрделі сандардың — әрқайсысының өзіндік мағынасы бар, әрқайсысы да белгілі санды білдіреді. Оларға синонимдік қасиет тән емес. Мысалы, тілдегі *қырық бес, елу бес, алпыс жеті, алпыс сегіз, жүз елу бес, екі мың алты жүз сексен тоғыз* сияқты күрделі сан атаулыны қанша тізе берсек те, олардың ешқайсысының білдіретін сандық ұғымы бірімен-бірі түйіспейді. Бұл арада күрделі сан атауларының мағына дербестігі тағы да дәлелденіп отыр, өйткені тілдегі әр күрделі сан атауының өзіндік мағынасы, өзіндік тұрақты құрамы бар, олар бірімен-бірі еш уақытта толық сәйкес келмейді. Күрделі сандардағы бұл құбылыс жалпы сөз атаулыға қойылатын ортақ шартқа сай келіп тұр. Тілдегі әр сөздің өзінше дыбыстық, морфемдік құрамы, мағынасы болу, сол арқылы сөз бір-бірінен ажырауы белгілі жалпы заң. Бірақ тілдік түрлі процестер бұл заңдылық өзгеріс енгізгені, түсінікті, сондықтан да тілде қазір құрамы да, мағынасы да ұқсас, сәйкес сөздер кездесетіні белгілі жағдай. Ал күрделі сандарға ондай өзгеріс енбеген, әр күрделі сан атаулары мағына жағынан да, құрамы жағынан да алғашқы қалпын сақтаған. Күрделі сан атауларының осы қасиеті оның сөз статусына қойылатын талапқа нақтылы сәйкестігін көрсетеді.

Күрделі сан атаулары бүгін ғана жасалған сөздер емес. Оның негізі тым әріде жатқаны жоғарыда айтылды. Әрине, күрделі сандардың бәрі бірден жасалды деген пікірден аулақпыз. Дегенмен күрделі сандардың жасалу тәсілі, модельдері ертеден келеді. Мысалға орхон жазбаларындағы күрделі сандарды келтіруге болады; ондықтар: *екон, учон, йетміш, сегіз он*; *ондық* пен *бірлік* аралас сандар: *йеті йегірмі, секіз йегірмі, алты отуз, йеті отуз,*

екі отуз, үч отуз, біс йегірмі, алты йегірмі, бір отуз; жүздіктер: йеті йуз, беш йуз, мыңдықтар — йеті бің, екі —үч бің, алты бің, бес түмен (елу мың) т. б.[18] Бұлардан ондық пен бірлік аралас сандарға өзгеріс енгені түмен сөзі біздің тілімізде сақталмағаны сияқты ерекшеліктер байқалады, бірақ күрделі сандардың жасалуындағы негізгі тәсілдер, модельдер, заңдылықтар сақталғаны анық. Бұған қарап күрделі сандардың тілде ұзақ уақыттарды қамтитыны байқалады. Бұл жағдайды да есептен шығаруға болмайды.

Күрделі сандардың құрамы қанша сөзден құралғанына қарамастан, олар сөйлемде бір сөздің қызметін атқарады, бір сөйлем мүшесі болады. Мысалы: Ауданның мүмкіншілігі содан екі есе жоғары — *алты жүз мың* қой өсіре алады (М. Әуезов). Осы мысалдағы алты жүз мың деген күрделі сан сөйлемнің бір ғана анықтауыш мүшесі болып тұр; оның орнына екі қой, жүз қой деп алсақ та, екі, жүз деген дара сандар да сондай анықтауыш болады. Сол сияқты екі, жүз дегендер қандай белгілі сандық ұғымды білдірсе, алты, жүз мың деген де сондай өзінше нақтылы сандық ұғымды білдіреді.

Күрделі сандардың дербес сөзге жататынын оларға сөйлемде қосылатын қосымшалар арқылы да дәлелдеуге болады. Тіліміздің жалпы заңдылығы бойынша сөйлемдегі сөздерді бірімен-бірін байланыстырушы қосымшалар сөз соңына жалғанады.

Күрделі сандар бір сөз болғандықтан, қосымшалар күрделі сандарды аяқтаған соңғы компонентіне жалғанады. Мысалы: Биыл олардың саны *екі жүз сексен екі мыңнан* асып отыр (СҚ.). Келтірілген мысалда шығыс септік жалғауы *екі жүз сексен екі мың* деген бес компоненттен тұратын күрделі санды аяқтап тұрған *мың* деген компоненке жалғанған. Бұл заңды, өйткені *мың* күрделі санның соңғы шегі, сөз *мың* компонентімен аяқталады, сондықтан қосымша оған жалғанған. Міне, бұл да күрделі сандардың дербес сөздік қасиетін көрсететін белгілердің бірі.

Күрделі сандар біртұтас сөз болғандықтан, олардың арасына еш уақытта ешбір морфема кіре алмайды, оларды бөліп айтуға болмайды. Күрделі сандар өз тұтастығын берік сақтайды. Әрбір күрделі сан үнемі бір құрамда,

---

[18] *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. С. 169—176.

компоненттерінің орын тәртібін қатал сақтап, тұрақты қолданылады. Бұл да — сөз құрамының тұрақтылығына байланысты жағдай, күрделі сандардың дербестігін дәлелдейді.

Күрделі сандар сөйлемге тілдегі дайын қалпында алынады. Бұл — тілдегі сөз атаулыға тән негізгі белгі. Сөйлем тілде бұрыннан жасалып қолданылып жүрген дайын лексикалық единицалардан құралады. Күрделі санның әрқайсысы да тілде көне замандардан келе жатқан, өткен замандарда жасалған, сондықтан олар сөйлемдегі жай сөз тіркестері сияқты әр сөйлем құрастырылған сайын жасалып отырмайды. Күрделі сандар тілдегі басқа сөздер сияқты дайын қалпында сөз тіркесінің бір компоненті ретінде ғана сөйлемге кіреді. Бұл да күрделі сандардың лексикалық дербестігіне дәлел.

Күрделі сөздердің дербес сөз ретінде танылмауына кедергі болып жүрген олардың құрамының күрделілігі, компоненттерінің бөлек жазылуы, бірікпеуі. Бұл белгі орыс тілі сияқты славян тілдерінде, индоевропа тілдерінде сөзді тануда қолданылады. Орыс тілінде сөздерді біріктіруші қосымша бар, ол тұрғанда, сөз бірігеді. Ал түркі тілдерінде ондай қосымша мүлдем жоқ. Осы құбылыс бұл тілдерде толып жатқан сөздердің сөз ретінде танылуына кедергі жасап, алғаш емле ережелерін анықтағанда кеткен кейбір олқылықтар нәтижесінде біріктіріп жазылатын талай сөздердің қазір бөлек жазылып жүргені де белгілі, көбі бірде бөлек, бірде бірге жазылып жүр. Бұдан шығатын қорытынды: сөздің бірге я бөлек жазылуы сөзді тануда түркі тілдерінде негізгі, шешуші белгі ретінде қарауға келмейді.

Әрине, күрделі сандардың компоненттері үнемі бөлек жазылып келеді, бұған емле ережесінің зияны тиді деген ұғым шықпайды. Ал бірге я бөлек жазылу түркі тілдерінде сөзді тануда шешуші қызмет атқара алмаса, онда ол күрделі сандардың сөз ретінде танылуына да кедергі болмауға тиіс.

Түркі тілдерінің өзіндік ерекшелігінің бірі — олардың күрделі сөзге байлығы. Мысалға күрделі сын есімдер, күрделі етістіктер оқулықтарда беріліп жүргені белгілі. Күрделі зат есімдер де кейде аталып жүр. Бұлардан басқа да сөз таптарында осындай тілдік элементтер бар. Осылардың бәрі түркі тілдерінің сөзжасам ерекшеліктеріне байланысты. Ал күрделі сөздерге ең бай сөз табы

сан есім, сондықтан олардың сөз статусы танылуы ол сөз табының байлығын танытады, тіл байлығын орынсыз, жасанды түрде кемітпейді.

Түркі тілдеріндегі сан есім бастаған күрделі сөздердің орны нақтылы анықталмағанын мынадан да көруге болады. Күрделі сөздер жай сөз тіркесіне жатпайды, өйткені олар сөйлемнің сөз тіркесінің бір компоненті ғана бола алатын, тілде бұрыннан бар тілдік элементтер. Күрделі сандар тұрақты сөз тіркестеріне де жатпайды, тұрақты сөз тіркестерінің белгілеріне сай емес. Сөз ретінде тағы нақтылы, толық танылып жүрген жоқ, сонда бұлардың тілдің қандай құбылысына жатуы да белгісіздеу қалып жүр. Тілде дара сандармен қатар күрделі сандардың барын басқа түркі тілдері де көрсетіп жүр[19]. Осы айтылғандардың бәрі күрделі сандардың сөз статусының танылуын қажет етеді.

КҮРДЕЛІ САНДАРДЫҢ ТІРЕК КОМПОНЕНТІ

Сөзжасам процесіне қатысатын элементтердің бәрінің қызметі бірдей деуге келмейді. Сөз синтетикалық тәсіл арқылы жасалғанда, қосымша, яғни сөз тудырушы жұрнақтың қызметі өте күшті, ол арқылы белгілі мағыналы туынды сөз жасалады және ол талай туынды сөздің жасалуына ұйытқы болады. Сол сияқты күрделі сөздің жасалуына негіз болатын, бірнеше күрделі сөздің жасалуына ұйытқы болатын сөздер де болады. Мысалы: *белбеу, желбау, оттегі, сутегі, қара ала, көк ала, қызыл ала* т. б. Осындағы *белбеу, желбау* сөздерінің жасалуына негіз болып тұрған компонент — *бау* деген сөз. *Оттегі, сутегі* дегендерде *тегі* деген компонент олардың жасалуына тірек болып тұр. Ал *көк ала, қара ала, қызыл ала* деген күрделі сөздердің жасалуына *ала* деген сөз ұйытқы болып тұр. Осы сияқты бірнеше күрделі сөздің жасалуына ұйытқы болатын сөздер күрделі сөздің тірек компоненті деп аталады.

Күрделі сандардың жасалуында да тірек компонент негізгі қызмет атқарады. Күрделі сандардың тірек компоненті, бірнеше күрделі санның жасалуына негіз болып, олардың бәрінің құрамынан бір орын алып, бәрінде бір мағына береді. Ондай күрделі сөздердің басқа компо-

---

[19] Грамматика современного башкирского литературного языка. М., 1981. С. 161.

ненті ауысып, тірек компонентке түрлі мағына қосып отырады. Ондық пен бірлік аралас күрделі санда жаңа мағына ондық пен бірліктің қосындысынан шығады. Мысалы: *он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз.* Мұнда он саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз күрделі сан жасаған. Әр ондық та осылайша тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз-тоғыздан күрделі сан жасайды. Ондықтардың тірек компонент болуы арқылы барлығы тілде 81 күрделі сан жасалған. Бұлардың бәрінде тірек компонент болатын ондықтар үнемі бірінші орында, ауыспалы компоненттер екінші орында тұрады.

Бірлік пен ондық аралас күрделі сандардың бәрінде тірек компоненттің мағынасы сақталып, олардың мағыналастығын туғызып отырады. Мысалға *отыз бір, отыз екі, отыз үш, отыз төрт, отыз бес, отыз алты, отыз жеті, отыз сегіз, отыз тоғыз* деген бір тірек компонент арқылы жасалған күрделі сандарда отыз санының мағынасы олардың бәрінің мағына ортақтығын, байланыстылығын туғызып тұр.

Тілде тірек компонент болатын сандар көп емес, олар: ондықтар, жүздіктер, мыңдықтар. Мысалға жүздіктердің тірек компонент болуын келтірейік. *Жүз* сөзі жүздіктердің жасалуына тірек компонент болады. Мысалы: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз. Жүз* саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз түрлі жүздіктің атын жасаған, яғни бұл модельде жүздіктердің аты жасалған. Осы күрделі сан атауларының жасалуына жүз саны негіз болып, бұл күрделі сандардың жасалуына ұйытқы, тірек компонент болып тұр.

Жүздіктердің атында тірек компонент екінші орында, ауыспалы компонент бірінші орында тұрады. Жүздіктердің мағынасы бірлік пен жүздіктің көбейтіндісінен шығады. Жасалған осы күрделі сандардың бәрінде жүз санының мағынасы бар, ол осы жүздіктердің мағына байланыстылығын туғызып, жаңа мағынаға өзек болып тұр. Осы жасалған әр жүздік бірліктермен де, ондықтармен де, ондық пен бірлікті бірден қосып алып та күрделі сан жасап, оның бәрінде тірек компонент болады. Мысалы: *екі жүз бір, үш жүз он, бес жүз он алты* т. б.

Сөйтіп, жүз саны жүздіктің түрлерін жасағанда да, жүздіктер мен ондық, бірліктер араласқан күрделі сан-

дардың жасалуына да тірек компонент ретінде қатысады. Жүз саны, ол арқылы жасалған жүздіктер тірек компонент ретінде қатысып, тілімізде өте көп күрделі сан атауын жасаған. Миллионға дейінгі күрделі сандардың жасалуында тірек компонент қызметінде қолданылатын сандардың ең өнімдісі — мыңдықтар, мыңдықтардың түрлері де мол. Олардың әрқайсысы талай күрделі сандардың жасалуына негіз болады, анығырақ айтсақ, ондық пен жүздіктер арқылы жасалған күрделі сандарды шығарғанда, қалған күрделі сандардың бәрі мыңдық арқылы жасалады. Мысалға мың саны тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз мыңдықтың атын жасайды: *бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, сегіз мың, тоғыз мың.* Мыңдықтар бірлікпен ғана жасалып қоймайды, ол ондықпен де, жүздікпен де, жүздік аралас күрделі сандармен де тіркесіп жасала береді. Мысалы: *он мың, жүз мың, жүз елу мың, тоғыз жүз тоқсан тоғыз мың* т. б. Бұлардың барлығында тірек компонент — *мың* саны. Ол соңғы орында тұрады, ауыспалы компоненттер тірек компоненттің алдында тұрады. Тірек компоненттің мағынасы бұл күрделі сандардың бәріне ортақ, бәрінің мағына байланыстылығын туғызады.

Осы жасалған мыңдықтар өзіне түрлі сандарды қосып алып, тірек компонент ретінде миллионға дейінгі басқа да түрлі күрделі сандарды жасайды: *жүз елу алты мың алты жүз жетпіс сегіз, жүз елу алты мың сегіз жүз тоқсан тоғыз* т. б. Бұларда тірек компонент болып тұрған сан *жүз елу алты мың.* Осы сияқты мыңдықтар күрделі сандардың жасалуына негіз болады. Мыңдықтардың атында мың саны тірек компонент болғанда, күрделі санның соңғы компоненті болады, ал мыңдықтардың үстіне қосылған миллионға апаратын күрделі сандарға тірек компонент болған мыңдықтар бірінші орында тұрып, ауыспалы компонент соңында тұрады.

Сөйтіп, күрделі сан есімде тірек компоненттің орны екі түрлі, ол күрделі санның алғашқы компоненті де, соңғы компоненті де бола береді. Мысалға ондық пен бірлік аралас күрделі сандарда тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Мысалы: *он бір, отыз екі, қырық бес* т. б. Ал жүздіктер мен мыңдықтарда екі түрлі заңдылық бар. I. Жүздік, мыңдықтардың аттары жасалғанда, жүз, мың сандары тірек компонент қызметінде күрделі санның соңғы компоненті бо-

лады. Мысалы: тоғыз+*жүз,* сегіз+*жүз*, алты+*мың,* жүз +*мың,* екі жүз алпыс екі+*мың* т. б. Ал жүздіктердегі мыңға, мыңдықтардан миллионға дейінгі, жүздіктердің, мыңдықтардың үстіне қосылатын сандардың бәрі ауыспалы компонент болып, күрделі сандардың соңында тұрады. Мұндай күрделі сандарда жүздіктер, мыңдықтар тірек компонент қызметінде күрделі санның алдында тұрады. Мысалы: *алты жүз+елу бес, сегіз жүз+жетпіс үш* т. б. Бұдан жүздіктер мен мыңдықтардың тірек компонент қызметінде күрделі сандарда бірінші орында да, екінші орында да тұра беретіні анықталды, олардың күрделі санда қай орында тұруы қандай сандарды жасауына байланысты. Біз миллионға дейінгі күрделі сандармен шектелгендіктен, одан жоғарғы сандардың тірек компоненті мұнда сөз етілмейді.

Күрделі сандардың жасалуына ұйытқы болатын тірек компоненттер туралы келесі бір мәселе олардың құрамы туралы. Күрделі сандарға тірек компонент болатын сандар дара да, күрделі де бола береді. Мысалы: *отыз+екі, алпыс+бес, екі×жүз, үш×жүз, бес×мың, тоғыз×мың, жүз×мың* т. б. Мұнда келтірілген күрделі сандар да тірек компонент арқылы жасалған. Ал *жүз сексен жеті мың+алты жүз алпыс екі, бес жүз+тоқсан бес* деген сияқты күрделі сөздердің алғашқысында тірек компонент төрт сөзден тұрады, соңғысында екі сөзден тұрады. Күрделі сан жасаушы тірек компоненттің құрамы түрлі болатыны — заңды құбылыс, өйткені тілдегі сандардың құрамы түрліше. Олардың әрқайсысы сан жасауға қатысады, сондықтан да күрделі сандар жасаушы компоненттердің құрамы түрліше бола береді.

КҮРДЕЛІ САНДАРДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ

Сан есім сөз табындағы мол күрделі сандар көне замандардан әбден қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Күрделі сандар белгілі модельдер, тәсілдер арқылы жасалған. Олардың жасалуында тарихи тұрғыда кейбір өзгерістер болғаны да белгілі. Мысалға орхон жазба ескерткіштері кезінде ондық пен бірлік араласқан күрделі сандардың жасалуында екі түрлі модель болған. Олардың бірі — қазіргі тілде сақталған модель, бұл модельде әуелі ондық, одан соң бірлік тұрады (О+Б): *он бір, отыз екі, қырық бес, алпыс жеті, сексен*

тоғыз т. б. Екінші модель қазіргі қазақ тілінде сақталмаған, ол модель бойынша алдымен бірлік, одан кейін ондық тұрған және ол ондық бірліктің қай ондықтың бірлігі екенін көрсеткен, яғни ол әлі толмаған ондықтың аты. Мысалы, *бір жиырма*, *екі жиырма, үш жиырма* дегендерде бар, толық ондық мүлдем аталмаған, бірліктердің қай ондықтың *(жиырманың)* бірлігі екені ғана аталған. Қазіргі тілмен айтқанда, бұлар *он бір, он екі, он үш* дегенді білдіреді. Көне түркі тілінде қатарласа қолданылған осы екі модельдің қазіргі қолданылып жүрген түрі екінші модельді ығыстырып шығарған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл модельдердің негізінен бірінші түрі ғана сақталған. Осы модельдің екінші түрі он бірден жиырма тоғызға дейін сары ұйғыр тілінде сақталған[20].

Аталған жағдайдың өзі аналитикалық тәсілдің сан есімдегі көне тәсіл екенін көрсетеді. Аналитикалық тәсілдің сан есімде негізгі орын алуына байланысты күрделі сан есімдердің белгілі модельдер арқылы жасалуы қалыптасқан.

Күрделі сандар жасалған модельдерді айқындау үшін, төмендегі жағдайлар ескеріледі.

1. Миллионға дейінгі барлық күрделі сандарды толық қамту мақсаты көзделді.

2. Модель ең кіші күрделі сандардан басталып, миллионға жеткенге дейінгі күрделі сандардың өсу жолына негізделді. Мысалға ең төменгі сатыдағы күрделі сандар ондық пен бірліктердің тіркесі арқылы жасалып, ол тоқсан тоғыз санымен бітеді. Бұдан соңғы сан — жүздіктер, олар бірліктер мен жүз санының тіркесі арқылы жасалады. Міне, осы ретпен сан өскен сайын модельдердің құрамы да күрделене отырып, ең жоғарғы күрделі сан жасалатын тоғыз компоненттен құралатын 57 модельмен бітеді. 58-модель тек мыңның мыңға көбейтілуінен миллион санын береді, мұның саны үлкен болғанмен, құрамы онша күрделі емес.

3. Сандық ұғымдардың өсу принципіне негізделе отырып, сан жасауға қатысқан компоненттерден олар арқылы жасалған сан қашанда артық, үлкен болатыны есепке алынды.

Белгілі компоненттер арқылы жасалған күрделі сан өз компоненттерінің қайсысынан да үлкен сан болады.

---

[20] *Тенишев Э. Р.* Строй сарыг-югурского языка. М., 1976. С. 72.

лады. Мысалы: тоғыз+*жүз*, сегіз+*жүз*, алты+*мың*, жүз +*мың*, екі жүз алпыс екі+*мың* т. б. Ал жүздіктердегі мыңға, мыңдықтардан миллионға дейінгі, жүздіктердің, мыңдықтардың үстіне қосылатын сандардың бәрі ауыспалы компонент болып, күрделі сандардың соңында тұрады. Мұндай күрделі сандарда жүздіктер, мыңдықтар тірек компонент қызметінде күрделі санның алдында тұрады. Мысалы: *алты жүз+елу бес*, *сегіз жүз+жетпіс үш* т. б. Бұдан жүздіктер мен мыңдықтардың тірек компонент қызметінде күрделі сандарда бірінші орында да, екінші орында да тұра беретіні анықталды, олардың күрделі санда қай орында тұруы қандай сандарды жасауына байланысты. Біз миллионға дейінгі күрделі сандармен шектелгендіктен, одан жоғарғы сандардың тірек компоненті мұнда сөз етілмейді.

Күрделі сандардың жасалуына ұйытқы болатын тірек компоненттер туралы келесі бір мәселе олардың құрамы туралы. Күрделі сандарға тірек компонент болатын сандар дара да, күрделі де бола береді. Мысалы: *отыз+екі, алпыс+бес, екі×жүз, үш×жүз, бес×мың, тоғыз×мың, жүз×мың* т. б. Мұнда келтірілген күрделі сандар да тірек компонент арқылы жасалған. Ал *жүз сексен жеті мың+алты жүз алпыс екі, бес жүз+тоқсан бес* деген сияқты күрделі сөздердің алғашқысында тірек компонент төрт сөзден тұрады, соңғысында екі сөзден тұрады. Күрделі сан жасаушы тірек компоненттің құрамы түрлі болатыны — заңды құбылыс, өйткені тілдегі сандардың құрамы түрліше. Олардың әрқайсысы сан жасауға қатысады, сондықтан да күрделі сандар жасаушы компоненттердің құрамы түрліше бола береді.

КҮРДЕЛІ САНДАРДЫҢ МОДЕЛЬДЕРІ

Сан есім сөз табындағы мол күрделі сандар көне замандардан әбден қалыптасқан заңдылықтар бойынша жасалады. Күрделі сандар белгілі модельдер, тәсілдер арқылы жасалған. Олардың жасалуында тарихи тұрғыда кейбір өзгерістер болғаны да белгілі. Мысалға орхон жазба ескерткіштері кезінде ондық пен бірлік араласқан күрделі сандардың жасалуында екі түрлі модель болған. Олардың бірі — қазіргі тілде сақталған модель, бұл модельде әуелі ондық, одан соң бірлік тұрады (О+Б): *он бір, отыз екі, қырық бес, алпыс жеті, сексен*

тоғыз т. б. Екінші модель қазіргі қазақ тілінде сақталмаған, ол модель бойынша алдымен бірлік, одан кейін ондық тұрған және ол ондық бірліктің қай ондықтың бірлігі екенін көрсеткен, яғни ол әлі толмаған ондықтың аты. Мысалы, *бір жиырма, екі жиырма, үш жиырма* дегендерде бар, толық ондық мүлдем аталмаған, бірліктердің қай ондықтың *(жиырманың)* бірлігі екені ғана аталған. Қазіргі тілмен айтқанда, бұлар *он бір, он екі, он үш* дегенді білдіреді. Көне түркі тілінде қатарласа қолданылған осы екі модельдің қазіргі қолданылып жүрген түрі екінші модельді ығыстырып шығарған. Қазіргі түркі тілдерінде бұл модельдердің негізінен бірінші түрі ғана сақталған. Осы модельдің екінші түрі он бірден жиырма тоғызға дейін сары ұйғыр тілінде сақталған[20].

Аталған жағдайдың өзі аналитикалық тәсілдің сан есімдегі көне тәсіл екенін көрсетеді. Аналитикалық тәсілдің сан есімде негізгі орын алуына байланысты күрделі сан есімдердің белгілі модельдер арқылы жасалуы қалыптасқан.

Күрделі сандар жасалған модельдерді айқындау үшін, төмендегі жағдайлар ескеріледі.

1. Миллионға дейінгі барлық күрделі сандарды толық қамту мақсаты көзделді.

2. Модель ең кіші күрделі сандардан басталып, миллионға жеткенге дейінгі күрделі сандардың өсу жолына негізделді. Мысалға ең төменгі сатыдағы күрделі сандар ондық пен бірліктердің тіркесі арқылы жасалып, ол тоқсан тоғыз санымен бітеді. Бұдан соңғы сан — жүздіктер, олар бірліктер мен жүз санының тіркесі арқылы жасалады. Міне, осы ретпен сан өскен сайын модельдердің құрамы да күрделене отырып, ең жоғарғы күрделі сан жасалатын тоғыз компоненттен құралатын 57 модельмен бітеді. 58-модель тек мыңның мыңға көбейтілуінен миллион санын береді, мұның саны үлкен болғанмен, құрамы онша күрделі емес.

3. Сандық ұғымдардың өсу принципіне негізделе отырып, сан жасауға қатысқан компоненттерден олар арқылы жасалған сан қашанда артық, үлкен болатыны есепке алынды.

Белгілі компоненттер арқылы жасалған күрделі сан өз компоненттерінің қайсысынан да үлкен сан болады.

---

[20] *Тенишев Э. Р.* Строй сарыг-югурского языка. М., 1976. С. 72.

Бұл — күрделі сан жасаудың негізіне жататын белгі, сондықтан ол барлық модельге қатысты.

4. Әр модель арқылы жасалған күрделі сандар құрамы жағынан да компоненттерінен күрделі болуға тиіс.

Мысалы: *он бір, жүз алпыс екі, үш мың сексен тоғыз* т. б. Бұл күрделі сандар түрлі компоненттерден жасалған, *он бір* санында *он* және *бір* деген дара сандардан екі компонентті күрделі сан шыққан, *жүз алпыс екі* деген сан *жүз* деген дара және *алпыс екі* деген екі компонентті күрделі саннан үш компонентті күрделі сан жасалған, *үш мың сексен тоғыз* деген төрт компонентті күрделі сан екі компонентті екі күрделі саннан жасалған. Сонда күрделі санның құрамы компоненттерінің қайсысының болсын құрамынан күрделірек болып шығады, өйткені екі компоненттің құрамындағы сандардың бәрі біртұтас күрделі сандардың құрамына кіреді.

5. Әр модельде жасалған сандар бірінен-бірі басқа-басқа сандар болуға тиіс.

Миллионға дейінгі есептік сандардың тіркесімін зерттегенде, олардың 58 модель бойынша жасалатыны анықталды. Осы модельдерді көрсету үшін төмендегі таңбалар қолданылды:

1) көбейту тәсілі — Х; 2) қосу тәсілі — +; 3) бірліктер — Б; 4) ондықтар — О; 5) жүздіктер — Ж; 6) мыңдық — М.

Енді әр модельге жеке тоқталайық.

1. О+Б: *он бір, он бес, жиырма төрт, отыз бес, қырық екі, елу үш, алпыс алты, жетпіс сегіз, сексен тоғыз, тоқсан жеті* т. б. Бұл модель ондықтар мен бірліктердің тіркесін толық қамтиды, яғни тілдегі тоғыз ондықтың әрқайсысы тоғыз бірлікпен тіркесіп, ондық пен бірліктен тұратын күрделі сандардың атын жасаған. Осы формула бойынша ондықтар мен бірліктердің тіркесінен жасалған күрделі сан атауларының жасалуында ондық сандардың аты тірек компонент болады, ал бірліктер ауыспалы компонентке жатады: *он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, он алты, он жеті, он сегіз, он тоғыз.* Осы тоғыз сан атауының жасалуына негіз болып тұрған сөз — *он* саны. Ол әр бірлікті қосып алып, екеуінен де басқа үшінші санның атының жасалуына негіз болған. Сол сияқты әр ондық бірліктермен қосылып, осындай ондық пен бірліктен тұратын сандардың атын жасайды. Мысалы: *жиырма алты, жиырма сегіз, отыз тоғыз, отыз*

жеті, қырық бес, қырық сегіз т. б. Модель бойынша жасалған күрделі сан атауларын *он* және *елу* сандары тірек компонент болу арқылы жасалған күрделі сандардың схемасы арқылы көрсетейік:



Модель бойынша күрделі сан жасауға дара сан атаулары ғана қатысады, олар ондықтар және бірліктер. Ондықтар тірек компонент болады, бірліктер ауыспалы компонент болады. Күрделі санда тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Әр ондық тірек компонент ретінде тоғыз бірлікпен тіркесіп, тоғыз күрделі сан атауын жасайды, ол жоғарыдағы схемадан көрініп тұр. Бұл күрделі сандардың ұғымы олардың құрамындағы компоненттердің мағыналарының қосындысынан шығады.

2. Б х Ж: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.* Кейде бір сан есімімен де *жүз* саны тіркеседі, бірақ одан сан атауы жағынан өзгеріс енбейді, өйткені *бір жүз* десек те, *жүз* десек те сандық ұғымда өзгеріс болмайды. Бұл модельмен жасалған сан атауларының саны — тоғыз. Осы модельдің алғашқы модельден айырмасы төмендегідей; Бірінші модель бойынша жасалған сан атаулары күрделі санның құрамына енген дара сандардың мағына қосындысынан құралады. Ал екінші модель бойынша жасалатын сандық мағына күрделі санның құрамындағы сандардың көбейтіндісінен шығады, ол мо-

дельде көбейту белгісі арқылы көрсетілді. Бұл модель бойынша жасалатындар — бірлік еселік жүздіктер атауы, мұнда күрделі санның жасалуына *жүз* сөзі негіз болып, ол күрделі санда тірек компонент болады да, күрделі сөз құрамында тірек компонент екінші орында тұрады, ал күрделі санның ауыспалы компоненттері — бірліктер, олар тірек компоненттің алдында тұрады.

3. Б×Ж+Б: *екі жүз бес, үш жүз үш, төрт жүз екі, бес жүз алты, алты жүз жеті* т. б. Модель жүздік пен бірлік араласқан сандарды жасайды. Модель бойынша үш компонентті күрделі сан атауы жасалады. Осы күрделі сан есімдердің жасалуына негіз болатындар, жүздіктердің атаулары: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.* Бұл атаулардың әрқайсысы өзіне бірліктердің атын қосып алып, тоғыз тоғыздан сан атауын жасайды. Олардың бәріне негіз болатын — жүздік атаулары, ол күрделі сан есімдерде тірек компонент болады да, күрделі сөзде бірінші орында тұрады. Әр тірек компонент өзі арқылы жасалған тоғыз күрделі сан атауында тірек компонент қызметін атқарады. Модельмен күрделі сан төмендегі үлгі бойынша жасады:



Әр жүзден осы сияқты тоғыз күрделі сан атауы жасалады. Модель жүздік пен бірлік араласқан күрделі сандарды жасайды. Олардың бәрінде тоғыз тірек компонент

бар, олар — жүздіктер. Тірек компонентке қосылған ауыспалы компонент те тоғыз, олар — бірліктердің аты, күрделі сөзде екінші орында тұрады. Бірліктердің аты тоғыз тірек компонентпен де қайталанып отырады. Мысалы: *екі жүз бір, үш жүз бір, төрт жүз бір, бес жүз бір, алты жүз бір, жеті жүз бір, сегіз жүз бір, тоғыз жүз бір.* Бұл модельде сандық ұғым тірек компонентпен бірлік санның қосындысынан шығады: *үш жүз бес, төрт жүз алты* т. б. 3-модельмен жасалған күрделі сан атаулары сияқты әрқайсысы өзінше сандық ұғымды білдіреді.

4. Б х Ж+О. Модель бойынша жүздіктер мен ондықтан тұратын күрделі сандар жасалады: *жүз он, екі жүз отыз, бес жүз жиырма, үш жүз қырық, алты жүз елу, сегіз жүз тоқсан, тоғыз жүз сексен* т. б. Бірлік еселік әр жүздік аты 9 ондықпен тіркеседі де, тоғыз сан атауын, тоғыз сандық ұғым жасайды. Модель арқылы үш компонентті күрделі сан атауы жасалады. Осы сандардың жасалуына бірлік еселік тоғыз жүздік сан негіз болады, сондықтан бұл күрделі сандарда тоғыз тірек компонент бар.

Олар жүздік пен ондық аралас күрделі сандарда бірінші компонент болады да, ауыспалы компонент екінші орында тұрады және олар — ондық сандар ғана. Жүздік сандардың аты көбейтілу арқылы бірлік пен жүз деген сөзден құралатын болғандықтан, мұнда тірек компонент күрделі сөз болады. Бір жағдайда тірек компонент дара сөзден де тұра алады. Онда *бір жүз елу, бір жүз алпыс, бір жүз қырық* деген сияқты тіркесте бір сан есімі барлық жерде қолданыла бермейді, дәл жоғарыдағы мәнде олардың *жүз елу, жүз алпыс, жүз қырық* түрінде қолданылуы жиі кездеседі. Ал бұл сандар одан да үлкен сандардың құрамында келгенде, бір санының тіркесуі міндетті болады: *екі мың бір жүз жетпіс, бес мың бір жүз қырық, үш мың бір жүз алпыс* т. б. Модель тілде өте жиі қолданылатын сан атауларын жасайды. Олардың әрқайсысының құрамында үш сөзден болады. Модель арқылы осы күрделі сандардың жасалуын жүздіктер саны тірек компонент болу арқылы жасалған күрделі сандардың үлгісімен көрсетейік:



5. Б×Ж+О+Б. Модель бойынша жүздіктер мен ондық, бірлік аралас сан атаулары жасалады: *жүз он бес, екі жүз қырық алты, бес жүз жиырма тоғыз*, *алты жүз алпыс сегіз* т. б. Осы модель арқылы тілімізде бірсыпыра күрделі сан жасалады. Бұл күрделі сандардың жасалуына екінші модель бойынша жасалған жүздіктердің күрделі аты тірек компонент болып, әр тірек компонент арқылы тоғыз күрделі сөзден жасалады. Ал ауыспалы компоненттер — ондықтар мен бірліктерден тұратын бірінші модель бойынша жасалған күрделі сөздер. Сөйтіп, бұл модельде әр тірек компонент 81 күрделі сөзге негіз болады. Модель арқылы жасалған күрделі сөздердің тірек компоненттері де, ауыспалы компоненттері де күрделі сөздерден болады. Модельмен күрделі сандар төмендегі үлгі бойынша жасалады:



Үлгіде жүзге қосылатын ондықтардың біреуі ғана келтірілді. Осы сияқты үлгіде ондықтардың біреуін ғана беру кейінгі модельдерде де кездеседі.

6. Б х М. Бұл модель арқылы мыңдық сандар аты жасалады: *бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, бес мың, алты мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың.* Модель өнімсіз, ол арқылы тек жоғарыда берілген тоғыз күрделі сан атауы жасалған. Модельдегі негізгі амал — көбейту, яғни мұндағы күрделі сан ұғымы компоненттердің бірбірімен көбейтілуі арқылы жасалады. Бұл күрделі сандардың жасалуына мың деген сөз негіз болады, сондықтан ол күрделі сөздегі тірек компонент болады да, күрделі атауда екінші орында тұрады. Тірек компоненттің мағынасы ол арқылы жасалған барлық күрделі санға ортақ, сондықтан осы тірек компонент одан жасалған туынды күрделі сандардың мағына байланыстылығын туғызады. **Мың** сөзі тілде күрделі сан атауларын жасауда өте өнімді тірек компонент, сондықтан ол арқылы жасалатын күрделі сан атаулары жалғыз осы модельдегі сан атаулары ғана емес, бұл — ең аз түрі.

7. Б×М+Б. Модель алтыншы модель арқылы жасалған мыңдықтар мен бірлік сандардың қосындысы арқылы мыңдық пен бірлік аралас күрделі сандардың атауын жасайды. Жоғарыдағы бір мыңнан тоғыз мыңға дейінгі мыңдық сандардың әрқайсысы тоғыз бірлікпен қосылып, күрделі сан атауын туғызады. Бұл күрделі сандардың жасалуына негіз болатын тоғыз күрделі сан бар, олар: *бір мың, екі мың, үш мың, төрт мың, алты мың, жеті мың, сегіз мың, тоғыз мың.* Осы тоғыз күрделі сан мыңдық пен бірлік аралас күрделі сан атауының жасалуына негіз болады, яғни оларда тірек компонент болады. Бұл сандарда тірек компонент алдымен келеді де, ауыспалы компонент соңында тұрады; *бес мың бір, бір мың екі, бес мың үш, бес мың төрт, бес мың бес, бес мың алты, бес мың жеті, бес мың сегіз, бес мың тоғыз* т. б. Мұндай күрделі сандар қосу тәсілі негізінде жасалады. Үлгі төмендегідей:





8. Б х М+О. Бұл модель мыңдықтар мен ондық сандар аралас күрделі сан атауларын жасайды: *екі мың отыз, үш мың жиырма, бес мың алпыс, сегіз мың тоқсан* т. б. Мыңдық пен ондық аралас күрделі санның жасалуына алтыншы модель арқылы жасалған бір мыңнан тоғыз мыңға дейінгі мыңдық сандар негіз болады, сондықтан олар мұнда да тірек компонент болады. Күрделі санда бірінші орында тұрады, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Әр мың тоғыз ондықпен тіркесіп, жеке-жеке сандық ұғым жасайды да, бұл модельмен үш компонентті күрделі сан атауы жасалады. Олар тоғыз мағыналас топтан тұрады, өйткені әр тірек компонент арқылы тоғыз күрделі сан атауы жасалады. Сөйтіп, әр топқа бір тірек компонент негіз болғандықтан, олар іштей мағынасы жақын, ортақ мағынасы бар күрделі сандар болады. Үлгі:



9. Б х М+О+Б. Модель мыңдық сан мен ондық және бірлік аралас күрделі сандардың жасалуын көрсетеді. Ол күрделі сандар мыңдық пен екі таңбалы сандардың қосындысынан жасалады. Екі таңбалы сандар деп отырғанымыз — бірінші модель бойынша ондық пен бірліктің қосындысынан жасалған сандар. Мұнда мыңдықтар күрделі санның жасалуына негіз болады да, күрделі сөздің тірек компоненті болады. Ауыспалы компонент екі таңбалы ондық пен бірліктен тұратын күрделі сандардан болады. Модельде тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Осы модельмен жасалған сандардың үлгісін мыңдық санының тірек компонент болып, отыз деген ондықтың бірлікпен келген түрімен тіркесу үлгісі арқылы көрсетейік:

бір			бір
екі			екі
үш			үш
төрт			төрт
бес	→ мың отыз →		бес
алты			алты
жеті			жеті
сегіз			сегіз
тоғыз			тоғыз

Модель бойынша жасалатын сандарға тоғыз күрделі сан тірек компонент болады, ал онымен тіркесетін ауыспалы компоненттердің саны — сексен бір. Сонда бұл модельмен төрт компонентті күрделі сан атауы жасалады.

10. О х М. Бұл модель арқылы ондық еселік мыңдықтар аты жасалады. Мысалы: *он мың, жиырма мың, отыз мың, қырық мың, елу мың, алпыс мың, жетпіс мың, сексен мың, тоқсан мың.* Модель онша өнімді емес, мұнда тоғыз күрделі санның аты жасалды. Оларға мың саны не-

гіз болып тұр, бәрі бір тірек компонент арқылы жасалған тірек компонент — мың деген сөз күрделі санда екінші орында тұр, ауыспалы компоненттер ондықтар, олар бірінші орында тұр. Сондықтан олардың бәрінің мағына байланысы бар. Осы күрделі сандар көбейту тәсілі арқылы жасалған. Көбейту тәсілі арқылы сан есім жасалғанда, ауыспалы компонент бірінші орында, тірек компонент екінші орында тұрады.

11. О х М+Б. Модель мыңдық пен бірліктің қосындысынан шығатын сандардың жасалуын көрсетеді. Оны мына үлгіден көруге болады:



Бұл модельде сегізінші модель бойынша жасалған ондық еселік мыңдықтар негіз сөз болады, яғни олар тірек компонент болады. Әр тірек компоненттен тоғыз сан атауы жасалады. Мұнда үш компоненттен тұратын күрделі сан атауы жасалған. Бұл модельде тірек компонент күрделі сөзден болады, ауыспалы компонент дара саннан болады. Тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, бұл модельмен жасалған күрделі сандардың мағынасы компоненттердің мағынасының қосындысынан шығады.

12. О×М+О. Бұл модель арқылы мыңдық пен ондық аралас күрделі сандар жасалады. Оны төмендегі үлгіден көруге болады:

он		он
жиырма		жиырма
отыз		отыз
қырық		қырық
елу	→ мың →	елу
алпыс		алпыс
жетпіс		жетпіс
сексен		сексен
тоқсан		тоқсан

Мұндай күрделі сандар әр он еселік мыңдықтар атауларынан жасалады. Он еселік мыңдықтар тілімізде тоғыз, оны онынші модельде келтіргенбіз. Сол тоғыз күрделі сан атауы осы модельде түгел негіз сөз қызметін атқарады, яғни олар осында күрделі сөздегі тірек компонент болады да, күрделі сөзде бірінші орында тұрады, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, екеуінің қосындысынан күрделі сандық ұғым шығады. Модель арқылы үш компоненттен құралған күрделі сан атауы жасалған.

13. О х М+О+Б. Модель арқылы он еселік мыңдықтар мен ондық және бірлік аралас сандар жасалған.

он		бір
жиырма		екі
отыз		үш
қырық		төрт
елу	→ мың тоқсан →	бес
алпыс		алты
жетпіс		жеті
сексен		сегіз
тоқсан		тоғыз

Бұл модельде 10-модель бойынша жасалған ондық еселік мыңдықтар тірек компонент болады, ал ауыспалы компоненттер—1-модель арқылы жасалған екі таңбалы сандар. Осы модельде тоғыз тірек компонент пен 81 ауыспалы компоненттің қатысуы арқылы төрт компонентті күрделі сан аты жасалады. Мұндай күрделі сан атаулары тірек компоненттегі сан мен ауыспалы компоненттегі санның қосындысынан туады. Осы модель арқылы жасалған күрделі сан атауларында тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады.

14. О+М+Б+Ж. Модель бойынша ондық еселік мыңдық сандар мен жүздіктердің қосындысынан шығатын сандар жасалады. Мысалға төмендегі үлгіні келтірдік:

он			бір	
жиырма			екі	
отыз			үш	
қырық			төрт	
елу	→ мың →		бес	→ жүз
алпыс			алты	
жетпіс			жеті	
сексен			сегіз	
тоқсан			тоғыз	

Мұнда тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, күрделі сан атауы компоненттегі сандардың қосындысынан шығады. Модель арқылы жасалған күрделі сандарда мыңдықтар негіз сөз, тірек компонент болады, жүздіктер күрделі сөзде ауыспалы компонент болады. Әр мыңдық тоғыз күрделі сөздің жасалуына негіз болады, сонда бұл модель арқылы төрт компоненттен тұратын күрделі сан атауы жасалған.

15. О×М+Б+Ж+Б. Бұл модель арқылы мыңдықтар мен жүздік пен бірлік араласқан күрделі сан атауы жасалған. Мысалы: *қырық мың бір жүз бір, қырық мың*

бір жүз екі, қырық мың бір жүз үш, қырық мың бір жүз төрт, қырық мың бір жүз бес, қырық мың бір жүз алты, қырық мың бір жүз жеті, қырық мың бір жүз сегіз, қырық мың бір жүз тоғыз т. б. Үлгіде мыңдықтар және бірлікпен келген жүздіктер алынды.

он		бір		бір
жиырма		екі		екі
отыз		үш		үш
қырық		төрт		төрт
елу	→ мың →	бес	→ жүз →	бес
алпыс		алты		алты
жетпіс		жеті		жеті
сексен		сегіз		сегіз
тоқсан		тоғыз		тоғыз

Бұл мыңдықтар осы жолмен бірліктер мен келген барлық жүздіктер арқылы талай күрделі сан жасайды. Басқаша айтқанда, мұндағы мыңдық сандар өзіне бірлікпен келген әр жүздікті қосып алып, солардың қосындысынан түрлі күрделі сан атауын жасайды. Олардың әрқайсысы бес компоненттен тұрады.

Бұл күрделі атауларға оныншы модель бойынша жасалған 9 мыңдық атау тірек компонент болады, олар: *он мың, жиырма мың, отыз мың, қырық мың, елу мың, алпыс мың, жетпіс мың, сексен мың, тоқсан мың*. Осы мыңдықтар мен тіркесетін ауыспалы компоненттер — бірлікпен келген жүздіктер. Сонда мыңдықтарға қосылатын 81 ауыспалы компонент бар. Модель бойынша жасалған күрделі сандық ұғым тірек компоненттегі сандық ұғымның қосындысынан шығады. Мұндағы ауыспалы компоненттер үшінші модель арқылы жасалған сандар, олардың өзі — үш компонентті күрделі сан, сондықтан олар біртұтас сан ретінде мыңдық санға қосылады. Модельдегі сандық ұғым қосу тәсілімен жасалады.

16. О×М+Б×Ж+О. Модельде он еселік мыңдық пен жүздік, ондық сандар араласқан сан атаулары жасалады. Мұндағы күрделі сандардың жасалуына оныншы модельмен жасалған мыңдықтар аты және 4-модельмен жасалған жүздік пен ондық аралас күрделі сандар қатысады. Он еселік мыңдықтар мұнда да күрделі санның жасалуына негіз болып, тірек компонент болады, бірінші орында тұрады, ал ауыспалы компонент ондық араласқан жүздіктер. күрделі санда екінші орында тұрады. Онышы модельде жасалған мыңдықтар мұнда тірек компонент болып, төртінші модельмен жасалған ондық қосылған жүздіктер ауыспалы компонент болады.

Модельмен жасалған сан атаулары беретін сандық ұғым тірек компонентпен ауыспалы компоненттің мағыналарының қосындысынан туады. Үлгі төмендегідей:

он		бір				он
жиырма		екі				жиырма
отыз		үш				отыз
қырық		төрт				қырық
елу	→ мың →	бес	→ жүз	→		елу
алпыс		алты				алпыс
жетпіс		жеті				жетпіс
сексен		сегіз				сексен
тоқсан		тоғыз				тоқсан

17. О×М+Б×Ж+О+Б. Модель бойынша ондық еселік мыңдықтар мен ондық пен бірлігі бар жүздіктер қосындысынан шығатын күрделі сан атаулары жасалады: *алпыс мың үш жүз елу екі, жетпіс мың бес жүз алпыс үш, сексен мың алты жүз жетпіс бес* т. б. Бұл модель бойынша жасалатын сандарда тоғыз тірек компонент бар, олар он бірінші модельден бастап тірек компонент болып келеді. Осы тірек компонент болатын ондық еселік мыңдық сандардың өзі — онышы модельде жасалған тоғыз күрделі сан атауы, оған қосылатын ауыспалы

компоненттер — бесінші модельде жасалған күрделі сан атаулары. Олар тоғыз тірек компонентпен тіркесіп, түрлі күрделі сандар жасаған. Тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, сандық ұғым тірек компонент пен ауыспалы компоненттің қосындысынан туады. Бұл модельмен жасалған күрделі сандардың үлгісін төмендегі үлгіден көруге болады:

он		бір		бір
жиырма		екі		екі
отыз		үш		үш
қырық		төрт		төрт
елу	→ мың →	бес	→ жүз он →	бес
алпыс		алты		алты
жетпіс		жеті		жеті
сексен		сегіз		сегіз
тоқсан		тоғыз		тоғыз

Мұнда жүздіктермен бірге келген ондықтардан тек бір ғана ондық жүз он түрінде алынды, қалған сегіз ондық үлгіге сыймады, осы үлгі дәл осы қалыпта қалған сегіз ондықпен қайталанады.

18. О+Б×М. Осы модель арқылы екі таңбалы санға еселенген мыңдық атаулары жасалады: *он бір мың, он екі мың, он үш мың* т. б. Бұл күрделі санның жасалуына бір ғана сан тірек компонент болады, ол — мың деген сан. Ауыспалы компонент — бірінші модель бойынша жасалған екі таңбалы сандар. Тірек компонент күрделі сан құрамында екінші орында, ауыспалы компонент бірінші орында тұрады. Модель бойынша жасалатын күрделі сан атаулары құрамындағы компоненттердің бір-біріне көбейтілуі арқылы жасалады. Модельмен күрделі сан атауы, яғни мыңдықтар аты жасалады. Үлгі төмендегідей:



Үлгіде тоғыз ондықтың бірі ғана берілді.

19. О+Б×М+Б: *жиырма бір мың сегіз, жиырма үш мың алты, отыз төрт мың бес* т. б. Мұнда мыңдық пен бірлік аралас күрделі сандар жасалады. Тірек компонент — екі таңбалы санға еселенген мыңдықтар аты, яғни он сегізінші модельде жасалған сандар осы модельде тірек компонент болып, оған бірліктер тіркеседі, олар ауыспалы компонент, сан атаулары осы компоненттегі сандардың қосындысынан жасалады. Тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады.



Үлгі мыңдық еселенетін тоғыз ондықтың бірімен ғана алынды. Қалған екі таңбалы санға еселенген мыңдықтар да осы сияқты, осы үлгімен күрделі сандар жасайды. Осы модельмен төрт компонентті күрделі сан атауы жасалады.

20. О+Б×М+О. Үш таңбалы мыңдықтар ондық сандармен тіркесіп, күрделі сан атауын жасайды: *он бес мың жиырма, он бес мың алпыс, отыз алты мың сексен* т. б. Мыңдықтар еселенген ондықтардың бірімен жасалған күрделі сандарға мысал келтірейік:

	бір			он
	екі			жиырма
	үш			отыз
	төрт			қырық
қырық →	бес	→ мың →		елу
	алты			алпыс
	жеті			жетпіс
	сегіз			сексен
	тоғыз			тоқсан

Модельмен жасалған күрделі сандардың құрамында тірек компонент үш таңбалы мыңдық бірінші орында, ауыспалы компонент ондықтар екінші орында тұрады. Күрделі сан компоненттеріндегі сандардың қосындысынан жасалады. Мұндағы он тоғызыншы — жиырмасыншы модельдердің бір ерекшелігі бұларда тірек компоненттердің саны ауыспалы компоненттерден әлдеқайда көп.

21. О+Б×М+О+Б. Модельмен жасалатын күрделі атауларға он сегізінші модель бойынша жасалған мыңдықтар аты мен бірінші модельде жасалған екі таңбалы ондық пен бірлік сандар қатысады. Олардың ішінде он сегізінші модель арқылы жасалған мыңдықтар аты тірек компонент болады да, 1-модель арқылы жасалған екі таңбалы ондық пен бірлік аралас сандар ауыспалы компонент болады. Тірек компонент алдымен келеді, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, ал күрделі атаулар, екі компоненттегі сандардың қосындысынан туады. Үлгі:



Үлгіде мыңдықтарға қосылатын ондық пен бірлік аралас сандардың бір ондықпен келген түрі ғана берілді.

22. О+Б×М+Б×Ж. Модель арқылы мыңдықтар мен жүздіктер араласқан күрделі сан атауы жасалады: *он бес мың екі жүз, жиырма жеті мың бес жүз, қырық сегіз мың тоғыз жүз* т. б. Тірек компонент — үш таңбалы мыңдықтар, ал оларға қосылатын ауыспалы компоненттер — екінші модель бойынша жасалған жүздіктер, олардың саны тоғыз. Ал сандық ұғым екі компоненттің қосындысынан туады. Мұндай күрделі сандарда тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Модель бойынша жасалған күрделі сан атаулары бес компоненттен тұрады. Үлгі төмендегідей:



Үлгіде мың еселенген ондықтың бірі (отыз) ғана алынды.

23. О+Б×М+Б×Ж+Б. Модель бойынша күрделі сан атауын жасауға үш таңбалы мыңдықтар және жүздіктермен келген бірліктер қатысады. Мыңдықтар тірек компонент болады, жүздік пен бірліктердің қосындысы ауыспалы компонент болады. Тірек компонент бірінші орында, ауыспалы компонент екінші орында тұрады, сандық ұғым олардың қосындысынан туады. Модель бойынша алты компонентті күрделі сан аты жасалады. Үлгі төмендегідей:

	бір		бір				бір
	екі		екі				екі
	үш		үш				үш
	төрт		төрт				төрт
жетпіс →	бес	→ мың →	бес	→ жүз	→		бес
	алты		алты				алты
	жеті		жеті				жеті
	сегіз		сегіз				сегіз
	тоғыз		тоғыз				тоғыз

Үлгіде мыңдық еселенетін ондықтардың бірі ғана берілді.

24. О+Б×М+Б+Ж+О. Модель арқылы жасалатын күрделі есептік санға үш таңбалы мыңдықтар және жүздіктер мен ондықтар қатысады. Мыңдықтар тірек компонент болып, жүздік пен ондық аралас сандар ауыспалы компонент болады. Тірек компонент алда, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Олардың қосындысынан мыңдық пен жүздік, ондық аралас күрделі сан атауы туады. Модель бойынша алты компонентті күрделі сан атауы жасалады. Үлгі төмендегідей:

	бір		бір			он
	екі		екі			жиырма
	үш		үш			отыз
	төрт		төрт			қырық
сексен →	бес	→ мың →	бес	← жүз →		елу
	алты		алты			алпыс
	жеті		жеті			жетпіс
	сегіз		сегіз			сексен
	тоғыз		тоғыз			тоқсан

25. О+Б×М+Б+Ж+О+Б. Модель арқылы мыңдық, жүздік, ондық, бірліктер араласқан күрделі сандар атауы жасалады. Олардың тірек компоненті мыңдықтар болады, ауыспалы компоненті жүздік, ондық, бірлік қосындысынан шығатын сан атаулары: *он бір мың екі жүз он төрт, отыз бес мың үш жүз қырық алты, сексен жеті мың алты жүз он сегіз* т. б. Тірек компонент алда, ауыспалы компонент соңында тұрады, сандық ұғым олардың қосындысынан туады. Модель бойынша жеті компонентті күрделі сан атауы жасалған. Үлгі төмендегідей:

	бір		бір			бір
	екі		екі			екі
	үш		үш			үш
	төрт		төрт			төрт
тоқсан →	бес	→ мың →	бес	жүз отыз →		бес
	алты		алты			алты
	жеті		жеті			жеті
	сегіз		сегіз			сегіз
	тоғыз		тоғыз			тоғыз

Үлгіде мыңдық еселенетін ондықтардың біреуі және жүздікпен келетін ондықтардың бірі ғана алынды.

26. Б×Ж×М. Модель жүздіктерге еселенген мыңдықтардың күрделі атауын жасайды. Оған жүздіктер мен мың саны қатысады. Мұнда тірек компонент — мың деген сан, ол күрделі сөзде екінші орында тұрады, ауыспалы компонент — жүздіктер аты, олар — тоғыз. Күрделі сан атауы оның компоненттерінің көбейтіндісінен туады. Барлығы — тоғыз күрделі сан атауы жасалады. Төмендегі үлгіден көруге болады.



27. Б×Ж×М+Б. Модельде жүздіктерге еселенген мыңдықтар мен бірліктерден құралған күрделі сан атаулары жасалады. Мұнда 26-модельде жасалған мыңдықтар тірек компонент болады, бірліктер ауыспалы компонент болады. Тірек компонент алда, ауыспалы компонент екінші орында тұрады. Сандық ұғым күрделі сан құрамындағы компоненттердің қосындысынан туады. Мұнда төрт компонентті күрделі сан атауы жасалады. Бұл модельдің үлгісі төмендегідей:



бес		бес
алты		алты
жеті	→жүз мың→	жеті
сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз

28. Б×Ж×М+О. Модель жүздіктерге еселенген мыңдықтар мен ондықтардың қосындысынан туатын сандар атауын жасайды. Жиырма алтыншы модельмен жасалған мыңдықтар — тірек компонент, ондықтар — ауыспалы компонент, олар екінші орында тұрады, күрделі сан бұлардың қосындысынан шығады. Төрт компонентті күрделі сан атауы жасалады.

бір		он
екі		жиырма
үш		отыз
төрт		қырық
бес	→ жүз мың →	елу
алты		алпыс
жеті		жетпіс
сегіз		сексен
тоғыз		тоқсан

29. Б×Ж×М+О+Б. Модельмен жүздіктерге еселенген мыңдықтар мен ондық, бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Оған қатысатын тірек компонент 26-модельмен жасалған мыңдықтар, ауыспалы компонент — екі таңбалы бірінші модельмен жасалған күрделі сандар (ондық пен бірліктер). Тірек компонент алда, ауыспалы компонент соңында, сандық ұғым олардың қосындысынан туады. Бес компонентті сан атауы жасалған. Ондықтың бірімен ғана алғанда, үлгі төмендегідей болады:



30. Б×Ж×М+Б×Ж. Модель арқылы жүздіктер еселенген мыңдықтар мен жүздіктер араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Ол атауларды жасауға 26-модельмен жасалған мыңдықтар саны тірек компонент болып, бірінші орында тұрады, екінші модельмен жасалған жүздіктер ауыспалы компонент болып, екінші орында тұрады. Күрделі сан атауы бұл модельде компонент сандардың қосындысынан туады, Модель арқылы бес компонентті күрделі сан атауы жасалады. Бұл модельдің үлгісі төмендегідей:



31. Б×Ж×М+Б×Ж+Б. Модель бойынша күрделі сан атауын жасауға жүздіктерге еселенген мыңдықтар саны, жүздіктер мен бірліктерден тұратын екі таңбалы күрделі сандар қатысады. Мұнда да жоғарыдағы тірек компонент сақталады. Ауыспалы компонент 3-модельмен жасалған жүздік пен бірліктен тұратын күрделі сандар. Мұнда алты компонентті күрделі сан атауы жасалған.

бір		бір		бір
екі		екі		екі
үш		үш		үш
төрт		төрт		төрт
бес	→ жүз мың →	бес	→ жүз →	бес
алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті
сегіз		сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз

32. Б×Ж×М+Б×Ж+О. Модель бойынша жүз мыңдықтар мен жүздік пен ондық аралас күрделі сан атауы жасалады. Оның компоненттері жүз мыңдықтар — тірек компонент, жүздік пен ондықтар — ауыспалы компоненттер. Компоненттердің орны мұнда да ауыспайды. Алты компонентті күрделі сан жасалады. Үлгі:

бір		бір		он
екі		екі		жиырма
үш		үш		отыз
төрт		төрт		қырық
бес	→ жүз мың →	бес	→ жүз →	елу
алты		алты		алпыс
жеті		жеті		жетпіс
сегіз		сегіз		сексен
тоғыз		тоғыз		тоқсан

33. Б×Ж×М+Б×Ж+О+Б. Модельмен жүз мыңдықтар мен жүздік, ондық, бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Олардың тірек компоненті — жүздік пен ондық, бірліктен тұратын күрделі сандар. Мұнда тоғыз тірек компонент бар, ауыспалы компонент 729. Күрделі сандық ұғым компоненттердің сандық ұғымының қосындысынан туады. Жеті компонентті күрделі сан атауы жасалған. Модельдің үлгісі ондықтардың бірімен берілді:



Үлгідегі отыз деген ондықтың орнына қалған сегіз ондықтың бәрі де тұрып, осылайша күрделі сандар жасайды.

34. Б×Ж+Б×М. Модель арқылы үш таңбалы санға еселенген мыңдықтар жасалады. Оған қатысатын компоненттер: тірек компонент — мың деген сан, ауыспалы компонент — бірлік аралас жүздіктер. Төрт таңбалы күрделі атау жасалады. Модель арқылы жасалатын күрделі сандардың үлгісі төмендегідей:





35. Б×Ж+Б×М+Б. Модель арқылы үш таңбалы санға еселенген мыңдықтар мен бірліктердің қосындысынан туатын күрделі сан атауы жасалады. Компоненттер: тірек компонент — жүздік пен бірлікке еселенген мыңдықтар, күрделі санның алдында тұрады, ауыспалы компонент — бірліктер, күрделі санның соңында тұрады. Бес компонентті күрделі сан атауы жасалған. Үлгі:



36. Б×Ж+Б×М+О. Модель бойынша күрделі сан атауын жасауға тірек компонент болып үш таңбалы санға еселенген мыңдықтар мен ауыспалы компонент — ондықтар қатысады және тірек компонент бірінші ауыспалы компонент екінші орында тұрады, күрделі сөздің мағынасының құрамындағы компоненттердің мағынасының қосындысынан туады.

бір		бір		он
екі		екі		жиырма
үш		үш		отыз
төрт		төрт		қырық
бес	→ жүз →	бес	→ мың →	елу
алты		алты		алпыс
жеті		жеті		жетпіс
сегіз		сегіз		сексен
тоғыз		тоғыз		тоқсан

37. Б×Ж+Б×М+О+Б. Бұл модельде де тірек компонент 34-модельдегі мыңдықтар, ауыспалы компонент ондық пен бірліктер, тірек компонент алда, ауыспалы компонент соңғы орында тұрады. Бұлармен мыңдық сандар мен ондық бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Модель арқылы 81 тірек компонент, 81 ауыспалы компонентпен тіркесіп, күрделі атау жасайды. Мағына компоненттердің қосындысынан туады. Төмендегі үлгі осы модельмен жасалған сандардың ондықтардың бірімен ғана жасалуын көрсетеді. Қалған ондықтармен де осылай жасала береді. Үлгі:

бір		бір		бір
екі		екі		екі
үш		үш		үш
төрт		төрт		төрт
бес	→ жүз →	бес	→ мың елу →	бес
алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті
сегіз		сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз

38. Б×Ж+Б×М+Б×Ж. Модельмен мыңдықтар мен жүздік аралас сандар жасалады. Оған қатысатын компоненттер: 1) тірек компонент — жүздік пен бірлік қосындысына еселенген мыңдықтар; 2) ауыспалы компонент — бірліктерге еселенген жүздіктер. Модель бойынша жасалған күрделі сан атаулары құрамындағы компонент сандардың қосындысынан туады. Мұнда сексен бір тірек компонент бар, олардың әрқайсысы тоғыз ауыспалы компонентпен тіркесіп, күрделі сан атауын жасайды. Бұл модельдің үлгісі төмендегідей:

39. Б×Ж+Б×М+Б×Ж+Б. Модель арқылы мыңдықтармен жүздік пен бірлік араласқан күрделі сандар атауы жасалады.

Бұл сандардың жасалуына мыңдықтар, бірлікпен келген жүздіктер қатысады. Мыңдықтар күрделі санда тірек компонент болады да, жүздіктер мен бірліктер ауыспалы компонент болып, тірек компоненттен соң тұрады. Сандық ұғым тірек компонент пен ауыспалы компоненттегі сандардың қосындысынан жасалады. Мысалы: *екі жүз бес мың бір жүз алты, бес жүз жеті мың сегіз жүз төрт* т. б. Модель бойынша сандардың жасалу үлгісі төмендегідей:

бір		бір		бір		бір
екі		екі		екі		екі
үш		үш		үш		үш
төрт		төрт		төрт		төрт
бес	жүз	бес	мың	бес	жүз	бес
алты		алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті		жеті
сегіз		сегіз		сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз		тоғыз

40. Б×Ж+Б×М+Б×Ж+О. Модель мыңдық, жүздік, ондық араласқан күрделі сан атауларын жасайды. Мұнда да тірек компонент — мыңдықтар, ауыспалы компонент — жүздіктер мен ондықтар, ауыспалы компонент тірек компонентке тіркесіп, оның соңында тұрады. Күрделі сөздің мағынасы компонент сандардың қосындысынан туады. Модель арқылы жасалатын сандардың үлгісі төмендегідей:

бір		бір		бір		он
екі		екі		екі		жиырма
үш		үш		үш		отыз
төрт		төрт		төрт		қырық
бес	жүз	бес	мың	бес	жүз	**елу**
алты		алты		алты		алпыс
жеті		жеті		жеті		жетпіс
сегіз		сегіз		сегіз		сексен
тоғыз		тоғыз		тоғыз		**тоқсан**

41. Б×Ж+Б×М+Б×Ж+О+Б. Модель бойынша мыңдық, жүздік, ондық, бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады: *үш жүз төрт мың екі жүз он бес, бес жүз алты мың үш жүз жиырма тоғыз* т. б. Мұнда да мыңдықтар бірінші топ, тірек компонент болады, жүздік пен ондық бірліктер жиналып бір топ болып келіп, ауыспалы компонент болады. Күрделі санның мағынасы тірек және ауыспалы компонент сандардың қосындысынан туады. Модель өнімді, бұл модель бойынша талай күрделі сан атауы жасалған. Олар төмендегі үлгі арқылы жасалады, үлгі бір ондық арқылы берілді, қалған ондықтар да осы үлгімен күрделі сан атауын жасайды. Үлгі:

бір			бір			бір				бір
екі			екі			екі				екі
үш			үш			үш				үш
төрт			төрт			төрт				төрт
бес	жүз		бес	мың		бес	жүз он			бес
алты			алты			алты				алты
жеті			жеті			жеті				жеті
сегіз			сегіз			сегіз				сегіз
тоғыз			тоғыз			тоғыз				тоғыз

42. Б×Ж+О×М. Модель бойынша мыңдықтар аты жасалады. Мұнда жүздіктер — ауыспалы компонент, ал тірек компонент — мың деген сөз. Модельде тірек компонент екінші орында тұр. Күрделі санның мағынасы құрамындағы компонент сандардың көбейтіндісінен туады. Модель арқылы төрт компонентті күрделі сан атауы жасалады: Үлгі:

бір			он			
екі			жиырма			
үш	→	жүз →	отыз		→	мың
төрт			қырық			
бес			елу			



43. Б×Ж+О×М+Б. Модель мыңдық пен бірлік араласқан күрделі сан жасайды. Тірек компонент — мыңдықтар, олар алдында тұрады, ауыспалы компонент — бірліктер, күрделі санның соңында тұрады. Мағына компоненттердің қосындысынан туады. Модель арқылы бес компонентті күрделі сан жасалады. Мысалы: *екі жүз он мың сегіз, бес жүз алпыс мың жеті* т. б. Модель бойынша күрделі сандар төмендегі үлгімен жасалады:



44. Б×Ж+О×М+О. Модельмен мыңдыққа ондық қосылған күрделі сан атаулары жасалады. Тірек компонент — мыңдық сандар, күрделі санның алдында тұрады, ауыспалы компонент — ондықтар, олар тірек компоненттен соң тұрады. Күрделі санның мағынасы тірек және ауыспалы компонент сандардың қосындысынан туады.

бір		он		он
екі		жиырма		жиырма
үш		отыз		отыз
төрт		қырық		қырық
бес	→ жүз →	елу	→ мың →	елу
алты		алпыс		алпыс
жеті		жетпіс		жетпіс
сегіз		сексен		сексен
тоғыз		тоқсан		тоқсан

45. Б×Ж+О×М+О+Б. Модель мыңдық, ондық, бірлік араласқан күрделі сандар атауын жасайды. Модель бойынша күрделі сан жасаушы компоненттер —мыңдықтар, олар тірек компонент болады да, бірінші орында тұрады, ондық пен бірліктер — оған қосылатын ауыспалы компоненттер, олар екінші орында тұрады, мағына осы компонент сандардың қосындысынан туады. Модельмен алты компонентті күрделі сан жасалады. Модельдің үлгісі төмендегідей:

бір		он		бір
екі		жиырма		екі
үш		отыз		үш
төрт		қырық		төрт
бес	→ жүз →	елу	→ мың он →	бес
алты		алпыс		алты
жеті		жетпіс		жеті
сегіз		сексен		сегіз
тоғыз		тоқсан		тоғыз

Үлгіге бір ондық қана кірді, қалған ондықтар да осы үлгімен күрделі сөз жасауға қатысады.

46. Б×Ж+О×М+Б×Ж. Модель мыңдық пен жүздік сандар араласқан күрделі сан атауын жасайды. Оған қатысатындар: тірек компонент — мыңдықтар, күрделі сан құрамында алда тұрады, ауыспалы компонент — жүздіктер, соңғы орында тұрады. Мағына осы компонент сандардың қосындысынан туады. Үлгі төмендегідей:

бір		он		бір		
екі		жиырма		екі		
үш		отыз		үш		
төрт		қырық		төрт		
бес	→ жүз →	елу	→ мың →	бес	→ жүз	
алты		алпыс		алты		
жеті		жетпіс		жеті		
сегіз		сексен		сегіз		
тоғыз		тоқсан		тоғыз		

47. Б×Ж+О×М+Б+Ж+Б. Модель арқылы мыңдық пен жүздік, бірлік араласқан күрделі сан жасалады. Қатысатындар: тірек компонент — мыңдықтар, ауыспалы компонент — жүздік пен бірліктер, тірек компонент күрделі санның құрамында алда, ауыспалы компонент соңында тұрады, мағына осы компонент сандардың қосындысынан туады. Осы модельмен тілімізде жеті компонентті күрделі сан атауы жасалады. Үлгі төмендегідей:

бір		он		бір		бір
екі		жиырма		екі		екі
үш		отыз		үш		үш
төрт		қырық		төрт		төрт
бес		елу		бес		бес
алты	жүз	алпыс	мың	алты	жүз	алты
жеті		жетпіс		жеті		жеті
сегіз		сексен		сегіз		сегіз
тоғыз		тоқсан		тоғыз		тоғыз

48. Б×Ж+О×М+Б×Ж+О. Модель жоғарыдағы модельмен ұқсас. Мұнда ауыспалы компонеттегі бірліктің орнына ондық қолданылады. Сондықтан модель бойынша мыңдық, жүздік, ондық аралас күрделі сандар жасалады. Модельмен мұнда да жеті компонентті күрделі сан атауы жасалады. Модельдің үлгісі төмендегідей:

бір		он		бір		он
екі		жиырма		екі		жиырма
үш		отыз		үш		отыз
төрт		қырық		төрт		қырық
бес	жүз	елу	мың	бес	жүз	елу
алты		алпыс		алты		алпыс
жеті		жетпіс		жеті		жетпіс
сегіз		сексен		сегіз		сексен
тоғыз		тоқсан		тоғыз		тоқсан

49. Б×Ж+О+М+Б×Ж+О+Б. Модель арқылы мыңдық, жүздік, ондық, бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Модельмен жасалған күрделі сандарда мыңдықтар тірек компонент болады, жүздік пен ондық, бірліктер ауыспалы компонент болады, сандық мағына олардың қосындысынан туады. Модель бойынша

бір		он		бір		бір
екі		жиырма		екі		екі
үш		отыз		үш		үш
төрт		қырық		төрт		төрт
бес	жүз	елу	мың	бес	жүз он	бес
алты		алпыс		алты		алты
жеті		жетпіс		жеті		жеті
сегіз		сексен		сегіз		сегіз
тоғыз		тоқсан		тоғыз		тоғыз

тілде сегіз компонентті күрделі сан жасалған. Үлгі төмендегідей:

50. Б×Ж+О+Б×М. Модель арқылы мыңдықтар атауы жасалады. Мұнда тірек компонент — мың деген сан, ол күрделі санның соңында тұрады, ауыспалы компонент жүздік пен ондық, бірліктер, олар бірінші орында тұрады, мағына осы компоненттердің көбейтіндісінен туады. Модель арқылы бес компонентті күрделі сан жасалады. Үлгі төмендегідей:



Үлгіде жүзбен келетін ондықтардың бірі (он) ғана берілді, қалғандары да осылай жасалады.

51. Б×Ж+О+Б×М+Б. Модель бойынша мыңдықтар мен бірлік аралас сан атаулары жасалады. Модельде мыңдықтар тірек компонент болады да алдында тұрады, бірлік ауыспалы компонент болып, тірек компоненттен соңғы орында тұрады. Күрделі санның мағынасы тірек және ауыспалы компонент сандардың қосындысынан жасалады. Модель арқылы алты таңбалы күрделі сан атауы жасалады. Үлгі төмендегідей:



бес		бес		бес
алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті
сегіз	→ жүз он →	сегіз	→ мың →	сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз

Үлгі бір ондықпен ғана берілді.

52. Б×Ж+Б+Б×М+О. Модель мыңдықтар мен ондық аралас күрделі сан атауын жасайды. Мыңдықтар — тірек компонент, ондық — ауыспалы компонент, сандық мағына олардың қосындысынан туады. Модель бойынша алты компонентті күрделі сан атауы жасалған. Үлгі төмендегідей:

бір		бір		он
екі		екі		жиырма
үш		үш		отыз
төрт		төрт		қырық
бес	→ жүз он →	бес	→ мың →	елу
алты		алты		алпыс
жеті		жеті		жетпіс
сегіз		сегіз		сексен
тоғыз		тоғыз		тоқсан

53. Б×Ж+О+Б×М+О+Б. Модельмен мыңдық, ондық, бірлік аралас күрделі сандар жасалған. Тірек компонент — мыңдықтар, ауыспалы компонент — ондық пен бірлік сандар, сандық мағына олардың қосындысынан туады. Модель арқылы жеті таңбалы күрделі сан жасалады. Үлгі төмендегідей:



54. Б×Ж+О+Б×М+Б×Ж. Модельмен мыңдық пен жүздік аралас күрделі сан атаулары жасалады. Мыңдықтар — тірек компонент, жүздіктер — ауыспалы компонент, күрделі санда тірек компонент алдында, ауыспалы компонент соңында тұрады, мағына олардың қосындысынан туады.



Үлгіде бір ғана ондық берілді. Модель арқылы жеті таңбалы күрделі сан атауы жасалған.

55. Б×Ж+О+Б×М+Б×Ж+Б. Модель арқылы мыңдық пен жүздік, бірлік араласқан күрделі сан атаулары жасалады. Мыңдықтар мұнда да тірек компонент болады да, күрделі санның алдыңғы жағында тұрады, жүздік пен бірліктер ауыспалы компонент болып, күрделі санның соңында тұрады, мағына осы компонент сандардың қосындысынан туады. Модельмен сегіз таңбалы күрделі сан атаулары жасалған. Үлгі төмендегідей:

бір		бір		бір		бір
екі		екі		екі		екі
үш		үш		үш		үш
төрт		төрт		төрт		төрт
бес	жүз елу	бес	мың	бес	жүз	бес
алты		алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті		жеті
сегіз		сегіз		сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз		тоғыз

56. Б×Ж+О+Б×М+Б×Ж+О. Модель арқылы мыңдық, жүздік, ондық араласқан күрделі сандар жасалады. Мыңдық тірек компонент болады, жүздік пен ондықтар — ауыспалы компонент болады, тірек компонент бұрын, ауыспалы компонент соңында тұрады, мағына олардың қосындысынан жасалады. Модельмен сегіз таңбалы күрделі сан атаулары жасалған. Үлгі төмендегідей:

бір		бір		бір		он
екі	жүз он	екі	мың	екі	жүз	жиырма
үш		үш		үш		отыз
төрт		төрт		төрт		қырық

бес		бес		бес		елу
алты		алты		алты		алпыс
жеті		жеті		жеті		жетпіс
сегіз	жүз он	сегіз	мың	сегіз	жүз	сексен
тоғыз		тоғыз		тоғыз		тоқсан

57. Б×Ж+О+Б×М+Б×Ж+О+Б. Модель арқылы мыңдық, жүздік, ондық, бірлік қатысқан күрделі сан атаулары жасалады. Мұнда мыңдықтар — тірек компонент болады, жүздік пен ондық, бірліктер ауыспалы компонент болады. Тірек компонент алда, ауыспалы компонент соңында келеді, мағына олардың қосындысынан туады. Модель арқылы тоғыз таңбалы күрделі сан жасалады. Тоғыз компонентті күрделі сан атаулары тек осы модель бойынша ғана жасалады. Үлгі төмендегідей:

бір		бір		бір		бір
екі		екі		екі		екі
үш		үш		үш		үш
төрт		төрт		төрт		төрт
бес	жүз он	бес	мың	бес	жүз он	бес
алты		алты		алты		алты
жеті		жеті		жеті		жеті
сегіз		сегіз		сегіз		сегіз
тоғыз		тоғыз		тоғыз		тоғыз

58. М×М. Модель тек мыңдық компоненттерден тұрады. Мың мыңға көбейтіліп, миллион саны жасалады, бірақ мұнда күрделі сан жасалмайды.

Миллионға дейінгі 58 модельдің 57 моделінде күрделі сан атауы жасалады, олардың жалпы саны — 999 980. Тіліміздегі 20 санның бірімен-бірінің тіркесі 999980 күрделі сан атауын бергені анықталды. Мұншама күрделі сан бар, соншама сандық ұғым бары мүмкін емес

сияқты, өйткені олар ешбір сөздікте берілмеген. Бірақ тілде осынша күрделі сан бары ақиқат, оны ескермеуге болмайды.

РЕТТІК САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМЫ

Сан есімнің синтетикалық сөзжасам жүйесіне жататын қосымшаға **-ыншы, -інші, -ншы, -нші** жұрнағы жатады. Бұл жұрнақ есептік сан есімнен реттік сан есім жасайды, дара, күрделі есептік сан есімдердің қайсысынан да реттік сан есім осы жұрнақ арқылы жасалады. Мысалы: Жақып тоғызыншы класты бітірді. Ақбалым сегізінші класта еді (Ғ. Мұстафин). Бір мың тоғыз жүз отыз екінші жылдың көктемі (Ғ. Мұстафин). Мысалдағы *тоғызыншы, сегізінші* деген реттік сандар дара сан есімдерден жасалған, ал *бір мың тоғыз жүз отыз екінші* деген реттік сан есім күрделі сан есімнен жасалған. Бұлардың бәрі **-ыншы, -нші** жұрнағы арқылы жасалған.

Реттік сан есімнің **-ншы, -ыншы** жұрнағы көне заманнан келе жатыр. Академик А. Н. Кононов көне түркі жазба ескерткіштер тілінде реттік сан есімнің үш түрлі қосымша арқылы жасалғанын көрсетеді: 1) **-НЧ** (токузунч); 2) **-нті** (екінті — екінші); 3) **-кі** (ілкі — бірінші)[21] **-нті, -нч, -ынч, -інч** аффикстері арқылы реттік сан есімдердің жасалуын Ғ. Айдаров та көрсеткен[22]. Қазақ тілінде осы аффикстердің біреуі **(-ншы, -нші, -ыншы, -інші)** ғана сақталған. Реттік сан есімнің бұл жұрнағы басқа түркі тілдерінде де сақталған және өте актив, өнімді. Акад. А. Н. Кононов көрсеткен жұрнақтардың соңғы екеуі біздің тілімізде реттік сан есімнің қосымшасы ретінде қызмет атқармайды. Ал ол келтірген ілкі сөзі біздің қазіргі тілімізде де бар, ол алғашқы, бастапқы мағыналарында қолданылады. Керісінше алғашқы, әдепкі, бастапқы сөздерінің де бірінші деген мағынада қолданылуы бар. Бұл, әрине, осы сөздердегі **-кі, -қы** қосымшаларының байланысын көрсете алатын сияқты.

Реттік сан есімдер заттың нақтылы сандық мөлшерін емес, заттың реттік санын, тәртібін білдіреді. Мысалы:

---

[21] *Кононов А. Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников VII—IX вв. Л., 1980. С. 113.

[22] *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. С. 173.

Екінші, үшінші этаждарда тағы да сондай өзгеше әсем ойылған тесіктер бар (М. Әуезов). Төртінші рет бала мүлдем жақын келді (Х. Есенжанов). Кешікпей-ақ *жүз жиырмасыншы* шахтаға барып кірдік (С. Ерубаев). Өнеркәсіптің жалпы өнімі 1913 жылмен салыстырғанда отыз алты есе өсті, соның ішінде өндіріс құрал-жабдықтарын шығару сексен үш есе, ал машина жасау және металл өңдеу өнеркәсібінің өнімі екі жүз қырық есе өсті («СҚ.»).

Келтірілген мысалдарда *екінші, үшінші* реттік сандары этаждың қатар, рет санын көрсеткен. *Жүз жиырмасыншы* реттік саны шахтаның рет санын, 1913 жыл дегендегі реттік сан жылдың рет санын көрсеткен.

Реттік сан есімдердің заттың рет санын, қатар санын білдіруі оның әр уақытта зат есімнің алдынан келіп тіркесуін керек етеді. Осы қолданыс оны аздап сын есімге ұқсатады, өйткені мұнда тек тіркесуі ғана емес, оның заттың белгісін білдіруі де бар. Осы белгінің кейбір тілде басым көрінуі де бар. Мәселен орыс тілінде реттік сан есімдер деген сан есімнің семантикалық тобы жоқ. Орыс тілінде реттік сан есім туынды сын есімге жатқызылады, қазір оны сан есім деп дәлелдеу де бар[23].

Контекске қарай біздің тілімізде де реттік сандардың сындық мәні басым келетін жерлері бар. Мысалы: Райхан институттағы *бірінші* студент десек, ол ең жақсы студент, алдыңғы студент, үлгілі студент деген сияқты мәнді білдіріп тұрғанын, сондай ұғым беретінін көреміз. Бірақ бұндай мағынада қолданылуы реттік санның негізгі мағынасы емес, ол белгілі контексте ғана сондай ұғым бере алады.

Ал реттік сандардың негізгі мағынасы заттың нақтылы рет, қатар санымен байланысты. Сонымен бірге реттік санның өзіндік мағына ерекшелігі де бар. Реттік сан есімнің тілдің сөзжасам жүйесіне жатқызылуының тағы бір себебі мұнда қосылатын үстеме мағынаның өзіндік бір ерекшелігінде. Мысалы: *он* кітап дегенде объективті өмірде белгілі бір кезең мен кеңістіктегі нақтылы *он* кітап сөз болған, ол — бар кітаптың нақтылы саны. Ал *оныншы* үйде тұрады дегенде әңгіме бір ғана үй туралы. Бірақ ол үйдің қатар, рет саны *оныншы*. Міне, бұл жаг-

[23] *Лукин М. Ф.* К вопросу о лексико-грамматическом статусе числительных в современном русском языке /Вопросы языкознания. 1987. № 6. С. 43—51.

дай реттік санда сандық ұғымға да белгілі мағыналық өзгеріс енетінін дәлелдейді. Сондықтан реттік сандардың сөзжасам жүйесіне жатуы өте орынды екені анықталады.

Реттік сандардың қолданылуына қарай тағы бір ерекшелігі бар. Ол — реттік сандардың субстантивтенуі. Субстантивтенген реттік сан есім зат есімдерше түрленіп, зат есімдер атқаратын синтаксистік қызметте қолданылады. Мысалы: Бірің тапсырғанда, *екіншің* терезе алдында тұрыңдар (С. М.). *Екіншісіне* кімді ұсынасыз? (М. И.). Бұл — *он бесінші* (С. М.). Мен соны байқап, *біріншіде* бес алты құлақ шыққан кезде, *екіншісінде* тары бас жара бастағанда, *үшіншісінде* сүттене бастағанда, *төртіншісінде* пісіп келе жатқанда суардым (Ғ. Мұстафин).

Реттік сан есімдер заттың ғана рет санын емес, жыл, ай, күн сияқты мезгілдің де ретін білдіреді. Мысалы: Өнеркәсіптің жалпы өнімін 1965 жылы 1958 жылғыдан шамамен 80 процент, оның ішінде «А» тобы бойынша 85—88 процент, «Б» тобы бойынша 62—65 процент арттыру белгіленді (СҚ).

ЖИНАҚТЫҚ САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМЫ

Жинақтық сан есім жасаушы аффикс **-ау, -еу**. Бұл аффикс бірден жетіге дейінгі бірлік сан есімдерден жинақтық сан есім жасайды. Ол сандық ұғымды мүлдем өзгертпейді, бірақ есептік санға жинақтау мәнін қосып, оның мәнін абстракцияландырып, заттық ұғым да қосады. Мысалы: *Біреу* де болса жетеді. Бес жыл өткен сол тойға енді өкініп жатыр *екеуі*. *Үшеуі* оңаша отыр. Ішінен мықты *үшеуін* таңдап алып, шұңқырға сал. Әлсіздеу *біреуін* үш көлікпен ауылға қайыр. *Екеуі* тракторға қалсын. Олар *төртеу*-ақ. *Жетеудің* кемтігін жаба ала ма? (Ғ. Мұстафин).

Қазіргі түркі тілдерінің көбінде жинақтық сан есімнің **-ау, -еу, -у** дыбыстық варианты қолданылады. Мысалға татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерін келтіруге болады. Сонымен бірге басқа түркі тілдерінде ол қосымшаның **-ав, -ов, -ев, -гу, -игу, -оо, -өө** сияқты т. б. дыбыстық варианттары да кездеседі. Бірақ қандай дыбыстық вариантта қолданылмасын, олардың түп негізі бір.

Жинақтық сан есім де — көне түркі тілінен келе жат-

қан сан есімнің семантикалық тобы. Оны академик А. Н. Кононовтың мына сөзінен көруге болады: «Жинақтық сан есім — заттанған сан есімдер есептік сандардан жинақтық — көптік көрсеткіштер арқылы жасалады: 1) **-гун, -ғун/ -г/-ғ+-н/** қосымшасы ескерткіште бір мысалда ғана кездеседі: *учагун/үшеуі/*. «Құдатқу білікте» (XI ғ.) бұл форма анықтауыштық қызметте қолданылады. Әрі қарай бұл қосымшаның фонетикалық дамуы мына жолмен өткен: **-ғун -гу, -ві, -в, -у -ү.**

2) **-н** қосымшасы **-ғун** қосымшасының құрамындағы жинақтық, көптік мағыналы көрсеткіш, ескерткіште жалғыз *екін ара* (екеуінің арасында) деген мысалда ғана кездеседі»[24], — дейді.

Қазақ зерттеушісі Ғ. Айдаров орхон жазба ескерткішінде жинақтық сан есім бар деп, оның жасалу жолын көрсеткен: «Жинақтық сан есім заттардың жиынтығын білдіріп, **-агу, -егу: үчегу** жұрнағы арқылы жасалады»,[25] — дейді.

Жинақтық сан есімнің қазіргі түркі тілдеріндегі тағы бір ерекшелігі оның қанша санға тарауына байланысты. Көпшілік түркі тілдерінде жинақтық сан бірден жетіге дейін болса, кейбір түркі тілдерінде татар, башқұрт, құмық тілдерінде бірден онға дейін жинақтық сан есім жасалады. Сөйтіп, түркі тілдерінде жинақтық сан негізінен бірден онға дейінгі санға қатысты, бірден онға дейінгі сандар жинақтық санның жасалуына негіз болады. Ол — көне замандардан басталып, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан тілдік құбылыс.

Жинақтық санның өзі жасалған есептік саннан айырмасы — олардың зат есімнің алдынан келіп, оны анықтаушы сөз ретінде тіркеспеуінде. Бұл қасиет басқа түркі тілдеріне де ортақ. Ал жинақтық сан есімдердің зат есіммен тіркеспеуі оның өзінің заттық ұғымды білдіруімен, заттық мағынасымен байланысты. Жинақтық зат есімнің жинақтық, заттық мәнін оның түрленуі де растайды. Жинақтық сан есім зат есім сияқты түрленеді. Әсіресе тәуелдік, септік жалғауларымен жиі түрленеді, сөйлемде де түрлі орында қолданыла береді. Мысалы: — Мектебінде ме? Парткомда ма? — *Екеуінде* де (Ғ. Мұста-

---

[24] *Кононов А. Н.* Грамматика языка тюркских рунических памятников VII—IX вв. С. 114.

[25] *Айдаров Г.* Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века.

фин). *Екеуі* — айыпкер, *біреуі* — тергеуші тәрізді, мерейі үстем отыр (Ғ. Мұстафин). *Үшеуін* бірден жүргізіп, керегінде күшті бірінен-біріне ауыстырып отырмақ. — Мінгіз ана атқа *екеуін* де! — деп қастарындағы жігіттерге бұйрық етті (М. Әуезов). *Екеуін* қалпақтай түсірді де, менің дәуімді бас салып, аузын буып, ала жөнелді. Жамал *екеуін* де түсіне қойған жоқ (Ғ. Мұстафин). *Екеуміз* бірден тойтығамыз жоқ па? (Ғ. Мұстафин). Маңыздана басып *үшеуі* де үйге қарай беттеді (Қ. Қайсенов).

ТОПТЫҚ САН ЕСІМНІҢ СӨЗЖАСАМЫ

Топтық сан есімдердің көне замандардан келе жатқан **-ер** жұрнағы бар. Бұл жұрнақ арқылы қазақ тілінде *бірер* деген жалғыз сөз ғана жасалады. Бірақ бұл жұрнақ басқа түркі тілдерінде қазақ тіліндегіден әлдеқайда өнімді қызмет атқаратыны байқалады. Осы жұрнақтың бірсыпыра түркі тілдерінде **-ар, -әр** дыбыстық варианттарымен қатар **-сар, -сер, -шар, шәр** варианттары да бар. Олардан татар, башқұрт, түрік, қарақалпақ, гагауз, қарачай — балқар тілдерін атауға болады. Ал осы қосымшаның бұл тілдерде қолданылу жайына келсек, қазақ тілінде топтық сан есімнің **-ер** қосымшасы арқылы жасалуына жалғыз бір сан есімі ғана негіз болса, басқа түркі тілдерінде топтық санға негіз болатын есептік сандар біздің тіліміздегідей санаулы емес, ол тілдерде бұл семантикалық топ біздің тілімізден өнімді. Кейбір түркі тілдерінде осы аффикстер арқылы онға дейінгі есептік саннан, ал кейбіреулерінде оннан кейінгі күрделі санға да жалғанып, олардан топтық сан есім жасайды. Түркі тілдерінің басым көпшілігіне тән бұл аффикстің қазақ тілінде бір ғана дыбыстық варианты және бір сөзде ғана сақталып, ол көнерген өнімсіз аффикске айналған және оның ешқандай топтау мағынасы сақталмаған.

Қазіргі қазақ тілінде топтық сан есім жасалатын негізгі көрсеткіш шығыс септік жалғауы. Шығыс септік жалғауы сөз жасаушы қосымшаға жатпайтыны белгілі, ол — сөздерді байланыстырушы қосымша. Бірақ бұл қосымша есептік санға қосылғанда, өзінің негізгі синтаксистік қызметін атқармайды, есептік санды сөйлемде басқа сөзбен байланыстыру қызметінде емес, есептік сан-

ға топтау мәнін қосады. Мысалы: Күніне *үшген, төрттен* бордақы семіз қойларды сойғызып, үйіткізеді (М. Әуезов). Неге екені белгісіз, Сикорский келген жігіттерді *жиырмадан* топтап, бөле бастады (Ғ. Мүсірепов). Абай бұл үйге кіргенде, әр үстелдің айналасында *екіден, үштен* отырып, кітапқа үңілген жандарды байқады (М. Әуезов). Бір күн отырып, *төрттен, бестен* жиып алып, барлығына бір түрлі іс тапсырды. (М. Әуезов). Сол күні екі жақтан *үшеуден* алты ғана кісі шақыртып алды (М. Әуезов).

Қайталама қос сөзден тұратын болжалдық сан есімдерден шығыс септік жалғауы арқылы топтық сан жасалады. Мысалы: Дәулетінің молдығы Нұртазаны жүз орап алатын Әлти жалшыны *екіден-үштен* емес, *елуден-алпыстан* жалдайды (С. Мұқанов). *Жүз-жүзден* шоғырланып аттанған жігіттер Амантай қосын айнала қоршаған кезде, туды Темірбекке ұстатып, Амантай да атқа мінді (С. Мұқанов). Жиренше мен Оразбай қастарына *бес-бестен* кісі ертіп, жақын отырған Керей мен Сыбанды екеуі екі жақтан аралап шықты (М. Әуезов).

Топтау саны, топтау ұғымы сан есімнен кейін тіркескен өлшем мағынасындағы *га, кг; метр, пұт, литр, центнер* т. б. сөздерге шығыс септік жалғауы қосылу арқылы да жасалады. Мысалы: Алдағы жылда гектарына *екі жүз центнерден* астық аламын (Ғ. Мұстафин). Гектарынан *жүз жиырма бес центнерден* алғанда, тары басын көтере алмай құлап қалған (Ғ. Мұстафин).

Морфологиялық құрамы жағынан топтық сан есімдерде дара және күрделі болады. Бұл топтық сан есімдердің жасалуына негіз болған есептік санның дара және күрделі болуына байланысты. Мысалы: он+нан, жүз+ден, алты+дан, төрт+тен, отыз+дан, елу+ден, жиырма бес+тен, жүз елу+ден, алпыс үш+тен, екі жүз елу алты+дан, бес+бес+тен, он+он+нан т. б.

Қорыта айтқанда топтық сан есім шығыс септік жалғауы арқылы есептік сандардан талғамай жасалады, топтық сан жасалатын есептік сандарға, оның құрамына шек қойылмайды, тек -ер жұрнағы арқылы топтық сан жасалуда ғана шек бар. Шығыс септіктің топтық сан жасаудағы қызметі өнімді, мағынасы жағынан алғанда, шығыс септік мұнда өз мағынасынан мүлдем айрылған, онда қимылдың басталар нүктесін білдіру мағынасы мүлдем жоқ. Топтық санда шығыс септік өз мағынасынан айрылып, заттардың сан мөлшерін топтап көрсетеді,

сондықтан оның синтаксистік қызметі де сақталмаған. Шығыс септіктегі сөз сөйлемде мекен пысықтауыш, кейде толықтауыш болса, топтық сан есімдер сын-қимыл пысықтауышы болады. Мысалы: *Қаладан* келді, *жақсыдан — шарапат*. Олар *он бес-жиырмадан* келеді. Келтірілген мысалдарда *қаладан* — мекен пысықтауыш, *жақсыдан* — толықтауыш, *он бес-жиырмадан* — сын-қимыл пысықтауыш.

Топтық сан есімдер сөз түрлендіруші қосымшалармен түрленбейді.

БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМДЕРДІҢ СӨЗЖАСАМЫ

Объективті өмірде зат, құбылыс атаулының барлық уақытта саны, мөлшері анық бола бермейді, сөйлеушіге заттардың саны нақтылы болмағанда, оның шама, мөлшерін болжалдап қана айту тілде кең орын алады. Осымен байланысты тілде болжалдық сан есімдер қалыптасқан. Тіліміздегі болжалдық сан заттың, нәрсенің санын дәл, нақты білдірмейді, тек шамамен, болжалдап қана оның сан мөлшерін білдіреді. Мұнда болжалдық санның жасалуына негіз болған сандық ұғым нақтылы өз мағынасын сақтай алмайды, өйткені заттың саны болжалдық санға негіз болып тұрған есептік саннан артық болуы да, кем болуы да мүмкін. Мысалы: Құдасының аулына Ұлжан *отыз шақты* кісімен келген (М. Әуезов). Бұл екеуінің елі жақын, *отыз-қырық шақырымдай* ғана жерде (С. Мұқанов). — Әрине, деді Мәлік, — со кезде ол үйде *мың жарымдай* жылқы, *екі-үш мыңдай* қойы бар екен (С. Мұқанов). Бір сиырдан *бес-он* литр сүт алғанша, *жиырма-жиырма бес* литр сүт алса, бір гектардан *бес-он* центнер астық алғанша, *жиырма-жиырма бес* центнер астық алса ішті жара ма? (Ғ. Мұстафин).

Келтірілген мысалдарда *отыз шақты* кісі дегенде кісінің нақты саны отызға жетпеуі де, отыздан артық болуы да мүмкін. Сонда *отыз шақты* дегендегі *отыз* дәл өзінің сандық мәнінде тұрған жоқ. Сол сияқты отыз-қырық дегенде де нақтылы сан *отыз бір, отыз үш, отыз бес, отыз жеті, отыз тоғыз, қырық, қырық екі* сияқты осы сандардың маңындағы нақтылы бір сан екені сөзсіз. Бірақ оны сөйлеуші дәл білмейді. Сондықтан *отыз-қырық* дегендегі сандар осы мөлшерде дегенді ғана білдіреді. *Мың жа-*

рымдай жылқы, *екі үш мыңдай* қой дегенде де олардың саны осы сандардың маңында, сондықтан *мың жарым, екі-үш мың* деген сандар сөйлемде дәл өз мағынасында тұрған жоқ. Қалған мысалдардағы *бес-он, жиырма-жиырма бес* дегендерде де дәл жоғарыдағы жағдай.

Сөйтіп, болжалдық сан есімдерде нақты сан мөлшер ұғымы жоқ, абстракты сан мөлшер ұғымы бар, бұл оның есептік саннан негізгі мағына айырмашылығы.

Болжалдық сан есімдер тілімізде өте жиі қолданылады, оның жасалу жолы жағынан да мүмкіндігі өте мол. Олардың жасалу тәсілін екіге топтауға болады, болжалдық сан есімдер синтетикалық және аналитикалық тәсіл арқылы жасалады.

БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМНІҢ СИНТЕТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Қазақ тілінде, сол сияқты басқа түркі тілдерінде болжалдық сан ғана жасайтын арнайы өзіндік аффикс жоқ. Бірақ басқа сөз таптарының қосымшалары болжалдық сан есімде мүлдем басқа, жаңа мән алғаны сөзсіз. Сондықтан сан есімге арналған зерттеулерде, оқулықтарда болжалдық сан есім жасаушы көрсеткіштер ретінде төмендегі аффикстер көрсетіліп жүр:

1. **-дай, -дей, -тай, -тей** аффиксі есептік сан есімге жалғанып, оған болжал мағынасын қосады: *алпыс-тай, қырық-тай, мың-дай, елу-дей, жүз-дей.* Мысалы: Үйшіктердің саны *он бестей* (С. Сейфуллин). — Әрине, — деді Мәлік, — сол кезде ол үйде *мың жарымдай* жылқы, *екі-үш мыңдай* қойы бар екен. Мектепте *төрт жүз елудей* бала оқуы керек (С. Мұқанов). Келтірілген мысалдардағы *он бестей, мың жарымдай, екі-үш мыңдай, төрт жүз елудей* дегендердің ешқайсысында заттың нақтылы саны айтылмаған, бұлардың бәрінде аталған санның шамасында, соған жақын деген ұғым бар. Бұдан шығатын қорытынды болжалдық сан жасаушы морфема негіз сөздің мәнін өзгертіп тұр. Мұнда сөзжасамға негіз болған есептік сандардың мағынасы өзгеріссіз қалған жоқ, сондықтан да бұның сөзжасамға жататын құбылыс екені күмәнсіз.

Тіліміздегі бұл морфеманың негізі сын есімнің **-дай, -дей, -тай, -тей** жұрнағы деп танылады. Сын есімде бұл

аффикстің салыстыру мағынасын беретіні белгілі: *таудай, үйдей, қақпақтай, темірдей* т. б. Ал болжалдық сан есімде оның салыстыру мағынасынан нышан қалмаған. Осы мағыналық ерекшеліктің өзі бұл көрсеткіштің тіліміздегі сан есімнің құрамында сөзжасам морфемасы болып қалыптасқанын көрсетеді. Бұл аффикс тек бір санына жалғанғанда ғана, өзінің сындық ерекшелігін сақтап, одан сын есім жасайды. Бірдей: *бірдей адамдар, кітап сөрелерінің биіктігі бірдей* т. б. Тағы бір ауытқу осы аффикстің **-лей** вариантының екінші деген реттік санмен қолданылуына байланысты. *Екіншілей* деген туынды сөз сан есімнен жасалғанына қарамастан, осы сөз табынан шығып, үстеуге ауысып кеткен. Қалған жағдайдың бәрінде ол аффикс есептік саннан болжалды сан есім жасайды. Өте өнімді жұрнақ, сан есімді талғамайды, сондықтан кез келген дара, күрделі есептік сандардан болжалдық сан есім жасайды: *ондай, бестей, қырықтай, елудей, мыңдай, жүздей, жүз елудей, алпыс бестей, жетпістей* т. б. Дегенмен бұл аффикстің тілде бірлік саннан гөрі ондық, жүздік, мыңдық сандармен жиі қолданылатыны байқалады.

Есептік сан көлемдік, мезгілдік зат есіммен тіркесіп, оның сан мөлшерін шамамен білдіргенде, **-дай, -дей** аффиксі сан есімге жалғанбай, мезгілдік, көлемдік зат есімге жалғанады; бірақ сан есімге болжалдық мән қосады: елу километрдей, он күндей, екі құлаштай, үш жұмадай, үш айдай, бес жылдай, бес килограмдай, 7 шақырымдай, төрт аптадай т. б.

2. Есептік сан есімге **-дап, -деп, -тап, теп, -лап, -леп** аффиксі қосылып, одан болжалдық сан есім жасайды. Бұл тәсіл арқылы жасалтын болжалдық сан есімге сандардың қайсысы болсын, негіз бола береді. Сондықтан **-дап, -деп** аффиксінің болжалдық сан есім жасау мүмкіндігі мол, өнімді аффикске жатады. Мысалы: *ондап, елулеп, жүздеп, мыңдап, үш жүздеп, екі мыңдап, он мыңдап, қырық-отыздап* т. б. Дегенмен, мұнда да бұл аффикстің ондық, жүздік, мыңдық сандардан болжалдық сан есім жасауы жиі кездеседі.

Көлемдік, мезгілдік заттардың болжалдық санын білдіруде аффикстің есептік санға жалғанбай, көлемдік, мезгілдік зат есімге жалғанып, болжалдық мағына беруі де бар: *үш айлап (кетеді), он күндеп (жатады), екі апталап (демалмайды), (күніне) екі жүз километрлеп (жүре-*

ді), жылдап (көрмейміз), жүз тонналап (тасиды), т. б.

-дап, -деп аффиксінің негізі етістікпен байланысты (-ла+-п), бірақ ол сан есім құрамында етістік, қимыл, көсемше мәнін сақтамаған. Есептік санға жалғанған **-дап, -деп** аффиксі мүлдем басқа мәнге ие болған, ол — болжалдық мағына, керісінше болжалдық мағына етістіктің **-ла,** көсемшенің **-п** жұрнағында жоқ. Сондықтан **-дап, -деп** аффиксі — сан есімнің, оның ішінде болжалдық сан есімнің көрсеткіші. Тілде бұл аффикс болжалдық мәнге ие болған, сондықтан ол сан есімнің сөзжасам жүйесіне жатады. Бұл аффикс арқылы жасалған туынды сан есім негіз сөз бен аффикстен тұрады: он+дап— негіз сөз+аффикс. Мысалы: Дәулетінің молдығы Нұртазаны жүз орап алатын Әлти жалшыны *екілеп-үштеп* емес, *елулеп-алпыстап* жалдайды (С. Мұқанов). Соның ішінде партияның, үкіметтің ерекше қаулысы бойынша *бес жүздеп, мыңдап* тобымен кететіндер бар (Ғ. Мұстафин). Алты совхозға *үш жүзден* трактор келеді (С. Мұқанов).

3. Есептік саннан **-даған, -деген, -таған, -теген** аффиксі арқылы болжалдық сан есім жасалады: *бестеген, жетілеген, қырықтаған, алтылаған, отыздаған, жүздеген, мыңдаған, қырық-елулеген, алпыс-жетпістеген, миллиондаған* т. б.

Шығу тегі жағынан **-даған, -деген** аффиксі де сан есімнің өзінен шыққан аффикс емес, ол етістіктің **-да** және есімшенің **-ған** аффиксінен қалыптасқан. Бірақ болжалдық сан есімнің қазіргі **-даған, -деген** аффиксінен етістіктің **-да** жұрнағы мен есімшенің **-ған** жұрнағының мәнін, мағынасын іздеу мүмкін емес. Олардың мағынасынан бұл құранды аффиксте із қалмаған. Сөйтіп, бұл аффикстер өз мағынасынан айрылып, жаңа мағынаға ие болған, сондықтан қазір **-даған, -деген** аффиксі — болжалдық сан есімнің тұрақты, өте өнімді көрсеткіші. Мысалы: Осы екеуінің өзі-ақ *миллиондаған* сом кірістер енгізіп тұр (Ғ. Мұстафин). Темір жолы салынбаған жерде *мыңдаған* көлік керек болатынын уайымдап еді. Ушаков оның алдына қазақтың *он мыңдаған* түйесін тосты (Ғ. Мүсірепов). *Жиырмалаған* жігіттер аттылардың алдын тосып, ілгерілей берді (Ә. Сәрсенбаев). Сол колхоздардың *жүз мыңдаған* малынан бұл иттер қапыда болмаса, қыр аңына мал бермейді (С. Мұқанов). Ағылшын орыс байларының *ондаған* жылда алған көмірін біз бір

жылда алуымыз керек (Ғ. Мұстафин). Жыл бойы осы жолда артық төгілген көліктері, жанар май, сынған арба, бүлінген машиналар *мыңдаған* сомдарды жұтып жатқанын айта келді (Ғ. Мұстафин).

4. Есептік сан есімнен көптік жалғауы да болжалдық сан есім жасайды. Жасы сол кезде *елу-алпыстарда* (С. Мұқанов). *Ондарға* келгенше, Асаубайдың өмірден алғаны да осы ғана еді (М. Тиесов). Бұл жолы кешкі сағат *сегіздерде* басталған мәжіліс түнгі бірден аса бітті (С. Мұқанов).

Көптік жалғаудың сан есімге тән аффикске жатпайтыны әркімге белгілі. Сан есім тіркескен зат есімге қазақ тілінде көптік жалғау жалғанбайды, өйткені заттың көптік мәні сан есімнен көрінеді. Мысалы: *екі мың қой, бес жүз жылқы, жүз түйе* дегендерде заттың көптік мәні нақтылы саны арқылы берілген. Тілдің ықшамдау заңдылығы оның екінші рет көптік жалғауы арқылы қайталануын артық деп тапқан, сондықтан зат есімдер сан есімнен кейін көптік жалғауын қабылдамайды. Сан мен заттың тіркесінде зат есімге жалғанбайтын көптік жалғаудың көптік мағына санынан көрініп тұрған сан есімге жалғануы оған көптік мағына беруден шықпаған және сан есімге көптік жалғаудың жалғануынан қалған қалдық та емес, өйткені сан есімдер көптік жалғауы арқылы түрленбейді. Олай болса, көптік жалғауының есептік сан есімге жалғануының өзі сөзжасам мақсатына қатысты шыққан.

Көптік жалғауының есептік сан есімге қосатын болжалдық мағынасында да болжалдық сан есімнің басқа көрсеткіштерінен айырма жоқ. Олар қандай болжалдық мағына берсе, көптік жалғау да сондай болжалдық мағына береді. Сондықтан есептік сан есімге қосылған көптік жалғауды да болжалдық сан есімнің көрсеткіші деп тану қажет, ол мұнда жұрнақтық қасиетке жеткен.

Түркі тілдерінде топтық мағынада қолданылатын -ер жұрнағының қазақ тілінде өзіндік ерекшелігі бар. Біздің тілімізде бұл жұрнақ өте өнімсіз, жалғыз бір сан есімнен ғана сөз жасай алады, басқа тілдерде ол өнімді қосымша, оны топтық сан есімдердің жасалуында айтқанбыз. Сонымен бірге бұл жұрнақтың беретін мағынасында да басқа тілдердегідей топтық мән жоқ, біздің тілімізде оның болжал мағынасы бар. Мысалы: *Бірер* адам машина қасында қалып, *бірер* адам ең жақын деген елге жаяу

кетті (С. Мұқанов). *Бірер* мыңды місе тұтпай, бес-алты мыңнан алмақ (Ғ. Мүсірепов). Алдағы *бірер* бесжылдықтың ішінде біздің облыстағы Сыр бойында үш жерден плотина құрылмақ (С. Мұқанов). Жұмысына *бірер* сағатқа екі-үш рет қана көрінеді де, басқа күндерде ол бұл маңайға жоламайды (С. Мұқанов). Шыдар ем күйіп, мен жанып, айында *бірер* көрсем де (Абай). *Бірер жүз* саудасына қарыз берсең, құрметтеп, не десең де, ұшып тұрар (С. Мұқанов). Сол жылы онда екі-үш-ақ құлынды бие, *бірер* ғана бұзаулы сиыр бар (С. Мұқанов).

Кейде бір сан есімнің өзінің де ешбір қосымшасыз болжал мағына беруі де кездеседі. Мысалы: Әлі бір бес жыл оқығым келеді (Ғ. Мүсірепов). Енді бір он жылдарда бұл жұмысты да бітіреміз ғой (С. Мұқанов).

БОЛЖАЛДЫҚ САН ЕСІМНІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛУЫ

Болжалдық сан есімнің аналитикалық тәсіл арқылы жасалуы да өте өнімді, оның өзі іштей бірнеше түрлі. Олардың негізгілеріне тоқталайық:

1. Есептік сандардың қосарлануы болжалдық мағына туғызады. Мысалы: Бұрын бір шығырмен *төрт-бес* гектар жерді суарып болғанша жан шыға жаздаса, енді *қырық-елу* гектарды қалай суармақсың (Ғ. Мұстафин). Мен санның он бес процентіне қосып, сапаны *жиырма-жиырма бес* процент көтерер едім. Бір сиырдан *бес-он* литр сүт алғанша, *жиырма-жиырма бес* литр сүт алса, бір гектардан *бес-он* центнер астық алғанша, *жиырма-жиырма бес* центнер астық алса ішті жара ма? Біз *қырық-елу* гектар ексек, әлденеше миллион сом кіріс енгізеді. Қасындағы қыз бала *үш-төрт* жастан артық емес. Сол ауыл, сол дауыс, жылы сөз, жаудыраған көздер бұдан *екі-үш* ай бұрын тағы да аттандырды (Ғ. Мұстафин).

2. Есептік сан есімдерге шылаулардың тіркесі арқылы болжалдық сан есім жасалады. Мысалы: Түбектің аумағы *қырық-елуге* жуық гектар. Жасы *отыз-қырық шамасында* (С. Сейфуллин).

1) Атау тұлғалы есептік сан есімге *шақты, шамалы, қаралы* септеулік шылаулары тіркесіп, оған болжалдық мағына қосады: *жүз шақты, мың қаралы, қырық шамалы.* Мысалы: Ауылдағы *отыз шақты* жігіттердің бітірген ісі алуан түрлі (С. Мұқанов). Барлығы *жүз шамасы*

адам болып қалды (С. Мұқанов). Екінші айтарым мынау, — деді Рахмет, — сіздің Алматыға журуіңізге *он бес шақты* күн бар (С. Мұқанов). Жаманшұбарда бас-аяғы *елу шақты-ақ* үй бар (С. Мұқанов).

2) *Артық, астам, аса, асқан* септеулік шылаулары есептік сан есімге тіркесіп, одан болжалдық сан есім жасайды. Ең білімді деген ғалымдар гектарынан *екі жүз* центнерден артық астық алу мүмкін емес дегенге бекіген еді (F. Мұстафин). Сайып келгенде, бұл жайлаудан құрылыс жұмысына *екі мыңнан астам* адам шықты (С. Мұқанов). Біздегі бір әйел жүз саулықтан *жүз жетпістен аса* қозы алды (F. Мұстафин). *Астам, аса, артық* шылаулары шығыс септіктегі есептік санға тіркеседі. Ол жоғарыдағы мысалдан көрініп тұр.

3) *Жақын тарта, таяу, жуық* септеулік шылаулары барыс септіктегі есептік санға тіркесіп, оған болжалдық мағына қосады: *жүзге жуық, мыңға тарта, елуге таяу, онға жақын, алпысқа тарта, сексенге жуық, мыңға таяу* т. б. Мысалы: Сойылдарын сүйреткен *жүз қаралы* адам бір бөлек топ, *үш жүзге таяу* адам бір бөлек топ болып тұр екен (F. Мүсірепов). Онда колхоз кітапханасына бас-аяғы *бес жүзге тарта* кітап сұралған (М. Иманжанов). Мынау он бесті қосқанда, *жүз шанаға жуық* жүк жеткізіледі екен (Ә. Сәрсенбаев).

4) Есептік санға *талай, бірнеше, әлденеше* сияқты белгісіздік есімдіктер тіркесіп, оған болжалдық мағына қосады. Мысалы: *бірнеше жүз жылдар, әлденеше мыңдаған адам, талай ғасырлар бойы, неше жүз жылдар* т. б. Әрине, есімдік сияқты сөз таптарының тіркесі контекске байланысты, сондықтан оларды сан есімнің сөзжасамына жатқызу қиын.

БӨЛШЕКТІК САНДАРДЫҢ СӨЗЖАСАМЫ

Бөлшектік сандық ұғым тілде бар, ол математика ғылымының дамуына да қатысты[26]. Бірақ соған қарамастан тілде бөлшектік санның арнаулы қосымшасы жоқ. Ол ұғым есептік сандардың белгілі синтаксистік қатысқа түсуіне байланысты беріледі. Мысалы: *оннан үш, төрттің бірі, үштің екісі, бестен бір* т. б.

Бөлшектік сандар құрамына қарай күрделі болып

[26] *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі: Морфология. 215-б.

келеді, өйткені оның құрамына бөлім және алым сан кіреді. Міне, осы екі сан тілде үш түрлі формада тұрып, бірімен-бірі тіркеседі:

1. Бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші компонент ілік септікте, екінші компонент тәуелдік жалғаудың үшінші жағында тұрып, бірімен-бірі тіркеседі: *бестің екісі, онның бірі, жүздің оны, мыңның жүзі* т. б.

2. Бөлшектік сан есімдердің құрамындағы бірінші компонент шығыс септікте, екінші компонент атау септікте тұрып, бірімен-бірі тіркесіп, бөлшектік сан ұғымын білдіреді: *төрттен бір, жиырмадан төрт, жүзден екі, мыңнан алпыс* т. б. Мұнда көбіне бөлігі деген сөз тіркесе қолданылады: Қітаптың *екіден бір* бөлігін оқыдым.

3. Бөлшектік санның құрамындағы бірінші компонент шығыс септік жалғауында, екінші компонент тәуелдік жалғауында тұрып тіркесіп, бөлшектік сан ұғымын білдіреді[27]: *екіден бірі, оннан үші, жүзден бірі* т. б.

4. Бөлшектік сандар *жарым, жарты, ширек* сөздерінің есептік сандармен тіркесуі арқылы жасалады[28]: *мыңжарым, жарты мың, миллиард жарым, жарты миллион, бес жарым, үш ширек* т. б.

---

[27] Сонда.

[28] *Хасенов Ә.* Қазіргі қазақ тіліндегі сан есімдер. 32-б.; *Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А.* Қазақ тілі. Алматы, 1982. 131-б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінің сөз таптарының бірі сан есімнің қалыптасқан сөзжасам жүйесі бар. Сан есімнің сөзжасам жүйесі тым ерте қалыптасқан. Қандай да болмасын сөз табының сөзжасам жүйесі белгілі сөзжасамдық элементтер негізіне құрылады. Сол сияқты сан есімнің сөзжасам жүйесінің де негізгі элементтері бар. Оларға алдымен сандық атаулардың өзі жатады, өйткені сандық атауларсыз басқа ешбір сан атаулары жасалмайды. Бұл сан есім сөзжасамы арқылы жасалған күрделі есептік сандарға да, сан есімнің лексика семантикалық барлық топтарының жасалуына да толық қатысты. Сонымен бірге сан есімнің сөзжасамдық элементтеріне оның қосымшалары жатады. Ол қосымшалардың тек сан есімнің өзіне ғана қатыстылары да бар, басқа сөз табының қосымшаларының да сан есімнің лексико-семантикалық топтарын жасаушы морфема қызметінде қолданылуы тағы бар.

Сан есімнің сөзжасам жүйесінде оның сөзжасамдық элементтерінің қолданылу заңдылықтары қалыптасқан. Сан есімде сандық атаулар қалай болса, солай жасала бермейді, сандық атаулар сан есімнің сөзжасам элементтерінің белгілі тәсілдер бойынша тілде қалыптасқан модельдермен сөзжасамдық типтер арқылы жасалған. Бұл сан есімнің сөзжасам жүйесінің қалыптасқан өзіндік сөзжасамдық заңдылықтары, жолдары, тәсілдері барын көрсетеді.

Сан есімнің сөзжасам жүйесінің басқа сөз таптарының сөзжасам жүйесінен өзіндік ерекшеліктері де мол. Сан есімнің сөзжасам заңдылықтары бойынша сан есім сөз жасамында негіз сөз қызметінде тек қана сан есім

сөз қолданылады, өйткені сан есім басқа сөз табынан жасалмайды, оның басқа сөз таптарынан сан есім жасайтын жұрнақтары жоқ. Сан есім сөзжасамы сан есімнің өз ішінен сыртқа шықпайды. Сан есім басқа сөз таптары сияқты күнде жаңа сөздермен толығып, жаңа сандық атаулар тілге үнемі қосылып отыратын сөз табы емес, сан есім сөзжасамының сөзжасамдық қызметі тұйықталған, бұл тұрғыда да сан есім басқа сөз таптарынан ерекше. Сан есім сөздерінің ішіндегі *миллион, миллиард, триллион* сияқты жекелеген сөздерді есептемегенде, сан есім байырғы сөздерден тұрады, олар көне замандардан келе жатқан сандық атаулар, сан есімнің құрамы басқа тілден енген сөздер арқылы үнемі толығып отырмаған. Ал орыс тілінен кірген 2—3 сандық атаулар тілге кейінірек енген, сондықтан ол жүйелі құбылысқа жатпайды. Сан есімнің сөзжасам жүйесі түркі халықтарының орхон жазба ескерткіштері кезеңінің өзінде белгілі дәрежеде қалыптасқан. Сол кездің өзінде бірліктердің, ондықтардың, жүздіктердің, мыңдықтың аты болған. Сол сияқты күрделі сан атауларының жасалу моделі де болған. Бірақ сан атаулары, күрделі сандардың жасалу модельдері дәл сол қалпында сақталды деуге болмайды. Мысалға ондықтардың ол кезде екі атауы болған: *екон-жиырма, үчон — отыз, төртон — қырық* т. б. Ондықтардың осы атауларының әрқайсысының өзіндік қолданылу орны болғанына қарамастан, тілде бұлардың қазір біреуі ғана сақталған. Қазіргі біздің тілімізде қолданылып жүрген ондықтардың атының көбі — бұрын күрделі сандар, бірлікпен араласа қолданылатын ондықтардың аты. Ал бірліксіз таза ондық қалпында қолданылатын ондықтардың аты тілде сақталмай (кейбір түркі тілдерінен басқа да) қолданудан шығып қалған.

Қазіргі қазақ тілінде *түмен* деген сан атауы сақталмаған, оның орнына он мың деген күрделі сан атауы қолданылады. Басқа тілден тілімізге енген сан атаулары да бар, олар: *миллион, миллиард, триллион.* Сөйтіп, орхон жазба ескерткіштері кезеңінен бері біраз сандық атаулар тілден шығып қалып, біраз сандық атаулар қосылған. Өзгеріс тек дара сан атауларына ғана қатысты емес, сонымен бірге күрделі сандардың моделінде де болған. Қазіргі тілімізде бірлік пен ондық аралас күрделі сан атаулары ондық+бірлік моделі бойынша жасалады: *он бір, отыз бес, қырық екі, алпыс жеті* т. б. Орхон жазба

ескерткіштерінің тілінде алдымен бірлік, содан кейін ондық аталған және ол ондық әлі толмаған, келесі ондықтың аты болған. Ондық пен бірлік аралас күрделі сандардың келесі ондыққа жақындау моделі қазіргі түркі тілдерінің ішінен тек сары ұйғыр тілінде ғана сақталған[1]. Қалған түркі тілдерінде күрделі санның жасалуының бұл моделі сақталмаған. Бұдан сан атаулары мен олардың жасалу жолында орхон жазбаларынан бергі кезеңде біраз өзгеріс болса да, оны түбегейлі өзгеріс деуге келмейді. Сан есімнің сөзжасам жүйесі орхон жазба ескерткіштері кезеңінің өзінде біршама қалыптасқан болса, одан бергі кезеңдерде ол аздап екшеліп, толығып, дамып, әбден қалыптасқан тұрақты жүйеге айналған.

Сан есімнің сөзжасам жүйесі әуел бастан-ақ аналитикалық тәсіл негізінде құралған. Санаудың алғашқыда *үштік, бестік, тоғыздық* сияқты жүйелері болғаны ғылымда дәлелденген. Мысалға чукот тілінде алтыдан онға дейінгі сан бес пен керек бірліктердің қосындысынан жасалады. Мұны санаудың бестік жүйесі дейді[2]. Қазіргі тілдерге ең көп тараған — санаудың ондық жүйесі. Француз тілінде онымен бірге жиырмалық жүйе де кездеседі, оны кельт субстратының әсерінен қалыптасқан деп санайды[3]. Санаудың ең көне жүйелерінен бастап, бір сан мен екінші санның қосындысы я көбейтіндісі үшінші сандық атау жасаған. Оған түркі тілдеріндегі бірсыпыра ондықтардың аты да дәлел бола алады. Міне, сондықтан да біздің тілімізде дара сандық атаулар санаулы ғана болып, сан есім негізінен күрделі сандық атаулардан тұрады. Миллионға дейінгі сандарда 999980 күрделі сан атаулары бары оған толық дәлел.

Күрделі сан атаулары тілде белгілі модельдер арқылы жасалған. Зерттеу нәтижесі миллионға дейінгі күрделі сандардың тілімізде 58 модель арқылы жасалғанын көрсетті. Еңбекте осы 58 модель түгел беріліп, әр модель арқылы қандай күрделі сан жасалатыны айтылды. Күрделі сандардың жасалуы тілдегі жалпы күрделі сөздің жасалуымен ұштаспай қоймайды, өйткені күрделі сандар да күрделі сөзге жатады. Сондықтан күрделі сөздердің жасалуына тірек компонент негіз болса, ол заңдылық

---

[1] *Тенишев Э. Р.* Строй сарыг-югурского языка. С. 72.

[2] *Панфилов В. З.* Философские проблемы языкознания. М., 1977. С. 212.

[3] Сонда.

күрделі сандардың жасалуына да ортақ. Міне, сондықтан әр модельдің белгілі тірек компоненттері болады да, оған қосылатын ауыспалы компонент болады. Бір тірек компонент түрлі ауыспалы компонентпен тіркесіп, бірнеше күрделі санның жасалуына негіз болады. Тілімізде тоғыз жүздік атау бар, олардың жасалуында жүз саны тірек компонент болып, ол тоғыз бірліктің әрқайсысымен тіркесу арқылы жүздіктердің атын жасаған. Жүздіктердің әр аты жасалғанда, тірек компонент өзгерген жоқ, өзгерген — тек бірліктер. Мысалы: *бір жүз, екі жүз, үш жүз, төрт жүз, бес жүз, алты жүз, жеті жүз, сегіз жүз, тоғыз жүз.* Бұл күрделі сан атаулары Б×Ж моделімен жасалған. Мұнда тірек компонент біреу ғана. Бұл барлық модельге ортақ белгі емес. Көптеген модельдерде тірек компонент бірнешеуден де бола береді. Ондай модельдерде тірек компоненттер көп болғанымен, олардың сөзжасамдық қызметінде ешбір айырма болмайды.

Мыс.: жүздіктер мен бірліктерден жасалатын күрделі сандардың моделін алайық. Ол еңбекте Б×Ж+Б моделі арқылы берілген. Бұл модель арқылы жасалатын күрделі сандарға тоғыз тірек компонент негіз болады. Олар — тоғыз түрлі жүздіктердің атауы. Осы тоғыз тірек компоненттің бірліктермен тіркесіп, күрделі сан жасауында бірінен-бірінің ешбір айырмасы жоқ. Мысалы, екі жүз санына бірліктерді қосып, қалай күрделі сан жасаса, үш жүз саны да, қалған жүздіктер де дәл солай күрделі сан жасайды. Сондықтан тоғыз жүздік санның атауы бір модельдің тірек компоненттері болады.

Бір тірек компонент бірнеше модель арқылы жасалатын күрделі сөздерге негіз бола береді, өйткені ол мүлдем басқа ауыспалы компоненттермен күрделі сөз жасайды. Мысалы: *жеті жүз екі, жеті жүз он, жеті жүз он сегіз* т. б. Мысалдағы күрделі сандар үш модельмен жасалған, жүздіктердің бірліктермен, ондықтармен, ондық пен бірлік аралас сандармен тіркесуінен басқа-басқа күрделі сандар жасалады, сондықтан олар үш түрлі модельге жатады. Бірақ осылардың бәрінде күрделі сан жасауға негіз болатын, түрлі сандармен тіркесетін тірек компоненттер — үш модельдің бәріне ортақ тоғыз жүздік сан.

Қорытындыда тағы да сан есімнің лексико-семантикалық топтарының жасалуын сан есімнің сөзжасам жүйесіне жатқызуымыздың себебіне тоқтала кетейік. Тіл білімінде, оның ішінде түркология мен қазақ тіл білімінде

сөздің лексикалық мағынасын түрлендіретін жұрнақтар көп талас тудырып жүр. Біз осы еңбекте сан есімнің лексико-семантикалық топтарының жасалуын сөзжасамда беруді дұрыс деп санадық.

1. Сан есімнің лексико-семантикалық топтары сандық ұғымның түрлеріне байланысты бөлінеді. Мәселен, заттың санын нақтылы атау мен оның сандық шамасын, мөлшерін білдіру бір емес. Мысалға *он кітап* дегенмен *он-онбес кітап* дегендегі сандық ұғымдар мүлдем басқа. *Он* — нақтылы сандық атау, ол нақтылы санды білдіреді. Ал *он-он бес* деген нақтылы санды емес, *он* мен *он бес* шамасында деген болжал сандық ұғымды білдіреді. Сол сияқты *алты* мен *алтыншы* да бір ұғым емес, екі түрлі ұғым. Алты нақтылы сан атын білдіреді, алтыншы заттың рет санын білдіреді. Мысалға *алты үй* мен *алтыншы үй* дегендегі үйдің саны бір емес, өйткені алтыншы үй дегенде әңгіме бір үй туралы. Сол сияқты *он-ондап* келіп жатыр дегенде заттың жалпы саны емес, бір топтың саны *он* екені айтылған. Міне, сан есімнің семантикалық топтары түрлі-түрлі сандық ұғымды білдіреді. Буларды бір ұғымды білдіретін сөздің сөйлемнің қажетіне қарай формасын түрлендіруімен салыстыруға болмайды, олардан мүлдем өзгеше.

2. Сан есімнің есептік саннан басқа түрлері нақтылы саннан басқа сандық ұғымдарды білдіретін болғанмен, олардың жасалуына да есептік сандар негіз болады, есептік сандардың қатысы арқылы жасалады. Осыған қарап, сан есімнің түрлі семантикалық топтарының көрсеткіштерін сөз формасын жасаушы қосымшалар деп санау дағылымда кездеседі. Мысалы: *бес, бесеу, бесінші, бестеген, бестеп, бес-бестен* т. б. Осы мысалдарда бес деген есептік сан басқа сандық ұғымдардың жасалуына негіз болып тұр, бірақ бір негіз сөзден, нақты бір сандық ұғымнан түрлі сандық ұғымдар жасалған, олардың әрқайсысының өзіндік мәні бар. Оларды үйдің, үйге, үйді, үйде, үйден дегендегі бір лексикалық мағыналы сөздің түрлі формада қолданылуымен салыстыруға болмайды. Алғашқы мысалдарда түрлі сандық ұғымды білдіретін сөздерді көрсек, соңғы мысалдарда бір заттық ұғымды білдіретін, бір лексикалық мағыналы сөздің түрлі грамматикалық мағынада, түрлі формада қолданылуын ғана көріп отырмыз. Олай болса, есептік санның сан есімнің түрлі семантикалық топтарының жасалуына негіз болуы

оның түрлі сөз формаға түсуі деп танылуына тірек бола алмайды. Ол бір түбірдің түрлі туынды сөзге негіз болуы тұрғысынан қаралу керек, өйткені есептік сандардан түрлі сандық ұғымдар жасалады, соған орай сан есімнің түрлі лексико-семантикалық топтары жасалады. Ал есептік санның түрлі мағыналық топтың жасалуына негіз болуынан оларда мағыналық байланыстың болуы — заңды құбылыс. Сөзжасам заңдылығы бойынша бір түбірден қанша туынды сөз жасалса да, олардың бәрінде мағыналық байланыс болады. Сондықтан сан есімнің мағыналық топтарының мағыналық байланысы да дәл осы тұрғыда қаралу керек.

3. Сан есімнің лексико-семантикалық топтары сияқты мағыналық топтары басқа сөз таптарында да бар. Мысалға есімдік, етістік, үстеуді алсақ, олардың бәрінде де бірнеше мағыналық топтар бары белгілі. Солардың қайсысының болсын мағыналық топтары сөздің лексикалық мағынасына қарай жіктеледі. Сан есімнің мағыналық топтары да — дәл сондай құбылыс. Сондықтан сан есімнің түрлі мағыналық топтарын жасайтын морфемалар да — сөзжасамдық элементтер. Сан есімнің мағыналық топтарының жасалуы сөзжасамға жатады.

4. Сан есімнің мағыналық топтары грамматикалық категория емес, ол еш уақытта грамматикалық категория деп саналған да емес, сондықтан бұл жөнінде талас жоқ. Бірақ қосымшаларды таптастырумен байланысты реттік, жинақтау т. б. сан есімнің мағыналық топтарының қосымшаларын сөзжасам жұрнақтарына қоспай, сөз формаларын жасайтын қосымшалар тобына жатқызу кездеседі. Ал сөздің грамматикалық формаларын жасаушы қосымша белгілі бір категориялардың көрсеткіші болуы міндетті екені тіл біліміндегі талассыз мәселелерге жатады. Бұл арада сан есімнің мағыналық топтарының грамматикалық категорияға жатпайтыны қандай анық болса, оның көрсеткіштерінің сөз формасын емес, лексикалық топтар жасауы сондай анық. Қазақ тілінде сан есімнің лексикалық топтарын сөзжасамға жатқызатын ғалымдар да көпшілік[4]. Олай болса, бұл қосымшалардың сөз жасамға жататыны да даусыз болуға тиіс.

Сөйтіп, сан есім сөзжасамы өзіндік ерекшелігі мол, өте ерте қалыптасқан тілдік жүйелі құбылысқа жатады.

---

[4] *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі: Морфология. 202-б.; *Төлеуов Ә.* Сөз таптары. Алматы, 1982. 56-б.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз 3
Сөзжасам туралы жалпы түсінік 5
Сан есімнің сөзжасам жүйесі туралы 19
Сан есімнің сөзжасам тәсілдері 28
Есептік сандардың сөзжасамы 35
Реттік сан есімнің сөзжасамы 84
Жинақтық сан есімнің сөзжасамы 86
Топтық сан есімнің сөзжасамы 88
Болжалдық сан есімдердің сөзжасамы 90
Бөлшектік сандардың сөзжасамы 96
Қорытынды 98

Нуржамал Оралбаева

СИСТЕМА СЛОВООБРАЗОВАНИЯ ЧИСЛИТЕЛЬНЫХ
В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом
Института языкознания Академии наук Казахской ССР

Рецензенты: кандидаты филологических наук
А. Ибатов, Ж. Балтабаева

Редакция меңгерушісі *Т. Б. Беркімбаев*
Редакторы *С. Айтмұхамбетова, З. Егеубаева*
Көркемдеуші редакторы *Л. Г. Мироненко*
Суретшісі *Н. Ф. Чурсин*
Техникалық редакторы *Л. Ю. Уляницкая*
Корректоры *С. О. Каймолдина*

ИБ № 2610

Теруге 9.10.87 тапсырылды. Басылуға 9.03.88 қойылды. УГ11034.
Форматы 84×108 1/32. Тип. қағ. № 1. Гарнитурасы әдебиеттік.
Басылымы күрделі. Шарт. б. т. 5,46. Шарт. бояу көлемі 5,62.
Есепке алынатын баспа табақ 5,16. Тираж 1000.
Заказ 213. Бағасы 1 с.

Издательство «Наука» Казахской ССР
480100, Алма-Ата, Пушкина, 111/113
Типография издательства «Наука» Казахской ССР
480021, Алма-Ата, Шевченко, 28

+ com.